

Н. Нұғыманова
Қ. Күліпбаева
Р. Бекіш

ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

ӘДІСТЕМЕЛІК
НҰСҚАУ

Жалпы білім беретін мектептің
8-сынып мұғалімдеріне арналған құрал
Өңделіп, толықтырылған үшінші басылымы

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы “Мектеп” 2012

УДК 373(072)

ББК 74.266.3

Н85

Нұғыманова Н., т.б.

Н85 Дүниежүзі тарихы: Өдістемелік нұсқау: Жалпы білім беретін мектептің 8-сынып мұғалімдеріне арналған құрал / Н. Нұғыманова, Қ. Күліпбаева, Р. Бекіш. — Өңд., толықт. 3-бас. — Алматы: Мектеп, 2012. — 144 б.

ISBN 978—601—293—660—5

Н $\frac{4306010600-083}{404(05)-12}$ 22(2)—12

УДК 373(072)
ББК 74.266.3

© Нұғыманова Н., Күліпбаева Қ.,
Бекіш Р., 2004

© “Мектеп” баспасы, көркем
безендірілуі, 2012

Барлық құқықтары қорғалған
Басылымның мүлкітік құқық-
тары “Мектеп” баспасына тиесілі

ISBN 978—601—293—660—5

АЛҒЫ СӨЗ

Ұсынылып отырған әдістемелік құрал жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған “Дүниежүзі тарихы” (1640—1914 жж.) оқулығына лайықталып жазылды.

Әдістемелік нұсқауда мұғалімдердің білімі мен іскерлігін ескере отырып, әр тақырыпты оқытудың мақсаты және сабақтың білімдік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттері басшылыққа алынды. Білімдік мақсатында аталған пән бойынша терең білім беруді қамтамасыз ету, дүниежүзі елдері туралы жалпы тарихи түсінік қалыптастыру, өткенді қайталау, бекіту кезеңдерін ұйымдастыру әдіс-тәсілдері қамтылған.

Оқушылардың ойын дамыту және іскерлігін, қабілетін ұштау үшін сабақ кезінде оқулық мәтінімен өздік жұмыстар орындауға назар аударылды.

Тақырыптарды жоспарлау, сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын және белсенділігін арттыру мақсатында ойындар қарастырылды. Сабақтың тиімділігін арттыру үшін әдістемелік құралда тақырыптық кестелер, сызбалар, қосымша деректер беріліп отыр. Мұғалім оларды сабақтың барысында өз ыңғайына қарай пайдалана алады.

Сабақтың көрнекілігі ретінде қолданылып жүрген тақырыптық карталарды, диафильмдер мен диапозитивтерді, интерактивті тақталарды да мүмкіндігінше пайдалану ұсынылды.

Ұсынылып отырған құралда әдістемелік ізденістердің соңғы жетістіктері, сондай-ақ мұғалімдер мен әдіскерлердің тәжірибелері ескерілді.

I бөлім. XVII—XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІ

§ 1. АНГЛИЯДАҒЫ КАПИТАЛИЗМНІҢ ЖЕҢІСІ ЖӘНЕ ОРНЫҒУЫ

Сабақтың мақсаты

Оқушыларға революция қарсаңында болған өзгерістерді өңгімелей отырып, аграрлық сала негізінде реформалар жасалғанын, шаруалардың екіжақты қыспаққа ұшырағандығын түсіндіру. Ағылшын революциясының себептерін аша отырып, елдегі әлеуметтік, саяси және діни мәселелердің шиеленісуі ағылшын буржуазиялық революциясына жол ашып, халықтың жаппай бас көтеруіне әкелгендігін, Англия республикасының ішкі саяси-экономикалық жағдайының дағдарысы, елде жаңа заңдар мен реформаларды жүргізуді қажет еткендігін айту. Оқушылардың өзіндік саяси шығармашылық белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

Тақырыпта қаралатын мәселелер:

1. Англиядағы капитализмнің жеңісі және орнығуы.
2. Революция қарсаңында Англиядағы өзгерістер.
3. Өнеркәсіп орындарында болған өзгерістер.
4. Елдегі әлеуметтік, саяси, діни мәселелер.

Революция қарсаңындағы Англия. Ағылшын революциясы жаңа буржуазиялық-демократиялық кезең белегіне қадам басты. Орта ғасырлар мен жаңа ғасыр аралығының мөнін ашып, жаңа капиталистік қатынастардың дамуына негіз болған бірқатар өзгерістер енгізілді. Ағылшын буржуазиялық революциясының нәтижесінде жария етілген талаптармен бірге буржуазиялық бостандық, жаңа экономикалық тәртіп қалыптаса бастады.

Тақырыпты оқытуда оқу материалдарын толық игеру үшін қажетті білім мен дағдыларды меңгерген жөн. Осындай мақсаттарды іске асыруда дидактикалық-әдістемелік міндеттерді пайдалану сабақ сапасын арттырады.

Тақырыптың толық мазмұнын ашу үшін 2 сағ-тық сабақ жоспары ұсынылады.

Сабақ жоспары

1. Революция қарсаңындағы Англия.
2. Ағылшын революциясының себептері.
3. Англиядағы азамат соғысы.

Көрнекі құралдар

Карта, кесте, сызба, безендірулер.

Жетекші идеялар мен негізгі түсініктер

Ағылшын қоғамында пайда болған жұмысшы табының мүддесі; ауылдық жерлерде қалыптасқан феодалдық құқық пен корольға бағынышты жер иелерінің билеп-төстеуіне қарама-қайшылықтың тууы; ағылшын буржуазиялық революциясы арқылы елдің феодалдық құрылымының капиталистік қатынасқа және демократиялық құрылысқа қадам жасауы.

Маңызды оқиғалар:

- | | |
|-----------------------------------------|-------------------------------------------|
| 1628 ж. | — “Құқық жөніндегі петиция” құжаты. |
| 1639 ж. | — Шотландиямен соғыс. |
| 1640 ж. | — Ағылшын революциясының басталуы. |
| 1640 жыл, 13 сәуір —
5 мамыр | — “Қысқа парламент”. |
| 1640 жыл, 3 қараша | — “Ұзақ парламент”. |
| 1640 жыл, желтоқсан | — “Түп және тармақтар жөніндегі петиция”. |
| 1641 жыл, желтоқсан | — “Ұлы ремонстрация”. |

1. Революция қарсаңындағы Англия, революцияның себептері және оның маңызы.

Тақырыпты түсіндіруге кіріспестен бұрын мұғалімнің оқушыларға төмендегідей сұрақтар қоюына болады.

1. Орта ғасырлар тарихынан қандай буржуазиялық революцияны білесіңдер? (1566—1609 жж. Нидерланды буржуазиялық революциясы.)
2. Неге бұл революция буржуазиялық деп аталады? (Себебі, ол феодалдық құрылысқа қарсы шықты, капиталистік қатынастардың тууына негізделді.)
3. Революцияның қоғамға қатысы қандай? (Өлеуметтік революция қоғамда төңкеріс жасап, бір құрылысты екінші құрылыспен алмастырады.)
4. Буржуазиялық революция жаңа заман тарихынан бастап оқымай, неге орта ғасырлар тарихынан басталып оқылады? (Себебі, ағылшын буржуазиялық революциясының басталуына Нидерландыдағы буржуазиялық революция әсер етті.)

Осы сұрақтардан кейін жаңа тақырып және оның міндеттерін ашып әңгімелеу басталады.


Сабақ сұраққа жауап алу арқылы оқушылармен әңгіме ретінде өткізілгені дұрыс.

Бұл әдіс оқушыларға XVII ғасырдағы Англиядағы феодалдық қатынастың тууын, феодалдық құрылыстың белгілерін білуге, тақырыпты түсініп оқуға көмектеседі.

Содан кейін революция қарсаңындағы Англия экономикасына тоқталып, өнеркәсіп орындарында және ауыл шаруашылығында болған бірқатар өзгерістерді ашып айтқан жөн.


Оны тақтаға мынадай сызбамен көрсету керек.

1-сызба



Ағылшын революциясының пісіп-жетілуіне діни мәселелердің шиеленісуі де әсер етті.

2-сызба




Мұғалім осындай кестелерді пайдалана отырып, Англиядағы революцияның қалыптасу қайшылықтары туралы толығырақ әңгімелейді, мазмұнын ашады.

Қорыта келгенде, ағылшын буржуазиялық революциясы орта ғасырларда діни негізде құрылған Еуропадағы соңғы революциялық қозғалыс еді, — дей отырып, революция қарсаңындағы Англияда корольдық абсолютизм мен феодалдық құрылысқа халықтың наразы болғанын әңгімелеу.

2. Англиядағы революцияның себептері.

Англиядағы революцияның себептерін ашпастан бұрын парламент деген сөздің мағынасына түсінік беру керек.

Парле (франц. *parler*) — сөйлеу деген сөз. XIII ғасырда Англияда алғаш құрылған өкілдер мекемесі.




Бірақ сол кездегі парламент құқық жөніндегі петиция құжатын талқылаумен ғана айналысқанын мұғалім ашып түсіндіруі керек.

Парламент жөнінде толық мәлімет бере отырып, революцияға дейін парламенттің ешқандай көрнекті маңызы болмағанын, күннен-күнге елдің ішіндегі әлеуметтік-экономикалық жағдай нашарлағанын, корольдың салығына наразылық күшейгенін өңгімелейді.

Мұғалімнің өңгімесі:

I Карл тарап кеткен парламентті шақырады, бірақ оның ғұмыры өте қысқа болғанын білесіндер (1640 ж., 13 сәуір — 5 мамыр, “Қысқа парламент”). 1640 ж. I Карл тағы да қарашаның 3-інде қайта жаңа парламентті шақырды. Ол “Ұзақ парламент” деген атаумен тарихта қалды. Осы парламенттің шақырылуы ағылшын революциясының басы еді, — дей келіп, тақтаға сызбаны іледі және бағдарламаларымен таныстырады.



1642 жылы қаңтардың 10-ы күні король солтүстікке шегініп, тамыз айында парламентке қарсы азамат соғысын жариялады.

3. Англиядағы азамат соғысы.

Бұл мәселені семинар ретінде өткізуге болады. Оқушы белсенділігін арттыруда мұның маңызы айрықша.

Оқушылардың белсенділігін арттыру үшін бір топты екіге бөліп, олардың арасынан жетекшілер тағайындау керек. Бірінші топ — баяндамашы десек, екінші топ олардың оппоненті болып белгіленеді. Бұл тәсілдің тиімділігі сол — оқушылар өздері бір-біріне сұрақ қойып, жауаптарын толықтырып, бағаны да өздері қояды.

1. Мәселенің тақырыбы және мақсаты таныстырылады.

Англияда бүкіл халық екі топқа бөлінді. (Оқушылар 2-ге бөлінеді.)

I топ. Парламентті жақтаушылар — қала қолөнершілері, саудагерлер, ерікті шаруалар, джентрилер.

Топтың аты — “*Домалақбастылар*”.

II топ. Феодалдық-абсолюттік құрылысты жақтаушылар — ақсүйек тектілер, солтүстік феодалдары мен дворяндары, ауыл қолөнершілері, дін иелері.

Топтың аты — “*Кавалерлер*”.

Екі топтың да өз оппоненттері бар, олар өз топтарына сұрақ қойып отыруға құқылы.

I топ — “Домалақбастылар” жетекшісі өз тобының мақсаттары мен міндеттерін айта келіп, өздерінің негізгі қозғаушы күші — халық екенін мәлімдейді.

Оппоненттерінен сұрақ.

1. *Азамат соғысы қарсаңында парламент қандай қызмет атқарды?*

Жауап. Парламент буржуазиялық дворян оппозициясы бағдарламаларының орындалуына шаралар қолданды.

2. *Жұлдызды палата мен Жоғарғы комиссия соттары өз қызметтерін неге тоқтатты?*

Жауап. Феодалдық ауыр салық — “кемелік қаржыны” жою үшін.

3. *Парламент өз күресінде, негізінен, кімдерге сүйенді?*

Жауап. Халықтық қозғалыстарға.

II топ — “Кавалерлер” жетекшісі сабақта өз тобының міндеттері мен мақсаттарын айтады. Бұл топ та оппоненттерінің сұрақтарына жауап беруден бастайды.

1. *Парламенттік корольдың мығым отырмауына не себеп?*

Жауап. Оның үйретілген армиясы болмады және халық түгел қолдамады.

2. *Негізгі шайқас қай жерде болды?*

Жауап. 1645 жылы маусымның 14-інде Нейзби түбінде болды.

3. *“Домалақбастылармен” болған шайқас немен аяқталды?*

Жауап. I Карл солтүстікке қашып, кейіннен шотландықтарға тұтқынға беріледі.

Жүргізуші мұғалім. Кавалерияны жеңгеннен кейін 1646 жылы ақпанның 24-інде тәуелділердің корольдық қамқорлықтан жерге меншік жүйесін алмастыру, феодалдық-корольдық тәуелділікті біржолата жою жөніндегі акті парламентте бекітіледі. Буржуазия мен жаңа дворяндардың жекеменшік құқығын иеленуі, феодалдық меншікті буржуазиялық меншікке айналдыру барысында парламент жетекшілері ағылшын шаруаларын жерге деген құқығынан айырды.

Халық топтары революцияның әрі қарай дамуы үшін аянбады.

Енді мұғалім солшыл революциялық күштер армиясы туралы түсіндіргенде сызбалық көрнекілікті пайдалана отырып әңгімелеуі керек.

1-кесте

Левеллерлер саяси партиясы (1646—1647 жж.)

Идеясы	Табиғи құқық доктринасы, халық теңдігі
Жетекшілері	Дж. Лильберн, У. Уолвин, Р. Овертон
Мақсаттары	Демократиялық заңдардың орындалуын жүзеге асыру
Міндеттері	Халық алдындағы жауапкершілігі, парламенттің үстінен бақылау, лордтар палатасының жойылуын қарастыру

Сабақта 2-топтың мүшелері өздерінің даярлап, конспектілеп келген жауаптары мен өз ойларын айтады, демек, 1647 жылдан бастап ағылшын революциясы жаңа буржуазиялық-демократиялық кезеңге қадам басқанын оқушылар нақтылайды.

Оппоненттерден сұрақ.

Республика жарияланғаннан кейін, халықтың жағдайы неге нашарлап кетті?

Жауап. Соғыс нәтижесіз болды және басқару билігінде көп кемшіліктер жіберді.

Бірінші топ дайындап келген конспектілері бойынша 1646 жылы “Шынайы левеллерлердің” немесе “диггерлердің” жаңа қозғалысы туралы айтады.

Ал екінші топ 1649 жылы О.Кромвель “теміржондылар” деп атаған армиясы туралы әңгімелейді және картадан шайқас болған жерлерді көрсетеді.

Оппоненттері сұрақ қоя отырып жауаптарын толықтырып отырады.

I топқа сұрақ:

1. *“Шынайы левеллерлер” қозғалысының мақсаты не?*

Жауап. Теңдік орнату, жердің қоғамдастырылуын, қанауды жою.

2. *Диггерлердің жетекшісі кім?*

Жауап. Ланкаширлік саудагердің ұлы Джерард Уинстэнли.

3. *Бұл қозғалыс немен аяқталды?*

Жауап. Буржуазиялық республика әскерлері оларды таратып қуып жіберді, диггерлер абақтыға жабылды.

II топқа сұрақ:

1. *О. Кромвель “теміржондылар” армиясын басшылыққа алып, өздерінің басқыншылық соғыстарын Ирландиядан бастауының себебі неде?*

Жауап. Біріншіден, игерілген ирланд жерін тонап, жаңа топтар байыды. Екіншіден, Ирландияны осылайша тонау халықтық революциялық армияны жалдамалы және қырып-жоюшы армияға айналдырды.

2. *Кромвель қандай жетістіктерге жетті?*

Жауап. Англияның, Ирландияның, Шотландияның өмірлік лорд-протекторы болып тағайындалды.

3. *1688 жылы желтоқсанның 18-інде Вильгельм Оранский Лондонға басып кіріп, король болып жарияланғаннан кейін, Англияда қандай өзгерістер болды?*

Жауап. Ғасырға созылған бұл күрес мемлекеттік төңкеріс жасады. Негізгі құжат — “Құқықтар туралы билль” енді.

Англия парламенттік монархияға айналды. Король вето құқығын жоғалтты, парламентсіз заң шығара алмады. Құқық жөніндегі декларация қабылданды. Онда халық корольға өз наразылықтарын білдіруге құқықты болды және тақ мұрагерлігі тәртібін өзгерте алды.

4. Ағылшын революциясының ерекшелігі неде? Ол өз мақсатына жетті ме?

Жауап. Революция Англияда капитализмнің дамуына маңызды қадам жасады. Жаңа капиталистік қатынастардың дамуына негіз болған бірқатар заңдар парламент арқылы ұсыныла бастады. Елде тектілік артықшылық тойтарылып, абсолютизм жойылды, азаматтық қоғам қалыптасты. Сөйтіп, ағылшын революциясы өз мақсатына жетті.

Осымен сабақты қорытып, бекітуге болады. Бұл семинар сабағының басқа сабақтардан айырмашылығы — сынып оқушылары сабаққа түгел қатысады.

Сабақтың даярлық барысында оқушылардың бір тобы өздігінен ізденіп, материалдар жинауда жауапкершіліктері арта түседі.

Ал қалған топ оппонент болуға тырысып, сұрақтар мен оған алынатын жауаптың қысқаша мазмұнын дәптерлеріне жазуға талаптанады.

1. Капитализмнің дамуына не кедергі болды?
2. Буржуазиялық революция қандай міндеттерді шешуі керек еді?
3. Революцияның жеңіп шығуына қандай таптар мен топтар мүдделі болды?
4. Революцияның идеялық дайындығы қалай жүрді?

Қорытындыда оқушыларға тестік әдіспен 1-параграфтың сұрақтарына жауап әзірлеп (дұрыс және жанама) келу тапсырылады немесе мұғалім өзі келесі сабаққа тест құрауды ұсынады.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Джентри ...

- а) қала;
- ә) жер үлесі;
- б) шаруашылық;
- в) дүкен қожайындары;
- г) орта және шағын жер иеленуші.

2. Шіркеуді епископтар мен шіркеу соттары билігінен, діни жоралар мен құпиялардан тазартуды жақтаушылар қалай аталды?
- а) лютерандар;
 - ә) кальвинистер;
 - б) католиктер;
 - в) пуритандар;
 - г) христиандар.
3. Англияда пуритан шіркеуі қалай аталды?
- а) католик;
 - ә) лютеран;
 - б) пресвитерлік;
 - в) кальвинист;
 - г) христиан.
4. Тұрғындардың қалған бөлігі дін әлемінде толық бостандық, еркіндік болуын жақтағандарды қалай атады?
- а) джентрилер;
 - ә) индипенденттер;
 - б) левеллерлер;
 - в) пуритандар;
 - г) кальвинистер.
5. Екі апта уақыт жұмыс істеп, артынан таратылған парламент Англия тарихында қандай атпен қалды?
- а) “Қысқа”;
 - ә) “Ұзақ”;
 - б) “Пуритандық”;
 - в) “Орта”;
 - г) “Корольдық”.
6. Король I Карл 1642 жылдың қаңтарынан 10-ы күні парламентке жариялады:
- а) таратылуы туралы;
 - ә) шақыру туралы;
 - б) парламенттің демалысқа кетуі туралы;
 - в) Отан соғысын;
 - г) Азамат соғысын.
7. “Кавалерлер” салт аттылары кімнің жақтаушылары?
- а) дворяндардың;
 - ә) қала тұрғындарының;
 - б) буржуазияның;
 - в) шаруалардың;
 - г) корольдың.
8. “Домалақбастылар” кімнің жақтаушылары?
- а) корольдың;
 - ә) шіркеудің;

- б) кедейлердің;
- в) қала тұрғындарының;
- г) парламенттің.

9. Индепенденттердің жетекшісі — ...

- а) I Карл;
- ә) Генерал Монк;
- б) Т. Мор;
- в) О. Кромвель;
- г) Лорд Ферфакс.

10. Нейзби елді мекенінде шайқас қай жылы болды?

- а) 1635 ж.;
- ә) 1625 ж.;
- б) 1645 ж.;
- в) 1655 ж.;
- г) 1615 ж.

§ 2. XVIII ҒАСЫРДАҒЫ РЕСЕЙ

Сабақтың мақсаты

XVII—XVIII ғасырлардағы Ресейдің ішкі-сыртқы жағдайына сипаттама беру.

XVII ғасырда Ресейдің әлеуметтік-экономикалық жағдайы ауыл шаруашылығының дамуымен байланысты болғандығын атап көрсету. Сондай-ақ Ресейдің даму жөнінен алдыңғы қатарлы Еуропа елдерінен артта қалу себептерін ашып беру.

I Петр тұсындағы мемлекеттің өнеркәсібінде маңызды өзгерістер болғандығы және Солтүстік соғыстың салдары шаруаларға ауыр міндеткерлік тудырғаны жайлы баяндау. Әсіресе I Петр енгізген әлеуметтік-экономикалық өзгертулер мен реформалардың мәнін түсіндіру.

Оқушыларды жеке адамдар мен қайраткерлердің атқарған қызметіне баға беруге, көпбасшылыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар

XVII—XVIII ғасырлардағы Ресей картасы, диафильмдер, кесте, сызба, I Петр туралы фильмдер. Хроникалық кесте құрастыру.

Мұғалімнің тапсырмасымен оқушылар Ресейдің XVII—XX ғасыр патшалары туралы материалдар жинап, бірлесе отырып сызба мен кестелер әзірлейді.

Ресейдің XVII—XX ғасырлардағы патшалары

№	Патшалар	Билік құрған жылдары	Маңызды оқиғалар
1	Михаил Федорович	1613—1645	Романовтар әулетінің негізін қалады
2	Алексей Михайлович	1645—1676	
3	Софья Алексеевна	1682—1689	Новодевичье монастыріне қамалды
4	I Петр	1682—1725	1700—1721 жылдардағы Солтүстік соғыс, Балтық теңізін Ресейге қаратып, Ресейді империяға айналды
5	I Екатерина	1725—1727	“Сарайлар төңкерісі” дәуірі жасады.
6	I Петр	1727—1730	Елді А. Меншиков басқарды
7	Анна Иоановна	1730—1740	“Бироншылдық” кезең
8	Елизавета Петровна	1741—1761	Петрдің кемелері жағада тұрып шіріді
9	III Петр	1761—1762	Ресей патшалығының орнына Пруссия генералдығын жоғары бағалады
10	II Екатерина	1762—1796	Қара теңізді Ресейге қаратты. 1773—1775 жж. Е.И. Пугачев көтерілісін басты
11	I Павел	1796—1801	
12	I Александр	1801—1825	1801 ж. Грузияны басып алды. 1815 ж. “Елизавета” кемесі пайда болды
13	I Николай	1825—1855	Декабристерді жазалады. Императорлық кеңес енгізді. “Еуропаның жандармы” деген атақ алды.
14	II Александр	1855—1881	1861 ж. басыбайлылық құқықты жойды.
15	III Александр	1881—1894	Елде реакциялық қара түнек орнады.
16	II Николай	1894—1917	Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысты. Ең соңғы патша

Сабақтың түрі

Аралас сабақ.

Сабақ жоспары

1. XVII—XVIII ғасырлардағы Ресей.
2. XVIII ғасырда Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуы.
3. XVIII ғасырда Ресейдің ішкі және сыртқы саясаты.
4. I Петр және оның өкіметі.
5. I Петр реформалары.
6. Солтүстік соғыс және оның нәтижелері.
7. Феодалдық басыбайлы шаруашылықтың ыдырауы және халықты қанаудың күшеюі.
8. Қорытынды.

Жетекші ұғымдар мен негізгі түсініктер

Мануфактуралық өндіріс, жеке мұралық, отарлау, топтасу, дворяндық сословие, оппозиция, посадтар мен шаруалар, ұсақ тауарлы өндіріс, самодержавиелік аппарат, рекруттық жүйе, жұмылдыру.

Маңызды оқиғалар:

- 1715 ж.** — өкіметтің жарлығы бойынша зығыр, сора себу ұлғайтылды.
- 1714 ж.** — жеке мұралық туралы жарлығымен барлық дворяндар меншік жеріне шаруалар жері кіріп, помещиктік жекеменшікке айналды.
- XVIII ғ. басында** — I Петр әлеуметтік-экономикалық өзгертулер, реформалар енгізді.

Сабақты XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі Ресейді Батыс елдердің мануфактуралық өндірістік дамуы және ауылшаруашылық өнімдері жағынан салыстырып бастауға болады.


Мұғалім бұл тақырыпты 2 сағ-тық жоспармен жүргізеді. Тақырыптағы 1-, 2-, 3-мәселелер бір сабақта, 4-, 5-, 6-, 7-, 8- мәселелер екінші сабақта қамтылып түсіндіріледі.

Өткен сабаққа шолу жасап болған соң, тақырыптың бастапқы мәселесіндегі XVII—XVIII ғасырлардағы Ресейдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын баяндай отырып, Ресейдің мануфактуралық өндірісінің дамуы мен ауылшаруашылық өнімдері жағынан Батыс елдерінен көп артта қалу себептерін дәптерлеріне жазғызады. Мұғалім оқушылармен біріге отырып, XVII—XVIII ғасырлардағы Ресейдің жағдайына талдау жасап, капиталистік өндіріс белгілерінің мәнін нақтылайды, артта қалу себепін ашады.

XVII—XVIII ғасырлардағы Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуы

	Саяси жағдайы	Ауыл, мал шаруашылығында	Өнеркәсіпте
1	Капиталистік өндіріс элементтері өте әлсіз болды	Өндірістің өсуі жер өңдеудің есебінен өсті	Қолөнер мен ұсақ тауарлы өндіріс нарығындағы сұранысты қамтамасыз етпеді
2	Батыс елдерден техникалық, экономика жағынан артта қалды	Ресейдің оңтүстік аудандарында және Украинада қой өсіру дамыды	Басыбайлы құрылыстың белгілері қалыптаса бастады
3	Ресейде феодалдық қатынастардың сарқыншақтары сақталды	Зығыр мен сораға сұраныс өсті	Мануфактуралық өндіріс салалары өсті (металлургия, металл өңдеу, кеме жасау, қару-жарак, тоқыма өнеркәсіптері)
4	Капиталистік өндірістің элементтері енді	1714 ж. жеке мұралық туралы жарлық қабылданды	
5	Оңтүстіктегі құнарлы жерлерде жер өңдеу кеңейтілді		
6	Қара топырақты емес аудандардан алым алынды		
7	Шаруалар барлық жұмысқа жұмылдырылды		

Бұл жарлықтардың артықшылықтары мен салдарын оқушылар оқулықты пайдалана отырып анықтайды. Бұл тақырыптың алғашқы 3 мәселесін түсіндіргеннен кейін жаңа сабақтағы келесі мәселелерді I Петрдің реформаларынан бастауға болады. Оны мұғалім оқушыларға мынадай кесте арқылы түсіндіруіне болады.



I Петр реформалары

1. Әскери реформа	1) Дворяндық жасақтар, тұрақты атқыштар әскерін құрды; 2) Ресейдің бұрынғы қарулы күштер ұйымы өзгеріске ұшырады; 3) Дондық, украиндық, жайықтық, жергілікті казактар ұйымы және ережеге бағынбайтын ұлттық құрамалар құрылды; I Петр армиясында 126 полк, саны — 200 мың. 4) Мемлекетте артиллериялық зеңбірек өндірісі, оқ-дәрі, қару-жарақ жасау өсті.
2. Салық реформасы	1) Армия ұстауға, қарулы күшке, үздіксіз соғыс жүргізуге, мемлекеттік аппаратты ұстауға; 2) Кәсіпшілік алым (балық аулау, монша, диірмен); 3) Мемлекеттік монополияға (тұзға, темекіге, майға).

3. Басқару мен өкімет органдары реформасы	<ol style="list-style-type: none"> 1) 1699 ж. I Петр жарлығымен Боярлық думаны жойып, Сенат құрды (заң шығарушы, атқарушы және сот); 2) Тыңшылық институтын енгізді; 3) 1717—1718 жж. приказдар жүйесі коллегиямен ауыстырылды (істерді қарау және шешу); 4) Мемлекетті басқару үшін (шенеуніктер, тұрақты армия, күшті әскери-теңіз флоты, саяси іздестіру органдары).
4. Шіркеу реформасы	1721 ж. Діни коллегия құру туралы патша манифесі.
5. Мәдениет пен тұрмыс саласындағы реформалар	<p>Мектептер ашылды</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) 1701 ж. Сухарев мұнарасында Математика ғылымдарының мектебі; 2) Петербургте Теңіз академиясы; 3) Инженерлік, медициналық, кеме құрылысы, штурмандық және қолөнер мектептері; 4) 1703 ж. “Арифметика” математикалық энциклопедиясы, авторы Навигация мектебінің мұғалімі Л. Ф. Магницкий; 5) Цифрлық мектептер — солдат мектебі. Онда рекрут балаларынан унтер-офицерлер; 6) Кітап шығару. Жаңа литермен басылған алғашқы кітаптар 1708 ж. жарық көрді; 1710 ж. I Петр жаңа қаріпті енгізді; 1714 ж. Мемлекеттік кітапхананың негізін қалады; 1703 ж. “Ведомости” газеті шыға бастады; 7) Петербургтегі Кунсткамера — алғашқы орыс музейі болды; 8) Петербургте Ғылым академиясы ашылды.

I Петрдің жүргізген өзгертулері жарияланып, бекітіліп жарғыларымен, регламенттермен, бұйрықтармен толықтырылып отырылды. Мұғалім реформалар Ресейдің экономикалық, саяси, мәдени дамуына әсерін тигізді, бірақ өз мақсатына жете алмады дей келіп, I Петр тұсындағы тап күресі мен қайшылықтардың себептерін, салдарын ашып көрсеткен жөн.

I Петрдің сыртқы саясаты туралы мәселені түсіндіруде картаны, тарихи құжаттарды пайдалана отырып Ресейдің

теңізге шығу үшін жүргізген үздіксіз соғыстарының халықаралық жағдайына тигізген әсерін ашып көрсету қажет. Түркия мен Ресей 30 жыл мерзімге келісімге келгендігі, содан соң Ресейдің Швецияға 1700 жылы 9 тамызда соғыс жариялағандығы әңгімеленеді.

Солтүстік соғыс тақырыбы бойынша мұғалім оқулықты пайдаланып маңызды оқиғаларды, соғысушы елдердің мақсаты барысында талдау жасатады.

Маңызды оқиғалар:

- 1700 ж., 8 тамыз** — Швед королі XII Карл 15 мыңдық әскерін Копенгаген қабырғасына түсіреді.
- 19 қараша** — шайқас болып, орыс әскерлері жеңілді.
- 1700 ж., желтоқсан** — Шереметьевті әскерлерімен шведтерге қарсы жаңа операция жасауға жіберді.
- 1702 ж.** — 18 мың әскерімен Шереметьев швед генералы Шлиппенбахтың 7 мыңдай әскерін жақын орналасқан Эрстфер қыстағында тас-талқан етіп жеңді.
- 1702 ж., маусым** — Шереметьев Гуммельсгоф түбінде Шлиппенбахқа екінші рет күшті соққы берді.
- 1702 ж., күз —**
- 1703 ж., көктем** — орыс әскерлері Нева жағалауларын шведтерден тазартты.
- 1703 ж.** — Ресейдің жаңа астанасы болған Санкт-Петербург қаласының негізі қаланды.
- 1709 ж., қыс** — Мәскеуде орыс әскерлерінің Полтава және Лесная түбіндегі жеңісі салтанатты түрде атап өтілді.
- 1705 ж., шілде —**
- 1706 ж., наурыз** — Астраханда салық төлеуші адамдар мен атқыштар көтерілісі болды.

— Шереметьев әскерлері Астраханнан кейін ұрыссыз Красный Яр мен Гурьевті алды. Донда, Украина Слабодасында және Еділ бойында халық қозғалыстары болды.

Осындай оқиғалар кезеңдеріне сипаттама беріледі. Дегенмен де бұл көтерілістің өкіметтің ішкі саясатына әжептәуір әсер еткендігін ашып, бірқатар уездерде салық жинау тоқтатылғаны, ал кейбір міндеткерліктер мүлдем алып тасталғандығын айтып, сабақты бекітуге болады.

Сабақ соңында, Солтүстік соғысқа қорытынды жасап оның мәні мен басқа соғыстан айырмашылықтарын ажыратып келу, қосымша материалдар дайындауға үйге тапсырма беріледі.

§ 3. XVIII ҒАСЫРДАҒЫ СОЛТҮСТІК АМЕРИКА

Сабақтың мақсаты

Еуропалықтардың Солтүстік Американы отарлай бастауының себептерін аша отырып, солтүстік және оңтүстік отарлар шаруашылығында қалыптасқан ерекшеліктер туралы айту. Тәуелсіздік үшін күрестің алғышарттары, пісіп-жетілгендігін түсіндіру. АҚШ мемлекеті революциялық жолмен құрылған тұңғыш демократиялық республика екендігін әңгімелеу. Бостандық пен құқыққа қысым жасаушыларға айыптаушылық көзқарас қалыптастыру.

Сабақтың түрі

Дәріс сабақ.

Көрнекі құралдар

Дүниежүзінің саяси картасы, сызба, кесте, техникалық құрал.

Сабақ жоспары

1. XVIII ғасырдағы Еуропалық державалардың Солтүстік Америка құрлығын отарлауы.
2. Отарлардың әлеуметтік-экономикалық дамуы.
3. Америкада басқарудың олигархиялық түрінің орнығуы.
4. Америкада өз еңбектерінің арқасында меншікке қол жеткізген орта таптың қалыптасуы.

Сабақтың тақырыбын, жоспарын, мақсатын айтқаннан кейін, көрнекіліктерді пайдалана отырып мазмұны баяндалады. XVIII ғасырдағы Солтүстік Америкадағы отарлар кестесін түсіндіруден бастауға болады. Бұл тақырыптағы бірінші мәселе бойынша мына кесте құрылды.

5-кесте

Отарлар	Қай жерлер жатты?	Қандай қатынаста болды?
1. Корольдық (төздік)	Виргиния, Нью-Йорк	Жоғары меншік иелеріне — корольға немесе лордқа салық төлеп тұрды
2. Жекеменшік	Солтүстік және Оңтүстік Каролина, Пенсильвания, Мэриленд, Джорджия, Дэлавер, Нью-Джерси	Англияның ірі феодалдары отар жеріне толық қоныстануға және үндістермен бейбіт қатынаста болуға мүдделі болды
3. Ұжымдық	Нью-Гемпшир, Массачусетс, Род-Айленд, Коннектикут (жаңа Англиядағы меншік иелеріне берілмеген жерлер)	Америкаға қоныс аударған діни қауым мүшелері жатты

Отарлардың үш түрге бөлінгендігі, оларға қатысты жерлерді осылай көрсете, түсінік бере отырып, оқушы дәптеріне жазғызу керек. Оның алдындағы мәселеде Солтүстік Америкадағы отар және ондағы билік пен Виргиниядағы қоғамдық құрылым және әлеуметтік қатынасты да сызба арқылы баяндауға болады.

6-сызба



2-мәселе бойынша отарлардың әлеуметтік-экономикалық дамуы жайлы әңгімелей отырып, феодализмнің Солтүстік Америкаға кеңінен қанат жая алмағанының себебі сол кезде феодалдық жерге деген олардың толық құқығы болмауы деп түсіндіреді.

Плантациялық шаруашылықта құлдардың еңбегінің маңызы зор болғандығы жайлы кеңірек тоқталады.

7-сызба



XVII ғасыр мен XVIII ғасырдың бірінші жартысында еркін отаршылар жағдайы еуропалықтарға қарағанда

жақсы болды, себебі ол кезде Еуропаны үздіксіз соғыстар шайқалтқандығы жөнінде баяндалады.

Отаршылардың тыныш өмір сүргендігін, көптеген артықшылықтарын ашып көрсетеді. Мысалы, олар король отбасын және ақсүйектерді қаржыландыруға жұмсалатын салықтарды төлеуден босатылып, қорғаныс шығындарын өз мойындарына алғаны туралы айтады.

Сабақ барысында Америка қоғамының алғашқы даму сатысының маңызды ерекшеліктері ашылады және америкалықтардың негізгі бөлігі өздерінің табанды еңбегі арқасында меншікке қол жеткізіп, орта тапқа айналғандығын білуге болады. Ал еркін отаршыларды метрополия билігіне бағындыру қиын болғандығы жайлы, бостандық пен құқыққа қысым жасаушыларға қарсы төзімсіз қатынас қалыптасқандығына назар аудартады.

АҚШ-тың құрылуы. Сабақта тәуелсіздік үшін болған соғыс, Солтүстік Американың құрылуы, мемлекет болып орталықтануына революцияның маңызды рөл атқарғандығы жөнінде айтылады.

Америка революциясын оқыту үшін ағылшын революциясынан алған білімдері оқушыға қажет болады. Бұл білім олардың мемлекеттерді салыстыруға және олардың ішкі саяси жағдайларын анықтап, пікірлерін дәлелдеу үшін керек.

Маңызды оқиғалар:

1774 ж., қазан — тұңғыш Құрлықтық конгресс шақырылған еді.

1787 ж. — федералдық конституция қабылданды.

1788 ж., маусым — жаңа конституция күшіне енді.

1791 ж., қараша — конгресс қабылдаған "Адам құқығы туралы билль" жүзеге асырыла бастады.

Бұл сабақта мұғалім оқушыларға оқулықтағы "Тәуелсіздік декларациясынан" үзінділер оқып беруден бастауға болады. Содан кейін отар елдердің тәуелсіздік қозғалысы халықтық қозғалысқа айналып, тәуелсіз ел болуға ұмтылғанын нақтылау үшін оқушыларға сұрақтар қойылады.

1. Отарлар қысымы жайлы декларацияда жағдайларды растайтын деректерді айтыңдар.
2. Декларация қабылдаудың негізі неде?
3. Конгресс делегаттары декларацияда қандай шешімдерге келді?

Тағы да қосымша сұрақтар беру арқылы құлдықты жою туралы Джефферсонның ұсынысын Құрлықтық конгресс делегаттарының қолдағаны нақтыланады.

1. “Тәуелсіздік декларациясы” қарсаңындағы АҚШ туралы айтқанда XVIII ғасырдың ортасына қарай отарлар шаруашылық жағынан өскенін, ендігі жерде олардың метрополиялардың жабдықталуына тәуелді болмауы түсіндіріледі. Сонымен қатар көптеген өзгерістер болғандығын кесте арқылы көрсетеді.

6-кесте

Америка революциясы нәтижесіндегі өзгерістер

Мезгілі	Өзгерістер
1763 ж.	Батысқа қоныс аударуға тыйым салынды
1764 ж.	Басқару аппаратын қаржыландыру үшін кедендік салықтар енгізілді
1765 ж.	Тұрақты әскерді ұстау үшін 10 мың солдат Америкада пәтерге орналастырылды. Шығындарды жабу үшін гербтік салық туралы акт қабылданды
XVIII ғ. 70-жылдары	Партизан соғысы өріс алды. Гербтік салық кедендік салықпен ауыстырылды
1770 ж., 5 наурыз	Бостонда қалалықтардың британ солдаттарымен қақтығысы болды
1773 ж.	Ағылшын тауарларына бойкот жарияланды. “Бостондағы шай ішу” оқиғасы
1774 ж.	Филадельфияда тұңғыш Құрлықтық конгресс болып, отарлардың өзін-өзі басқару құқығы туралы айтылды

2. Тәуелсіздік үшін болған соғыс барысын басынан аяғына дейін бірнеше нұсқамен оқытуға болады.

1. Карта бойынша түсініктеме беру арқылы.

2. Әңгімелеу тәсілімен.

3. Оқулық абзацтарын оқыта отырып талдау.

4. Көрнекіліктерді, қосымша материалдарды пайдалана отырып баяндау, “Тәуелсіздік декларациясына” талдау жасаудан басталады.

1776 жылы шілдеде қабылданған “Тәуелсіздік декларациясы” жөнінде декларацияның мақсаттары, принципі айтылады.

Енді соғыстың барысы карта бойынша түсініктеме беру тәсілімен баяндалады. Мұғалім оқушыларға төмендегі кестені толтыруда оқулықпен жұмыс істеуді ұсынады.

Соғыстар


Мезгілі	Қай жерлерде болды?	Немен аяқталды?
1775 ж.		
1776 ж. күзде		
1777 ж. күзде		
1778 ж.		
1780 ж.		
1781 ж., 19 қазан		
1783 ж., 3 қыркүйек		

Америка Құрама Штаттары тәуелсіз мемлекет ретінде танылды, бұл келісімшарттың нәтижесінде Испания Флориданы алып, Канада Англияның иелігінде қалғандығымен соғыс тақырыбын аяқтауға болады.

Енді жас республиканың құрылымындағы болған өзгерістермен таныстыру керек.

8-сызба





Тәуелсіздік алғаннан кейін АҚШ-тың құрылысы ағартушылық кезеңнің саяси идеяларын іске асырды және басқа революцияларға, француз революциясына қарағанда, американ революциясының артықшылығы болды. Ол — террордың болмауында. Маңызы сол кезеңдегі феодалдық-монархиялық Еуропаға ешқандай революциялық күйзелістер әкелмеді, өзінің сыртқы саясатында идеологиялық емес, прагматикалық ұғымды басшылыққа алды деп, тәуелсіздік үшін күрестің маңызын бекітуге болады.

Үйге тапсырма. Оқулық және қосымша материалдарды пайдаланып 1791 жылғы Конституцияға енгізілген 10 өзгеріске сипаттама беру тапсырылады.

§ 4. ҰЛЫ ФРАНЦУЗ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯСЫ

Сабақтың мақсаты

Білімдік: XVIII ғасырдағы Францияның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы өзгерістерге тоқтала отырып, 1789 жылғы революцияның басты жетістіктерін ашу.

Дамытушылық: яacobшiлдер үстемдiгi республиканың қауiпсiздiгiн қамтамасыз етiп, елдегi барлық қарулы күштерге өзгерiстер енгiзгендiгiне тоқталу.

Тәрбиелiк: оқушылардың назарын елдегi бостандық пен құқықтық қысымжасаушылық әрекеттердi болдырмау, қайшылықтарды түсiнуге шақыру.

Сабақ жоспары

1. Кiрiспе.
2. Революцияның басталуы және XVIII ғасырдың соңына дейiнгi Францияның әлеуметтiк-экономикалық, саяси дамуы.
3. Француз буржуазиялық революциясы:
 - а) революцияның басталуы, барысы;
 - ә) құрылтай жиналысы, конституция.
4. Монархияны құлату және республиканы жариялау.
5. Яacobшiлдер диктатурасының құрылуы.
6. Революцияның мәнi.

Мұғалiм өзiнiң кiрiспе сөзiнде француз буржуазиялық революциясының маңызын түсiндiредi. Түсiндiрудi бастамастан бұрын Нидерланды, АҚШ, Англияда болған буржуазиялық революцияның тарихи маңызынан сұрақтар қояды. Оқушылар жауабында Нидерланды революциясының жергiлiктi тұрғындар үшін маңызды болғанын, Солтүстiк Америка құрлығын еуропалық державалардың отарлауы, капиталистiк өндiрiс дамуындағы экономикалық өсу, феодалдық қатынастарды жойып, алдыңғы қатарлы зиялы қауымдардың шыққандығына жағдай жасағандығын айтады.

Мұғалiм әрi қарай француз революциясының басқа революциялардан айырмашылығын, оның бүкiлiлемдiк тарихи маңызын ашып түсiндiруi керек.

XVIII ғасырдың соңындағы шексiз монархиялық билiк ендi дворяндар мен дiншiлдердiң мүдделерiн қорғайтын капитализм дамуына тежеу болған реакциялы күшке айналғандығын айтады.

Революцияға дейiнгi жағдайына сипаттама бере отырып, Франциядағы феодалдық құрылымның ерекшелiктерi, ағарту iсi және оның француз революциясын дайындаудағы рөлiн түсiндiредi.

2-мәселе бойынша мұғалiм оқушыларды сабаққа тарту мақсатында Францияның революцияға дейiнгi әлеуметтiк-экономикалық, саяси дамуын әнгiмелеуден бастау керек.

Ауыл шаруашылығында	Өнеркәсібінде	Саудада
1. Дворяндар мен діншілдердің жерге артықшылықтары болды	1. Өнеркәсіп пен сауданың еркін дамуын өнеркәсіптің ұсақ цехтық ұйымдастырылуының тежеуі	1. Отарлары, ішкі сауданың үлкен бөлігін және сауда кешенін қаратып алу
2. Жер иелерінен шаруалардың бөлініп шығуы	2. Ішкі саудада еңбекшілерге ең төменгі ақылар төлеу	2. Ішкі кедендік өтемақыны алып тастау
3. Шаруаларды жерге бекіту	3. Қымбатшылық пен шикізаттың жетпеуі ауыл шаруашылығының құлдырауына әкелді	3. Жер иеленушілерге жер, көлік, жол үшін салықтардың салынуы
4. Шаруаларды қанауда мемлекеттік салықтар, шіркеуге төленетін салықтың күшеюі	4. Ең жоғары және арзан ағылшын тауарларының бәсекелестігі	4. Біртұтас құқықтық жүйенің болмауы
5. Түскен өнімнің бір бөлігін тартып алу		5. XVIII ғасырдың екінші жартысында Францияның өз отарының көп бөлігінен айырылуы

Елдің табиғаты, климаттың қолайлылығы, өзендердің мол суы, кең алқапты орман, жер байлығы, халықтардың еңбекқорлығы нәтижесінде Франция XVII ғасырдың екінші жартысында Еуропадағы ең ірі державаның біріне айналды. Ол тек қала халқы санының көптігімен емес, сол кездегі Еуропадағы басқа елдермен салыстырғанда мәдениеті жағынан да көш ілгері болатын. Франция мәдениеті әдебиет, музыка, сәулет өнерінің дамуының арқасында әлемдік деңгейге көтерілді.

XVII ғасырдың соңында абсолютизм Францияның тарихи дамуына кедергі жасады. Себебі, ғасырдың бас кезінде-ақ елдің жарқыраған сырт келбеті тереңдей түскен ішкі күйзеліс пен құлдырауды көрсетпей тұрды. Оқушылар мұғалімнің XVII ғасырдың екінші жартысында Франциядағы абсолюттік монархия туралы әңгімесін тыңдайды. Мұғалім сол кездегі монархияның дворяндық болғанын, бірақ ол феодалдық тәртіптің капиталистік қатынастың

дамуына кедергі жасамағанға дейін буржуазияны қолдап келгеніне назар аударады.

Ауыл шаруашылығындағы жағдайды айтпастан бұрын мұғалім тақтаға XVIII ғасырдағы Францияның экономикасындағы қайшылықтарды кесте түрінде жазып, іліп қояды.

2-мәселеде осындай дағдарыстан революцияның пісіп-жетілуіне алғышарттар жасалғаны айтылады.

3-мәселе бойынша революция қарсаңындағы Францияның саяси жағдайына тоқтала кеткен жөн.

Құрылтайда Франция буржуазиясының конституция жасауының қажеттілігі айтылады, заң шығарушы орган мен атқарушы органның, буржуазияның әлеуметтік және саяси билігін орнықтыру негізінде кімге арқа сүйегендігін түсіндіруге болады.

8-сызба



4. Мұғалім революцияның екінші кезеңін оқытудан монархияны құлатудың халық үшін маңызын ашуы керек. Ол үшін бірнеше тәсілмен түсіндіруге болады. Мысалы, монархияны құлатудың тиімділігін ашып алу керек, содан кейін ғана себептері нақтыланады.

4.1. а) Варенн дағдарысынан кейін эмиграция ұлғайды;

ә) Француз революциясы Еуропада антифеодалдық күштердің белсенділігін оятты;

б) Австрия мен Пруссияның Францияға қарсы әскери одағын құрды.

4.2. Австрияға қарсы соғыстың барысы:

а) саяси дағдарыстың шиеленісуі;

ә) демократиялық қозғалыстар;

б) көтерілістің король сарайын басып алуы жайлы картаны пайдалана отырып әңгімелеу. Сабақты монархия құлатылып, XVI Людовиктің тақтан түсірілуімен қорытындылайды. Республиканың жариялануын өткенде оқушылар оқулықты пайдалануына болады.

1) *Республиканың жариялануы қалай жүзеге асты?* (Революцияның жаңа көтерілісі нәтижесінде республика орнады.)

2) *Республиканың мақсаты неде болды?* (Корольдық билікті жою туралы декрет қабылдау және конвент құруында болды.)

3) *Конвент нешеге бөлінді?*

Сол қанат — 113 депутат “таулар” немесе “монтаньярлар”. Оң қанат — 136 депутат (жирондықтар). “Тегістік”, “батпақ” деп аталған (500 депутат ешкімге кірмеді).

XVI Людовикті “ұлт еркіндігіне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қастандық жасағаны үшін кінәлі” деп, 1793 жылы 21 қаңтарда басын кескені туралы айта келіп, 1792—1793 жылдары халық бұқарасының табандылық күресінің мазмұнын ашу керек. Революцияның тереңдей түсу себептері және сол мәселені шешу жолындағы күрес тақтаға жазылып түсіндіріледі.

Келесі мәселе жирондықтардың құлауы нәтижесінде яacobшілдер диктатурасының өкімет басына келуімен басталады.

3-кесте бойынша түсіндіріп, дәптерлеріне жазғызуға немесе ауызша айтқызуға болады.

Күрестің соңғы кезеңі өкіметтің яacobшілдер тобы қайраткерлерін жазалап, оның таратылуымен аяқталады.

Революцияға дейінгі жағдай	Якобшілдер мақсаты
1. Азық-түлік мәселесі	1. Халық күшін жұмылдыру
2. Экономикалық жағдай нашарлады	2. Жирондықтарды құлату
3. Қажетті заттардың бағасы өсті	3. Революциялық секцияларды өз қолдарына алу
4. Әскери жағдайлары нашар болды	4. Ұлттық гвардияны атқылау

Қорыта келіп, 9-10 термидорда Робеспьер және оның жақтаушыларын тұтқындап, өлім жазасына ұшыратқанын, сөйтіп, якобшілдер диктатурасының өмір сүруден қалғанымен нақтылайды.


Якобшілдер диктатурасы күресінің барысы

Кезеңі	Әлеуметтік-экономикалық саясаты	Нәтижесі
1	2	3
1793 ж., 3 маусым	Шағын жер телімдерін 10 жыл мерзімге сату туралы заң қабылданды	
1793 ж., 10 маусым	Қауымдық жерлер шаруалардың жекеменшігі деп жарияланды	
1793 ж., 17 шілде	Декрет феодалдық қалдықтарды жойды	
1793 ж., 24 маусым	Конвент Францияның жаңа конституциясын қабылдады	
1793 ж., шілде	Конвент Қоғамдық құтқару комитеті болып сайланды	
1793 ж., 17 қыркүйек	Сенімсіздер жөнінде заң шықты	
1793 ж., 28 қыркүйек	Жалпыға ортақ жоғары баға туралы заң қабылданды	

1	2	3
1793 ж., қараша	Конвент жаңа жыл санауды енгізді. Жалпыға ортақ тегін бастауыш білім беру енгізілді	
1793 ж., 19 желтоқсан	Мемлекеттік мекемелер ашты (саяси мектеп, өнер институты, консерватория, Лувр музейі, ұлттық кітапхана, ұлттық музей)	
1793 ж., күз, қыс	Якобшілдер ішінде қайырымдылар ағымы қалыптасты	

Революцияның маңызын ашып, барлық буржуазиялық революциялар ішінде XVIII ғасырда болған Франциядағы революция әлеуметтік-саяси қақтығыстарда өткірлігімен, реттілігімен және оның өзгертулерінің тереңдігімен ерекшеленетіндіктерін айту қажет. Француз революциясының тұңғыш жариялаған демократиялық құқықтар мен еркіндіктер жариялауының үлкен тарихи маңызын, тарихта тұңғыш рет жалпыға ортақ сайлау құқығы мен буржуазиялық-демократиялық республика құру әрекетін жасағандығын ашып беру керек.

9-сызба



Үйге тапсырма. § 4 параграфтың сұрақтарына жауап дайындау. Жұмыс дәптерін толтыру.

§ 5. XVIII ҒАСЫРДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІ. АҒАРТУШЫЛЫҚ ДӘУІРІ

Сабақтың мақсаты

XVIII ғасырдың екінші жартысынан соңына дейін үстемдік еткен идеялар дәуірі — ағартушылық ғасыр Еуропа халықтарының өміріндегі ірі құбылыс болғандығын әңгімелеу. Алдыңғы қатарлы ағартушылардың еңбектерін оқып, оларды құрметтеп, өнегелі ісін үлгі тұтуға баулу.

Сабақтың түрі

Пресс-конференция.

Сабақтың әдісі

Сұрақ-жауап, оқушылардың ауызша хабарламалары және т.б.

Көрнекі құралдар

XVIII ғасырдағы дүниежүзі картасы, кесте, сызба, интерактивті тақтаны пайдалану.

Мұғалім бүгін өтілетін тақырыпты — “XVIII ғасырдағы дүниежүзі” туралы жеке елдер туралы материалдар жинап, оқып келуді күні бұрын тапсырады және жоспарын, әдебиеттерін тақтаға жазып, таныстырады.

Сабақ жоспары

1. Ағартушылықтың бастауы және оның негізін салушылар.
2. Халық мәдениеті.
3. Ағартушылардың діни көзқарастары.
4. Ағартушылардың қоғам туралы пікірлері.

Сабақтың барысы

Сабақтың барысында бірінші сабақта үйге берілген тапсырмалар сұраққа жауап алу арқылы бекітіледі:

1. Франциядағы революцияның басталуына не себеп болды?
2. Қай жылы Конституция қабылданды?
3. Франция Австрияға қарсы неге соғыс жариялады?
4. Саяси дағдарыс неге әкеліп соқты?
5. Монархия ненің нәтижесінде құлатылды?
6. Якобшілдер диктатурасының құрылуында жүргізілген күрестің мәні неде?

Осы сұрақтарды ауызша немесе карточка арқылы қоюға болады.

Бұл сабақ пресс-конференция ретінде өтетін болғандықтан мұғалім баспасөз тілшілері мен жас саясаткерлердің, тарихшылардың дөңгелек үстел басынан орын алуын өтінеді.

Содан кейін қарама-қарсы отырған журналистерді саясаткерлермен таныстырады.

Сөз бүгін жас саясаткерлер кездесуіне келген журналистерге беріледі.

“Егемен Қазақстан” газетінің тілшісі: Ағартушылық ғасырының алдыңғы қатарлы адамына қандай қасиеттер тән деп ойлайсындар?

“Алматы ақшамы” газетінің тілшісі: Ағартушылық ғасырының білімді адамы қандай адам болуы керек?

“Аргументы и факты” газетінің тілшісі: Қайта өрлеу мен Реформалаудан кейін, Еуропа халықтарының өмірінде қандай өзгерістер болды? Иммануил Канттың анықтамасын қалай түсінуге болады?

Жүргізуші: Ағартушылық ғасырында ғылымға деген ынта күшті болды. Ғалым, ойшыл, философ адамдарды халық ерекше құрметтеді. Ғалымдар арнаулы орындарға шақырылып, зор ықыласпен тыңдалды.

“Экспресс” газетінің тілшісі: Католиктік, лютерандық және православиелік елдерде Ағартушылық ғасыры адамды қандай сапаларына қарап екіге бөлді?

“Егемен Қазақстан” газетінің тілшісі: XVIII ғасырда кейбір елдерде, мысалы, Герман князьдықтарында бастауыш білім беру енгізілсе, Пруссия королі II Фридрих неге білім алуға қарсы шықты?

“Алматы ақшамы” газетінің тілшісі: Ағартушылар арасында халыққа жақын, мәдениеттің дамуын қуаттаушы Германияның ұлы ойшылдары кімдер және олар нені жақтады? Ағартушылық ғасырдың қандай ұлы қайраткерлерін білесіндер? Ол кезеңде ғылымның қай салаларына баса көңіл бөлінді?

“Аргументы и факты” газетінің тілшісі: Католиктік елдерде ағартушылар мен шіркеу арасында келіспеушіліктер көп болған.

Құдайды жоққа шығарушы атеистер — дүниені ешкім жаратқан жоқ, ол мәңгілік және шексіз деп санаған. Материалистердің пікірі қандай болды? Олардан кімдерді атай аласындар? Ағартушылық ғасырында Еуропада “өркениеттілікпен”, білім мен ғылым дамуымен байланысты қоғамдық прогресс идеясы қалыптасты.

Иммануил Кант (1724—1804): “Сенің санаң шектеулі, дүниеде сен түсініп біле бермейтін заттарың көп”.

XVIII ғасырда ғалымдардың арасында екі түрлі көзқарас өзара күйреске түсті: діни және ғылыми.

Исаак Ньютон (1643—1727). Өте діндар адам бола тұра, жаратылыстану ғылымына ден қойды.

Көзқарасы: “Құдайдың күдірегін танып-біліп жақындай түсу үшін жаратылыс дүниесін зерттеуге ұмтылуы керек”.

Пьер Лаплас (1749—1827). Діни сенімдерді сынға алған. Күн жүйесінің құрылу сызбасын жасады. Кезінде император І Наполеон одан: “Бұл ғылыми жаңалығында Құдайға қатысты нәрсе бар ма?” деп сұрағанда жоқ деп жауап берген.

Шарль Монтескье (1689—1755). Француз ойшылы. атақты еңбегі “Заңдар құқығы жайында” үш топқа бөлді:

1. Заң шығарушы билік (парламент).
2. Атқарушы билік (Үкімет, әкім).
3. Сот билігі.

Қазіргі қоғамдық биліктің негізін қалады.

Жак Тюрго (1727—1781). Француз ағартушысы. Қоғам алға жылжуын шаруашылықтың, ғылым мен техниканың дамуымен тікелей байланысты деген пікір айтады.

Антуан Кондорсе (1743—1794). Философтың көзқарасы бойынша: “Адам өзін-өзі шектеусіз жетілдіре алады” деп сенді.

Дени Дидро (1713—1784). 1751 жылы “Ғылым, өнер және кәсіп” энциклопедиясын жазды (философ-материалист).

Жан Жак Руссо (1712—1778). Ағартушы демократ. “Қоғамдық келісім туралы” тең құқықты ұсақ меншік иелерін қолдады.

Азаматтық қоғам дегеніміз — адамдар арасындағы мемлекеттің араласуынсыз және оның шеңберінен тыс тұрған қарым-қатынастардың жиынтығы деп атаймыз. Осыған байланысты заң күшіне енді.

1747 жылы 26 тамызда “Адам және азамат құқықтарының декларациясы” қабылданды.

Адам Смит (1723—1740). Ол еркін бәсеке мен сауда мүддесін қорғады.

Жан Мелье (1664—1729). Еңбегі — “Өсиет”. Шіркеулік дәстүрге бірінші болып соққы берген.

Мұғалім дөңгелек үстелдің қорытындысын шығара келіп, сабақ мақсатын, мазмұнын, маңызын ашуға атсалысқан оқушылар еңбегін бағалайды. “Қоғам дамуы туралы ойлар” кестесін толтырып, әңгіме әзірлеп келуді үй тапсырмасы ретінде береді.

§ 6. ҮНДІСТАН

Сабақтың мақсаты

Білімдік: Ұлы Моғол мемлекетіне және оның билігіндегі Үндістанның дамуына, ондағы халықтар мен ұлыстардың әлеуметтік саяси жағдайына сипаттама бере отырып, халық көтерілістерінің нәтижесінде XVIII ғасырдың ортасына қарай Моғол мемлекетінің Үндістандағы билігінің құлауын ашып көрсету. Үндістанды еуропалықтардың, әсіресе ағылшындардың жаппай отарлап алуы және оның зардаптары туралы түсінік беру.

Дамытушылық: жаңа материалдың тақырыбымен, мақсат-міндеттерімен, негізгі мәселелерімен таныстыру арқылы, алдын ала проблемалық, логикалық тапсырмалар беріп оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: отаршылдыққа қарсы халық толассыз күрес жүргізгенін әңгімелеу арқылы азаматтық, тәуелсіздік туралы ұғымдарын қалыптастыру.

Көрнекі құралдар

Карта, сызба, кесте, картиналарды пайдалануға болады.

Сабақтың өдісі

Саяхат-хабар, әңгіме, мәтінмен жұмыс, сызба, кесте толтыру, сұрақ-жауап.

Саяхат-хабар сабағының ерекшелігі — оқушыларға жоспар алдын ала таныстырылып, тапсырмалар беріледі. Сабақтың жоғары деңгейде өтуі мұғалімнің оқушылардың өздігінен ізденісін ұйымдастыра алуына байланысты. Тақырыптың мазмұнына сай келетін энциклопедиялық мәліметтер, құжаттар пайдалануға болатыны оқушыларға ескертіледі.

Сабақ жоспары

1. XVII ғасырдың екінші жартысындағы Ұлы Моғол мемлекеті.
2. Үндістанда тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы. Сикха және Маратха мемлекеттері.
3. Ұлы Моғол империясының ыдырауы. Халық көтерілістері.
4. Үндістанды еуропалықтардың отарлай бастауы.
5. Үндістанның экономикалық дамуы. Ауыл шаруашылығы, қолөнері мен қалалардағы сауданың дамуы.

Жетекші ұғымдар мен негізгі түсініктер

Әскери феодалдық мемлекет, салықтан босатылған жер иеліктері, касталық жүйе, сикхизм, индуизм діні, отаршылдық езгі.

Маңызды оқиғалар:


- XVII—XVIII ғғ.** — Ұлы Моғол мемлекетінің Үндістандағы билігі (1526—1758 жж.).
- XVIII ғ. ортасы** — Ұлы Моғол мемлекеті билігінің құлауы.
- 1756—1769 жж.** — Француз және ағылшындық Ост-Үнді компанияларының Үндістан үшін болған Жетіжылдық соғысы.
- 1773 ж.** — Үндістанды билеу жөнінде ағылшын үкіметі заң қабылдады.

Саяхат-хабар сабағын мұғалім кіріспе сөзбен бастайды. Ұлы Моғол мемлекеті туралы өткен курстарда танысқандарын оқушылардың естеріне салады. Саяси бытыраңқы болған Солтүстік Үндістанды Ұлы Моғолдар әулеті біріктіргенін, әулеттің негізін Әмір Темірдің ұрпағы Кабул билеушісі Бабыр қалағанын айтады. Захир ад-дин Мұхаммед Бабыр Шығыстың дарынды жазушысы, ақын, заманының озық ойлы адамы және мемлекет қайраткері, ержүрек қолбасшы болды. Оқушыларға Бабыр және ол құрған Ұлы Моғол мемлекеті туралы деректерді “Бабырнама” кітабынан оқуды ұсынуға болады (Захир Мұхаммед Бабыр. “Бабырнама”, Алматы, 1993. Аударған *Байрзақ Қожабекұлы*).

1. Сабақтың бірінші мәселесін оқушы Ұлы Моғол мемлекетінің XVI ғасыр және XVII ғасырдың басында орталықтандырылған, үнді феодалдары мен көпестерін өз жағына тартып, Үндістанның одан әрі дамуына мүмкіндік берген мықты мемлекет болғанын естеріне салады. Ал XVII ғасырдың ортасында моғолдардың Үндістанның солтүстігі мен орталық бөлігін иемденгенін хабарлап, картадан көрсетеді. Үндістан халқының үштен екісіне билік жүргізген Моғол мемлекеті әскери феодалдық мемлекет болды. Барлық билік падишах қолында болғандығын айтып, соңғы билеуші *Аурангзеб падишах* билігі кезіндегі (1658—1707) басқару жүйесіне сызба бойынша түсінік береді (10-сызба).

10-сызба

Орталықтандырылған басқару жүйесі




Аурангзеб падишах тұсында Моғол империясының шекарасы ұлғайып құрамына Ауғанстан, Балх, Оңтүстік Үндістан кірді.

Ұлы Моғол мемлекетіндегі жер иелену тәртібін 11-сызба арқылы көруге болады. Бүкіл жердің иесі деп падишах есептеледі. Өңделетін, егіншілікке жарамды жерлерінің бөрінен салық алынып, ол мемлекет қазынасына құйылатын.

11-сызба

Ұлы Моғол мемлекетіндегі жер иелену тәртібі



Оқушы үнді қоғамында ертеден қалыптасқан касталық жүйенің Моғол мемлекетінде үнді қауымының беріктігінің кепілі болды және Үндістанның әлеуметтік құрылысының ерекшелігін бейнеледі, — деп Бенгал, Маратха, Гуджарат, Пенджаб сияқты ірі ұлыстары касталық жүйеде өмір сүргенін хабарлайды.

12-сызба

Үндістандағы касталық жүйе

1. Ең жоғарғылар



2. Оқушы саяхат-хабарын Үндістанның Пенджаб және Махараштрадағы тәуелсіздік күресіне арнайды. Пенджабтағы сикхалардың діни қозғалысы пайда болып, олар қасталық жүйені жоюға, үнді Құдайларына сиынудан бас тартуға, барлық адамдардың Құдай алдында тең болуы жолында күресуге шақырды. Олар мұсылмандық Моғол билігі мен үнді діндарлары — брахмандарға қарсы шықты. Сикхалардың діни көсемі *Говинд* (1675—1708) негізгі күшті тәуелсіз Сикха мемлекетін құруға жұмылдырды.

XVII—XVIII ғасырлардағы тәуелсіздік күресінің нәтижесінде Үндістанда Маратха мемлекетінің құрылғанын баяндап картадан көрсетеді.

3. Оқушы Ұлы Моғол мемлекетінің іргесін шайқалтқан Үндістандағы халық көтерілістерін және оның себептерін айтып береді. Іште халық көтерілістері болып жатқан кезде сырттан Иран билеушісі Нәдір шахтың 1739 жылы Делиге шабуылы мемлекеттің ыдырауын тездетті. Бір аймақтан кейін екіншісі Ұлы Моғол мемлекетінен бөлініп кетіп жатты:

— 1724 жылы Хайдарабад;

— 1740 жылы Бенгалия;

— 1747 жылы Ауд ұлысы тәуелсіздік алды (картадан көрсетеді).

XVIII ғасырдың ортасына қарай бір кездегі аса қуатты Ұлы Моғол мемлекетінің Үндістандағы билігі құлайды. Оқушы өзара үстемдік үшін қырқысу соғыстары нәтижесін К. Маркстің суреттегені (оқулық мәтнінде) бойынша айтып береді.

Сұрақтар

1. Ұлы Моғол мемлекеті Үндістанның қай бөлігінде билік жүргізді?

2. Падишах қандай билікке ие болды?

3. Моғол үстемдігі әлсіреуінің себептерін атап беріңдер.

4. Заминдарлар және джагирлер деп кімдер аталады?

5. Сикхалар қозғалысы Үндістанның қай аймағында болды?

6. Халық көтерілістерінің нәтижесі болды ма?

4. Сабақтың келесі мәселесі — Үндістанды еуропалықтардың отарлауының басталуы мұғалімнің әңгімесі арқылы түсіндіріледі. “1789—1876 жж. отарлық иеліктері” картасын және XVIII ғасырдағы капиталистік елдердің отарлық саясаты туралы картинаны, сызылған сызбаларды пайдаланып жүргізуге болады (екінші сабақты әңгімелеу әдісімен жүргізген дұрыс).

XVIII ғасырдың ортасында Үндістанды отарлауға ұмтылған еуропалықтардың ішінде француз компаниясы мен ағылшындық Ост-Үнді компаниялары болды. Екі мемлекеттің арасында Үндістан үшін Жетіжылдық соғыс болып, нәтижесінде ағылшындық Ост-Үнді компаниясы жеңіске жетті. Ост-Үнді 1600 жылы құрылған жекеменшіктегі сауда компаниясы еді. Ол бүкіл шығыс елдерімен саудаға монополиялық билік жүргізіп келген. Англия осы компания арқылы Үндістанды отарлауға кірісті. Осы әңгімеден кейін дамытушы сұрақтар қойып оқушының ойын кеңейтуге назар аудару керек.

Неліктен ағылшындар Үндістан сияқты халқы көп, үлкен елді бағындырып алды?


Оқушылардың жауабынан кейін мұғалім Үндістанды отарлаудағы ағылшындардың негізгі саясаты “бөліп ал да, билей бер” принципі болды деп түсіндіріп, бұл принцип орта ғасырларда пайда болғанын естеріне салады.

Ағылшын үкіметінің 1773 жылы қабылданған заңы бойынша Үндістанды билеу төмендегідей болды.

Мұғалім оқушыларға оқулық мәтінінен оқып, өз беттерінше мынадай сызба құруды тапсыруына да болады.

13-сызба

1773 жылғы заң бойынша Үндістанды басқару



5. Келесі мәселені оқушыларға оқулықты пайдаланып, кесте түрінде үйден орындау тапсырылады.

№	Жетістіктері		
	Қолөнері	Сауда	Ауыл шаруашылығы
1.			
2.			
3.			

Мынадай сұрақтар мен тапсырмалар бойынша талдау жасалынып барлық сынып оқушыларының қатысуына назар аударған жөн.

1. Жетіжылдық соғыс қай жылдары болды?
2. Үндістанды алғаш отарлаушы еуропалықтар кімдер?
3. Ағылшындардың Үндістанды жаппай отарлап алуының себептерін көрсетіндер.
4. Сипайларды құруда ағылшындар нені көздеді?
5. Үндістандағы ағылшындық алғашқы генерал-губернатор кім болды?
6. Ағылшындар жергілікті үнділер мен мұсылмандарға қылмыс жасағаны үшін қандай жаза қолданды?
7. Отар деген сөздің мағынасы не?

Үйге тапсырма. Кестені толтыру. Термин сөздердің мағынасын білу.

§ 7. ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ

Сабақтың мақсаты

Білімдік: XVII—XVIII ғасырлардағы Осман империясының саяси, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері, империяның құрамына кірген халықтардың жағдайы және олардың ұлт-азаттық қозғалыстары жан-жақты түсіндіріледі. Империяның жүргізген соғыстары оның күш-қуатын әлсіретіп, дағдарысты күшейткені және жүргізген реформалардың нәтижесіз болғаны ашып көрсетіледі. Сұлтан үкіметі сыртқы саясатта дербестіктен айырылып, еуропалықтардың үстемдігіне бағына бастағанына назар аударылады.

Дамытушылық: тақырыпты ашуға жетелейтін сұрақтар қоя отырып, оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту, сабаққа қызығушылықтарын арттыру.

Тәрбиелік: Осман империясының сыртқы саясатына баға беру және халық көтерілістері мен ұлт-азаттық қозғалыстар туралы әңгімелегенде оқушыларды бейбіткерлік рухта тәрбиелеуге үнемі назар аудару.

Сабақтың әдісі

Сұрақ-жауап, мәтінмен өздік жұмыс, сұлба, кестені пайдалану, тестік сұрақтар арқылы оқушының логикалық ойлауына еркіндік беру.

Көрнекі құралдар

“Осман империясы” картасы, сызбалар, кестелер, т.б.

Сабақ жоспары

1. XVII ғасырдағы Осман империясының дамуы және оның құрамына кірген халықтардың жағдайы.
2. XVII ғасырдағы Осман империясының жүргізген соғыстары, империядағы дағдарыстың күшеюі.
3. Осман империясының әлеуметтік-экономикалық дамуы. Қалалар мен сауданың дамуы.
4. XVIII ғасырдағы Осман империясының сыртқы саясаты. Халық көтерілістері мен ұлт-азаттық қозғалыстар.
5. III Селим сұлтанның реформасы.

Жетекші ұғымдар мен негізгі түсініктер

Әскери сипахилік жер иелену, “Қасиетті лига”, әскери реформалар, “Одақтық келісім”, ұлт-азаттық қозғалыс, янычарлар, “Шығыс мәселесі”.

Маңызды оқиғалар:

1730 ж. — әскери салық енгізілді.

1789—1807 жж. — Сұлтан III Селим таққа отырды.

1768—1774 жж. — Орыс-түрік соғысы.

Сабақ жоспарындағы алғашқы үш мәселені бірінші сабақта, қалғандарын келесі сабақта түсіндірген дұрыс.

Сұрақтар

1. Осман мемлекеті қашан, қай жерде құрылды?
2. Қандай жерлерді (картадан көрсету) жаулап алды?
3. Балқан елдері неге оңай жауланды?
4. Стамбұл қаласы бұрын қалай аталды?
5. Янычарлар туралы не білесіңдер?
6. Неге Түрік-Осман мемлекеті Осман империясы деп аталады?
7. Қандай мемлекетті империя деп атайды?

1. Бірінші мәселе оқулықтағы материалдың ретімен баяндалады. XVII ғасырдағы Осман империясының дамуына сипаттама беріледі. Империя әлі де қуатты держава ретінде өмір сүріп, көрші елдерге қауіп-қатер төндіруге қабілетті болды. Бірақ, шын мәнінде, бұл артта қалған әскери-феодалдық, экономикалық және саяси құлдырауды бастан кешіріп жатқан ел болғандығы баяндалады. XVII—XVIII ғасырлардағы феодалдық қатынастардың дамуында жаңа заманға сай өзгерістер жүрді. Жер иеленудегі бұрыннан келе

жатқан сипахилік (әскери қызмет әдісі, сұлтанның әскери қуатының негізі) жүйенің ыдырауы елдің әскери күш-қуатының, жергілікті жерлердегі орталық өкімет билігінің әлсіреуіне себеп болды. Осыған байланысты түріктердің еуропалық иеліктеріндегі билігі біртіндеп қысқарып, соғыстан түсетін табыстары азая бастады, оның есесіне провинциядағы феодалдардың дербес билігі күшейе түсті.

Билеуші топтардың бұрынғы тәртіпті қалпына келтіруге жасаған әрекеттері нәтиже бермеді.

2. XVII ғасырда Осман империясының жүргізген соғыстары туралы оқулық мәтінін, картасын пайдаланып кесте құру оқушылардың өздеріне тапсырылады.

12-кесте

XVII ғасырда Осман империясының жүргізген соғыстары

Жылдар	Қай елмен соғысты?	Соғыстың себебі	Соғыстың нәтижесі

1699 жылы Карловыдағы келісімшарттың негізгі мазмұнымен таныстырып, картадан Осман империясы басып алған жерлерді көрсету керек.

Сөйтіп, Осман империясының XVII ғасырдың екінші жартысындағы жүргізген соғыстары оның күш-қуатының әлсіреп, көптеген жерлерінен айырылуына әкеп соқты.

3. Жоспардың үшінші мәселесі әңгімелеу әдісінің көмегімен жүргізіледі. Мұғалім мысалдар келтіре отырып, Осман империясының қол астына қараған мемлекеттер мен халықтардың әлеуметтік және экономикалық дамуы өртүрлі деңгейде екенін түсіндіреді. Қалалар мен сауданың дамуын әңгімелей отырып, басқа елдермен сауда байланыстарын іске асыруда маңызды рөл атқарған теңіз сауда порттары мен қалаларды атап картадан көрсетеді. Басқа елдермен сауда байланыстарын жүргізудегі қолайлы географиялық орны айтылады. Мұғалім аймақтар мен басты қалалар туралы қосымша материалдар пайдалануына болады.

4. XVIII ғасырда Осман империясының сыртқы саясаты және халық көтерілістері мен ұлт-азаттық қозғалыстары

туралы мұғалім оқушыларға оқулық мәтінін оқып шығуды тапсырады. Осыдан кейін интерактивті тақтаны пайдалану арқылы тест сұрақтарымен жұмыс жасауға болады.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

- 1. XVIII ғасырда түріктердің Ресеймен және Австриямен соғыс жүргізуінің себебі не?**
 - а) Еуропадағы билігінен айырылғысы келмеді;
 - ә) халықтардың наразылығын басу үшін;
 - б) дағдарыстан шығу үшін.
- 2. Жоғары әскери салық қашан енгізілді?**
 - а) 1720 ж.;
 - ә) 1730 ж.;
 - б) 1735 ж.
- 3. 1730 жылғы Стамбұлдағы көтерілісті кім басқарды?**
 - а) Мұстафа паша Байрақтар;
 - ә) Патрон Халил;
 - б) Махмұд.
- 4. Стамбұлдағы көтерілістің нәтижесі қандай болды?**
 - а) III Ахмед Сұлтан тақтан тайдырылды;
 - ә) салықтар жойылды;
 - б) лендік жер иелену жүйесі сақталды.
- 5. XVIII ғ. екінші жартысындағы сұлтан өкіметінің сыртқы саясаты қандай жағдайда болды?**
 - а) дербестіктен айырылды;
 - ә) дербес саясат жүргізді;
 - б) өз беделін сақтап қалды.
- 6. Орыс-түрік соғыстары қай жылдары болды?**
 - а) 1758—1764 жж.;
 - ә) 1748—1754 жж.;
 - б) 1768—1774 жж.
- 7. Батыс елдері күн тәртібіне қандай мәселе қойды?**
 - а) “Қасиетті Одақ құру”;
 - ә) “Шығыс мәселесі” саясаты;
 - б) “Осман мұрасын” бөлісу.
- 8. Түрік үстемдігіне қарсы қай елдерде ұлт-азаттық көтерілістер болды?**
 - а) Азия елдерінде;
 - ә) Еуропа елдерінде;
 - б) Араб елдерінде.

5. III Селим сұлтанның реформалары империяны сақтап қалудың ең соңғы жолы болғанын оқушылардың есіне салып, оның мазмұны тақтаға сызылған сызба бойынша түсіндіріледі.

Әскери реформалар:

— Тұрақты жаңа әскер → Еуропалық үлгіде даярлау.

— Флотты қайта құру.

— Артиллерияны жаңаша құру → Стамбұлда әскери-инженерлік училище ашылды.

Бұдан кейін жүргізілген реформалардың нәтижесіз болу себептері мен прогрессивті маңызы болғанын түсіндіру.

Бекіту сұрақтары

1. Осман империясы жаңа дәуір басында қандай ел еді?
2. Осман империясындағы әртүрлі ұлт аймақтарының даму жағдайы бірдей болды ма?
3. Осман империясында XVII—XVIII ғасырлардағы жаңа заманға сай қандай өзгерістер жүрді?
4. Ауыл шаруашылығы әсіресе империяның қандай аймақтарында жақсы дамыды?

Үйге тапсырма. Кестені толтыруды аяқтау. Параграфтың соңында берілген сұрақтар бойынша дайындалу.

§ 8. ҚЫТАЙ

Сабақтың мақсаты

Білімдік: Қытайды маньчжурлардың жаулап алуына себеп болған жағдайларды ашып көрсету. XVII—XVIII ғасырлардағы Цин империясының мемлекеттік, саяси-әлеуметтік құрылысына сипаттама беріп, жүргізген соғыстарының басқыншылық сипатына оқушылардың назарын аудару. Қазақ-Қытай қатынастарында екі жақтың көздеген мақсатын анықтап, сауда байланыстарының екі ел үшін де тиімді болғанын көрсету.

Дамытушылық: тарихи фактілер, тарихи түсініктер мен тарихи ұғымдарды қалыптастыру.

Тәрбиелік: Қазақ-қытай қатынастарының мәнін аша отырып, бейбіткерлік рухта тәрбиелеуге назар аудару.

Көрнекі құралдар

Карта “Орта ғасырлардағы Қытай және Үндістан”, “1779—1786 жылдарға дейінгі отарлық иеліктер”. Сызбаларды, кестелерді пайдалануға болады.

Сабақ жоспары

1. Халықтың жағдайы.
2. Қытайды маньчжурлардың жаулап алуы.
3. Цин империясының мемлекеттік, саяси-әлеуметтік құрылысы.
4. Цин империясының жүргізген басқыншылық соғыстары.
5. Қазақ-қытай қатынастары.
6. XVII—XVIII ғғ. Қытайдағы егіншілік пен сауданың дамуы. Қалалардың өсуі.

Жетекші ұғымдар және негізгі түсініктер

Цин империясы “Жаңа шекаралық аймақ” (Синьцзян). Оқшау ұстау саясаты.

Маңызды оқиғалар:

- 1644 ж.** — Маньчжурлар Пекинде өкімет билігін өз қолына алды.
1644—1912 жж. — Қытайдың Цин империясы деп аталуы.
1755—1757 жж. — Жоңғар хандығын бағындырды.
1759 ж. — Цин империясы Шығыс Түркістанды өзіне бағындырды.
XVIII ғ. бірінші жартысы — Қытайдың Қазақ хандықтарымен байланыс жасау кезеңі.
1757 ж. — Еуропалықтардың Қытайға келуіне тыйым салынды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Орта ғасырлардағы Қытайдың қоғамдық құрылысы қандай болды?
2. Сол кезде қандай аса ірі шаруалар көтерілістері болып еді?
3. “XVII ғасырдың ортасындағы дүниежүзі” картасынан Қытай аумағындағы мемлекеттерді табындар.

1. XVII ғасырдың 30—40-жылдарындағы Қытай мемлекетінің терең дағдарыс кезеңін бастан кешіргенін айта келіп, Ли Цыгчэн (1606—1645) басқарған шаруалар көтерілісін (1628—1644) оқулықтан оқып, сызба құру тапсырылады:

Шаруалар көтерілісінің себептері

1. _____
2. _____
3. _____

Шаруалар көтерілісінің нәтижесі

1. _____
2. _____
3. _____


2. Бұл мәселені XVII ғасырдағы маньчжур мемлекетінің құрылуы туралы әңгімеден бастаған жөн. Мемлекеттің негізін әскери қолбасшы Нурхаци қаласа, оның мұрагері

Абахайдың тұсында маньчжур мемлекеті Цин (қытайша “таза” деген мағынада) деп аталды. Цин мемлекеті Қытай мемлекетінің үлгісінде құрылды. Әскери күшке, әсіресе атты әскерге сүйенген маньчжурлар көрші елдерге басқыншылық соғыстар жүргізіп, бағындырылған халықтар есебінен әскер жасақтады (8 қытай, 8 моңғол) және Қытайды басып алуға аттанарда әскер саны 200 мыңға жетті. Мұғалім маньчжурлардың Қытайды жаулап алуын әңгімелей отырып, оқушыларға сұрақтар қояды: маньчжурлардың Қытайды басып алуына қандай жағдай сылтау болды? Қытайды ешбір кедергісіз басып алды. Себебі неде? Басып алғанға дейін мемлекет билігі кімнің қолында еді? Оқушылардың жауабын тыңдап мұғалім қорытынды жасайды.

3. Тақырыптың бұл мәселесін түсіндіргенде алдын ала даярланған сызбаны пайдаланған дұрыс. Егер оқушылар сызба, кесте, т.б. құруға дағдыланған болса, сызбаны үйден құрып келу тапсырылады.

14-сызба

Цин империясының мемлекеттік саяси-әлеуметтік құрылысы



Мұғалім Маньчжур империясының әлеуметтік сатылық жүйесін әңгімелеп, оқушыларға сұрақ қояды: сатылық жүйе басқа мемлекеттерде болды ма? Үндістандағы касталық

жүйеден қандай айырмашылығы бар? Оқушылар Франциядағы сословиелік құрылысты еске түсіруі мүмкін.

4. Цин империясының жүргізген басқыншылық соғыстары туралы оқушылар оқулықтан оқып біледі. Оқып болғаннан кейін сұрақтар қойып әңгімелесуге болады: қандай себептерге байланысты басқыншылық соғыстар жүргізді? Басқыншылық соғыстардың қандай нәтижесі болды? Мұғалім қорытындысынан кейін маньчжурлардың бағындырған елдерін атап, картадан көрсетеді.

Мұғалім нақты деректер келтіре отырып, Қазақ хандығы мен Цин империясының мақсаттарын ашып көрсетеді. Жоңғар хандығын басып алу соғысы кезінде жоңғарлар мен қазақтардың арасында байланысты болдырмау және одақтасып кетпеуін көздеген Цин империясы Қазақ хандығымен байланыс жасайды. Қазақ ханы Абылайдың мақсаты Қазақ хандығын Цин империясының шабуылынан қорғау, қазақ халқының тәуелсіздігін сақтау еді. Қазақ-қытай байланысы екі ел үшін де тиімді болғанын сауда байланыстарынан көруге болатынын оқушылардың есіне салу.

5. Тақырыптың соңғы мәселесі бойынша қытай бай және ежелгі мәдениеті бар ел болғанын, онда жерді қолмен өңдеу ісі, шай, жібек мата, зергерлік бұйымдар, фарфор, өсімдіктерден бояу алу өндірісі жоғары дәрежеде дамығанын еске түсіріп, XVII—XVIII ғасырлардағы Қытайдың экономикасы қайта жандана бастағанына мысалдар келтіре отырып түсіндіру. Оқушылар мұғалімнің әңгімесінен Қытайда егіншіліктің дамып, қалалардың қайта жандана бастауы, қолөнер өнеркәсібі өртүрлі бұйымдар шығара бастағанын біледі. Әсіресе мақта мата мен жібек мата өндірісі жақсы дамып, бұл бұйымдар елдің өз ішінде ғана емес, сырт елдерге экспортқа да шығарыла бастайды.

XVIII ғасырдағы Цин билеушілері Қытай халқының сырт елдермен байланысына шектеу қояды. 1757 жылы император Цяньлун еуропалықтардың Қытайға келуіне тыйым салады. Сауда тек оңтүстіктегі Гуанчжоу портты қаласы арқылы жасалды. Оның себебі маньчжур өкіметі өздерінің Қытайдағы билігін сақтау, қытайлықтарды сырт елдердің ықпалынан оқшау ұстау саясатынан туған болатын. Әңгімеден кейін оқушыларға сұрақтар қойылады: оқшаулау саясаты не жайында айтады? Қытайдың күштілігі немесе әлсіздігі неде? Капиталистік елдер державалары өзін-өзі оқшаулау саясатына қалай қарады деп ойлайсыңдар?

Оқушылардың сұраққа қайтарған жауаптарын тындап, мұғалім қорытынды жасайды. Біріншіден, оқшаулау саясаты ескі феодалдық тәртіптердің сақталуына жағдай жасады және Қытайдың экономикалық, әлеуметтік, мәдени дамуына нұқсан келтірді. Екіншіден, бұл саясат Қытайдың күшін әлсіретті, ал оны капиталистік елдер державалары пайдаланды.

Бекіту сұрақтары мен тапсырмалары

1. Қытайда Цин империясы қай жылдар аралығында билік құрды?
2. Маньчжурлар басып алған елдерді атап, картадан көрсетіндер.
3. Цин мемлекеті Қытайдың дамуына ықпал етті ме?
4. Шэньшилер деп кімдерді атады?

Үйге тапсырма. XVII—XVIII ғасырлардағы Қытай тарихына байланысты хронологиялық кесте құру.

§ 9. ЖОҢҒАР ХАНДЫҒЫ

Сабақтың мақсаты

Білімдік: XVII ғасырда Батыс Моңғолияда ойраттардың Жоңғар хандығының құрылуымен таныстырып, хандықтың саяси-әлеуметтік жағдайына сипаттама беру. Жоңғарлардың жүргізген соғыстарының басқыншылық сипатына оқушылардың назарын аударып, Қытаймен, Ресеймен, Қазақ хандығымен жүргізген саясатының мазмұнын ашып көрсету.

Дамытушылық: Жоңғар хандығының жойылып кетуіне себеп болған оқиғаны анықтау.

Тәрбиелік: әр халықтың өз тәуелсіздігін, дербестігін сақтап қалу жолындағы күресінің тарихи маңызын түсіндіру.

Сабақтың әдісі

Өңгімелеу, сұрақ-жауап, сызба, өздік жұмыс, тест.

Көрнекі құралдар

“XVII—XVIII ғасырлардағы Жоңғар хандығы” картасы, “Жоңғар хандығының мемлекеттік саяси-әлеуметтік құрылысы” сызбасы, “Аңырақай шайқасы” суреті.

Сабақ жоспары

1. Жоңғар хандығының құрылуы.
2. Жоңғар хандығының саяси-әлеуметтік дамуы.
3. Жоңғарлардың басқыншылық соғыстары.

4. Жоңғар хандығының Қытаймен, Ресеймен, Қазақ хандығымен жүргізген саясаты.
5. Жоңғар хандығының күйреуі.

Жетекші ұғымдар және негізгі түсініктер

Әскери-феодалдық мемлекет, басқыншылық соғыс, “Ақтабан шұбырынды”, хандықтар, бектер, қонтайшы.

Негізгі оқиғалар:

- 1635 ж.** — Жоңғар мемлекетінің негізі қаланды.
XVII ғ. 40-ж. — Жоңғарлардың Қазақ хандығына шабуылы.
1678 ж. — Шығыс Түркістанды бағындырды.
1681—1684 жж. — Жоңғарлар қазақ жеріне екі үлкен жорық жасады.
1755—1757 жж. — Жоңғар хандығының талқандалуы.

Тақырыптың мазмұны оқушыларға таныс болғандықтан сұрақ-жауап, әңгіме жүргізу, әңгімелеу әдістерін қолдануға болады. Оқушылардың оқулықпен, құжаттармен және қосымша материалдармен жұмыс жасауын ұйымдастыру да тиімді. Ол үшін алдын ала оқушыларға тапсырмалар беріледі, қандай қажетті материалдар мен құжаттар қажет екені көрсетіледі.

1. Бірінші мәселені түсіндіргенде қосымша материал пайдаланған дұрыс (*Қани М. Қазақтың көне тарихы. А., 1993, 266—269-бет. Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. А., 1994*).

Жоңғарлар Қытай жазба деректерінде батыс моңғолдар деп те аталады. Олар бұрын Батыс Моңғолияны мекен еткен ойрат тайпалары еді. 1204 жылдан бастап тарихи деректерде көріне бастады. 1206 жылы Моңғолияда құрылған Шыңғысхан әскерлерінің сол қанатына қосылды. Сол қанат моңғол тілінде “Жоңғар” (сол қол) деп аталды. “Жоңғар”, “Жоңғария” деген атаудың арғы тегі осы моңғол тіліндегі “сол қанат” немесе “сол қол” (әскер) дегеннен шыққан. Жоңғар мемлекетінің құрылуы туралы әңгімелей отырып, төмендегідей сұрақтар қойылады.

1. Жоңғар хандығының негізі қай жылы қаланды? Оның алғашқы ханы кім болды?
2. Картадан Чахар хандығының, Халха хандығының және Жоңғар хандығының тұрған жерлерін анықтандар.


Жоңғар хандығының алғашқы ханы Батыр қонтайшы (1635—1654) туралы қосымша мәліметтерді пайдалануға болады. XVII ғасырда ойрат жұртының ең әулетті әміршілерінің бірі Хара-Хұла тайшы болды. XVII ғасырдың

20-жылдары өзара тартыс кезінде ел тізгінін қолға алады. 1334 жылы Хара-Хұла өлгеннен соң, оның орнын басқан үлкен ұлы Хота Хоцин Батұр қонтайшы алғаш, Тибеттегі далай-ламаньң және Жоңғардағы ойрат жұртының қолдауы бойынша Ердене-Батұр қонтайшы деген атпен, бүкіл ойрат елінің әміршісі болып табылады. Батұр қонтайшы алғашқы қадамынан бастап, бытырап жатқан ойрат ру-тайпаларын қайта топтауға тырысады, бірін айламен, бірін күшпен өзіне бағындырады. Айналасы төрт-бес жыл ішінде зор билікке жетеді. Ең басты мақсаты Қазақ ордасын талқандау болды. (М. Мағауин. Қазақ тарихының әліппесі. А., 1994.)

2. Жоңғар хандығының саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуы көрсетілген сызбаны пайдалану арқылы түсіндіруге болады. (М. Қани. Қосымша материал. Қазақтың көне тарихы. А., 1993. 269-б.)

15-сызба

XVII ғ. Жоңғар хандығының мемлекеттік саяси-әлеуметтік құрылысы



Мұғалім терминдердің мағынасын түсіндіріп беруі керек. Оқушыларға жеті сатыдан тұратын Қазақ хандығының мемлекеттік жүйесін салыстырып, айырмашылығын анықтау тапсырма ретінде беріледі.

3. Жоңғар хандығының басқыншылық соғыстары қысқаша айтылады. Әскери-феодалдық негізде құрылған Жоңғар хандығының Батыр қонтайшы тұсында сырт елдермен байланысы аса күрделі болады. М.Мағауиннің “Қазақ тарихының әліпшесі” атты деректі толғамынан үзінді келтіріп, басқыншылық соғыстардың себептерін анықтауға болады. (М. Мағауин. Қазақ тарихының әліпшесі, А., 1994.) Оқушыларға Жоңғар хандығының әскери күш-қуаты туралы айта кетуге де болады. (М.Қани. Қазақтың көне тарихы. А., 1993., 270-бет.) Мұғалім картадан Жоңғар хандығының басып алған және бағындырған елдер мен иеліктерді атап көрсетеді. Жоңғар хандығына аса қауіпті жау маньчжурлар болғанын естеріне салады.

4. Жұл мәселені өңгімелеу, сұрақ-жауап өдістері арқылы жүргізуге болады. Оқушылар бұл тақырыптағы мәселелер жайында оқулықтың алғашқы тақырыптарынан біледі. Жоңғар-қытай қатынастарын айтқанда екі жақтың көздеген мақсаттары ашып көрсетіледі. XVII—XVIII ғасырлардағы екі ел арасына бейбіт сауда қатынастары жүріп отырса да бір-біріне дұшпандық көзқараста болды.

Цин билеушілері моңғолдардың өздерінен тәуелсіз күшті әскери мемлекеттің болғанын қаламады. 1729 жылы соғыс әрекеттері нәтижесіз аяқталып, циндіктер жеңіске жете алмады. Екі ел арасында XVIII ғасырдың 40-жылына дейін сауда-экономикалық байланыстары дамыды. XVIII ғасырдағы орыс-жоңғар қатынастарының шиеленісе түсуінің басты себебі Ресейдің Енисей, Тобыл, Ертіс өзендері бойына қоныстана бастауынан екендігі көрсетіледі. Өйткені бұл жерлерді көшпелі жоңғарлар мал жайылымы ретінде иемденді.

XVII—XVIII ғасырларда қазақ-жоңғар қатынастары қазақ хандықтарының дербестігін, тәуелсіздігін сақтау жолындағы күресінде аса зор тарихи із қалдырды. Бұл мәселе оқушыларға таныс болғандықтан, Қазақстан тарихынан алған білімдеріне сүйене отырып, төмендегі сұрақтарға жауап беру тапсырылады.

1. Неліктен 1643 жылы қазақ-жоңғар шайқасындағы жеңіс соғыс тарихында сирек кездесетін оқиға болды?

2. Алғашқы кезде жоңғарлардың күшінің қазақтардан басым болуы неліктен?
3. “Ақтабан шұбырындының” ауыр апаты неше жылға созылды?
4. Қазақтар қай жылдары жоңғарлардан басым түсіп, оларды күйрете талқандап жеңіске жетті?
5. Қазақ халқы үшін “Анырақай шайқасының” тарихи маңызы қандай?

Оқушылармен сұрақ-жауап арқылы әңгімелескеннен кейін 1729 жылы Аңырақай даласындағы қазақ-жоңғар шайқасы туралы қосымша материалдарды пайдаланып оқиғаны нақтылай түскен жөн (Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. I том. А., 1998, 389-бет).

Балқаш көлінің оңтүстігіндегі шайқас өткен соғыс алаңының ұзындығы 30—35 км, ені 20 км. Аңырақай шайқасына 30—35 мың қазақ, 35—40 мың жоңғар әскері қатысты деген дерек бар. Шамамен көктемде басталып, жаз айларына ұласқан (40—45 күн). Екі жақ та өңірдің таулы-жыралы бедерлерін өз мақсаттарына пайдаланып, жауын аз шығынмен көп қыруға тырысып бақты. Қалмақ жағының қару-жарағы басым еді. Мылтықпен бірге өздерінде құйылған, Ресейден сатып алынған әртүрлі қашықтықтан атқылайтын зеңбіректері де болды. Қазақтар бұл кезде зеңбірекке қарсы ұрыс тәсілдерін меңгергендігін байқатты. Көптеген қазақ батырлары соғыс өнерін жетік білгендігін көрсетті.

5. Тақырыптың соңғы мәселесі алғашқы тақырыптардан оқушыларға таныс болғандықтан оқулықты пайдаланып төмендегідей тапсырманы орындау тапсырылады.

Жоңғар хандығының күйреуінің себептері:

1. _____
2. _____
3. _____

Мұғалім оқушылардың жауаптарын тексеріп, өзі қорытынды жасайды. Жоңғар хандығының дербес ел ретінде тарихи сахнадан жоғалуына себеп болған жағдайларды толықтырады.

Ең басты себебі: үздіксіз жүргізген соғыстардан күйзеліп, өзінің күш-қуатынан айырылды. 1755 жылы өзара таққа таластың нәтижесінде бір кезде Орталық Азияда қуатты мемлекеттердің бірі болған хандық әлсіреді. Цин

империясы Жоңғарияны басып алуды көздеп, қолайлы сәтті күтті. 1755 жылы шілде айының 19-да император Цяньлунның жарлығына сай бұрынғы Жоңғар мемлекетінің иелігі Маньчжур Цинь өкіметінің меншігі деп жарияланды. 1758 жылы Жоңғария толық талқандалып, халқы тоз-тоз болды, біраз бөлігі Ресейге қашты, қалғаны цин-қытай әскерінің қолынан қырылды. Сөйтіп, Жоңғар хандығы өмір сүруін тоқтатты. Тақырыпты пысықтау үшін параграфтың соңында берілген сұрақтар пайдаланылады.

Сабақты бекіту тест сұрақтары арқылы сұралады.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

- 1. Жоңғар мемлекетінің алғашқы ханы:**
 - а) Қалдан Бошоқту;
 - ә) Батыр қонтайшы;
 - б) Себан Рабдан.
- 2. Жоңғар хандығының негізі қаланған жыл:**
 - а) 1635 ж.;
 - ә) 1630 ж.;
 - б) 1640 ж.
- 3. Жоңғар хандығында қарапайым шаруалар қалай аталды?**
 - а) ойраттар;
 - ә) араттар;
 - б) отоктар.
- 4. Буддизмнің бір саласы лама дінін ұстанған жоңғар тайпалары:**
 - а) араттар;
 - ә) ойраттар;
 - б) отоктар.
- 5. Жоңғарлар қазақ даласына бірнеше рет шабуыл ұйымдастырған уақыт:**
 - а) XVII ғ. 30-жылдарда;
 - ә) XVII ғ. 40-жылдарда;
 - б) XVII ғ. 50-жылдарда.
- 6. Жоңғар хандығының аса қауіпті жауы болды:**
 - а) Моғолстан мемлекеті;
 - ә) Сібір хандығы;
 - б) Маньчжурлар.
- 7. 1678 жылы жоңғар ханы Қалдан Бошоқту басып алды:**
 - а) Халха хандығын;
 - ә) Қашқарды;
 - б) Моғолстанды.

8. 1691 жылы Халха ақсүйектері ... құрамына кіруге ант берді:

- а) Жоңғар хандығының;
- ә) Цин империясының;
- б) Чахар хандығының.

9. 1681—1684 жж. жоңғарлар екі үлкен жорық ұйымдастырды:

- а) қазақ жеріне;
- ә) қытай жеріне;
- б) Моңғолияның батыс бөлігіне.

10. Жоңғар хандығы өмір сүруін аяқтаған кезен:

- а) XVIII ғасырдың басы;
- ә) XVIII ғасырдың ортасы;
- б) XVIII ғасырдың соңы.

Үйге тапсырма. Берілген сұрақтар мен тапсырмаларды орындау. Қазақ-жоңғар қатынасы туралы хабар дайындау.

§ 10. ЖАПОНИЯ

Сабақтың мақсаты

Өтілген материалды бекіте отырып, XVI ғасырда Жапонияның әлеуметтік жағдайымен таныстыру. Токугава сегунаты кезінде жапон халықтарының қандай топтарға бөлінгендігін, олардың жүргізген саясаты мен сол кездегі діннің рөлі және оның атқарған қызметі туралы тақырып мазмұнын оқушыларға кеңірек ашып түсіндіру.

Оқулықпен жұмыс істеу, пікірлерін ортаға салып, пәнге деген қызығушылығын арттыру.

Сабақтың түрі

Саяхат-сабақ.

Көрнекі құралдар

Карта, сызба, кесте, безендірулер.

Жетекші ұғымдар және негізгі түсініктер

Токугава сегунаты, “тірі Құдай”, синтоизм діні, синкретизм, “си-но-ко-се”, “сословиелік жүйе”, “жабық есік” саясаты, “Шығыстық мораль — батыстық техника” принципі, буддизм, конфуцийлік.

Сабақтың барысы

Сабақтың мақсаты тақтаға жазылып, аялдамалар арқылы мазмұны ашылады.

Сөре: 1-аялдамада. Білім жолы.

Білім аялдмасында оқушыларға бүгінгі өтілетін сабақтың түрі мен аялдамалар мақсатын айтады. Білім жолы

аялдамасында өтілген материалды пысықтайды. Жаңа тақырыпты түсіндіруде XVII—XVIII ғасырлардағы Қытайдың әлеуметтік жағдайына байланысты сұрақтар қойып, білімдерін нақтылайды. Себебі, жаңа материалды салыстыра отырып түсіндіру тиімдірек.

Сұрақтар

1. Қытайда маньчжурлық Цин әулеті үстемдігінің орнауына не себеп болды?
2. Цин империясының мемлекеттік құрылысын түсіндіріңдер.
3. Цин империясы қай елдерге басқыншылық соғыстар жүргізді?
4. Қытайдағы қалалардың өсуі туралы не білесіңдер?


Жауапты жалпы сыныптан ауызша немесе перфокарталар арқылы да алуға болады. XVII—XVIII ғасырлардағы Жоңғар хандығы жөнінде де сұрақтарды толықтыруға болады.

Сөре: 2-аялдамада. Тағы да не білсем екен?

Енді жаңа сабақта тақырып мазмұнына қарай топтар құрылады. Демек, оқушылар оқулықты пайдаланып Жапонияның әлеуметтік жағдайымен танысады. Тақтадағы 3 шаршыға үш топтың жетекшілері Жапонияның саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайынан хабарлама жазып толтырады.

I топ

16-сызба



II топ

Жапонияда қос билік орнады.

Император көне астана Киотода тұрды.


Кугэ — император айналасындағылар.

XVII ғасыр басында барлық билік сегундардың қолында болды. Билік атадан балаға мұрагерлікпен қалдырылды. Мақсаты — халықты бағынышта ұстау, мемлекетті қорғай алатын тәртіп орнату.

Эдо қаласында сегундардың резиденциясы орналасқан.

Ш топ

17-сызба



Сөре: 3-аялдамада.

Төмендегі кестені толтыру үшін оқулықпен жұмыс істеу тапсырылады.

13-кесте

Сыртқы саясатта қандай байланыстар болды?	Не үшін?

Сөре: 4-аялдамада. Токугава кезіндегі Жапониядағы қалаларды картадан көрсетіп, қолөнер мен сауданың қалай өркендегені жайлы баяндайды. Әсіресе ең ірі қала Токугава сегунатының астанасы Эдо қаласы (қазіргі Токио) және Киото туралы да әңгімеленеді. Әрі қарай қалаларға саяхат үй тапсырмасы ретінде XVII—XVIII ғасырлардағы Жапонияның басқа қалаларына материалды даярлап толықтыру оқушыларға тапсырылады.

Сөре: 5-аялдамада. Сөздіктер, терминдер елінде.

Тақтаға жазылған термин сөздерге анықтамалар беріледі. Синтоизм, конфуцийлік, дін, синкретизм мағынасын түсіндіре отырып, Жапониядағы діндер мен олардың атқаратын қызметі және діннің сегундық билікке неге тиімді болғаны туралы түсіндіріледі.

Саяхаттанушылар бұл сабақта XVII—XVIII ғасырларда Жапонияның саяси-әлеуметтік құрылымы мен ішкі және сыртқы елдермен жүргізген саясаттарын оқу материалдары арқылы өмірмен байланыстыра отырып қорытындылайды. Сөздіктер мен терминдерге мәтін құрастыру тапсырылады.

Мұғалім бұл тақырыпта кітаппен қалай жұмыс істеуге, білім көздерінің басқа да құралдарымен өздеріне керектілерін тауып ала білуге, өз беттерінше саралауды үйренуге дағдыландырады.

Үйге оқулық материалын оқып, параграф соңында берілген сұрақтарға жауап беруге дайындалу керектігі тапсырылады.

§ 11. ИРАН

Сабақтың мақсаты

XVII—XVIII ғасырлардағы Ирандағы Сефевидтер әулеті билеген кездегі елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын айта отырып, халықтың феодалдық езгіге ұшырап, монархиялық тәртіптің орнағандығын әңгімелеу. Ауған тайпаларының Қандағар жеріне келуін, Сефевид мемлекетінің әлсіреуін, Мир Махмұд басқарған әскердің шабуылы және оның билікке келуін айту.

Нәдір шах тұсындағы Иранның ішкі-сыртқы саясатына да шолу жасай келіп, ұзаққа созылған бақталастық күресте XVIII ғасыр соңындағы Каджар әулетінің таққа отырып, билеген кезіндегі Иранның жағдайы оқушыларға түсіндіріледі.

XVIII ғасырда орыс-иран соғысы, оның себептері мен нәтижелері туралы оқушыларға үйден даярлауға қосымша тапсырма беру.

Сабақта оқушылардың өз бетімен ізденулеріне арналған қосымша материалдарды оқуға дағдыландыру.

Сабақтың әдісі

Баяндау, дәріс.

Көрнекі құралдар

Карта, оқулық, қосымша материалдар, кесте, сызбалар.

Жетекші ұғымдар және негізгі түсініктер

Сефевид мемлекеті, дивани, хассә, уакф, мулк, арбаби, райяттар, иляттар, “ұлы уәзір”, вилаеттер мен зялеттер, шарифат соты.

Сабақтың барысы

Бұл тақырып 2 сабаққа арналады. Сабақ баяндау, дәрістік әдіспен өтетіндіктен, 1-сабақта тақырып, оның мақсаттары және міндеттері түсіндіріледі. Жоспары бекітіліп, қажетті оқу материалдарына қатысты әдебиеттер тізімі беріледі.

Сабақ жоспары

1. XVII ғасыр Ирандағы Сефевид әулетінің билігі кезіндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайы, діни топтардың ықпалы.
2. XVIII ғасыр басында Сефевид мемлекетінің әлсіреуі. Ресей патшасы I Петрдің парсы жорығы.
3. Нәдір шах тұсындағы Иранның ішкі және сыртқы саясаты.
4. Қаджарлар билігі кезіндегі Иранның жағдайы.
5. XVIII ғасырдағы орыс-иран соғыстары, оның себептері мен нәтижелері.
6. Қорытынды.

Мұғалім XVII ғасырда Ирандағы Сефевид мемлекетінің аумағы және олардың кәсіптері туралы картаны және кестені пайдаланып әңгімелеуден бастайды.


1.1. Сефевид мемлекетінің құрамына Иран жерінен басқа XVI–XVII ғасырларда жаулап алған Закавказье, Кавказдың бір бөлігі, Мерв қаласына дейінгі Орта Азияның бір бөлігі, Ауғанстанның Герат, Фаррах және Қандағарды қосқандағы батыс жағы мен Белуджистан түгел кірді. (Картадан көрсетіледі.)

1.2. XVII ғасырдағы Иран елінің кәсібі — мал шаруашылығы, егіншілік пен қолөнер болды.

Мал шаруашылығында қой мен ешкі өсірілді. Онымен көшпелі күрд, лур, белудж, түрікмен, кашкай, т.б. тайпалар айналысты. Егіншілікте, негізінен, бидай, арпа, темекі, күріш, зығыр, мақта, жеміс-жидек, жүзім шаруашылығы жақсы дамыды. Қолөнер өсіресе жібек өндіру, кілем тоқу, мата жасау, парсы кілемі, иран жібегі, фарфор, фаянс, қыштан жасалған бұйымдар, зергерлік өнер қанат жайды.

1.3. Ирандағы діни топтардың ықпалын сызбамен беріп түсіндірген өте тиімді.

Иранда XVII ғасырда феодалдық қатынастар дамып, жерге, суға феодалдық меншік орнағанын айта келіп, тағы да шаруалардың феодалдарға жалданып, ауыр жағдайда күн көргені баяндалады.



2-мәселе бойынша.

2.1. Сефевид мемлекетінің әлсіреуі және I Петрдің парсы жорығын түсіндіруде мұғалім нақты деректерді іріктеп алуы керек.

1. Сефевид мемлекетінің шахы Сұлтан Хосейн (1694—1722) билігі кезіндегі дағдарыс жағдай, феодалдық қанау күшейгеніне назар аударту.

2. Сефевид мемлекетінің ыдырауына Қандағар жерін мекендеген ауған тайпалары да себеп болды.

Осы мақсатпен Иранның солтүстігіндегі ауған шапқыншыларына қарсы 1722 жылы Мир Махмұд әскерлері шабуыл жасайды.

Нәтижесінде сегіз айда Мир Махмұд сефевидтердің астанасы Исфahanды басып алғандығы картадан көрсетіліп, түсіндіріледі.

2.2. Ресей патшасының парсы жорығын жүргізу мақсатын және оның Иранға ықпалын ашып айту.

3.1. Нәдір шах тұсындағы Иранның ішкі, сыртқы жағдайы.

Нәдір шахтың Иран жерінен ауғандар мен түріктерді қуып шығуы оның беделін өсіреді. 1736 жылы феодал ақсүйектері мен дінбасылары құрылтай шақырып, Нәдірді Иранның шахы етіп жариялады.

Нәдір шах өзі билеген мемлекеттің жерін кеңейту және басқыншылық жолымен қазынаны толтыру мақсатында жаугершілік жорықтарға көшті.


14-кесте

Жылы	Қай жерге жорық жүргізді?	Нәтижесі
1729 ж.	Ауған басқыншыларына	Иран жерінен қуады
1730—1735 жж.	Түріктерге қарсы шықты	Иран жерінен қуады
1736—1739 жж.	Үндістанға жорық жасады. Орта Азияға, Дағыстан жеріне Қосөзенді басып алу мақсатымен Түркияға қарсы шығады. Делиді талқандады	Дели тоналды. Барлығы сәтсіз аяқталды

1747 жылы Нәдір шахқа халық қарсы шығады. Хорасанда бүлікшілер шахты өлтіреді.

Осылайша Нәдір шах билігінің күйреуі, оның орнына XVIII ғасыр соңында Иранда жаңадан Қаджар әулетінің билігі орнайды.

19-сызба



Каджар кезіндегі Иран жағдайларын толығырақ оқу. Оқушыларға үйге орыс-иран соғысымен қосып оқып келу тапсырылады. Екі топқа бөлініп жарыс сабақ ұйымдастыру үшін қарсыластарына карточкалық-проблемалық сұрақтар дайындап келу тапсырылады.

§ 12. АРАБ ЕЛДЕРІ

Сабақтың мақсаты

Осман империясының құрамындағы араб елдері және олардың түрік үстемдігіне қарсы күресі, Арабия елдерінің әлеуметтік-қоғамдық құрылысы мен діни қозғалыстары туралы өңгімелеу.

XVII—XVIII ғасырлардағы Араб елдерінің саяси жағдайы мен экономикалық дамуына шолу жасай отырып, Мағриб елдерін жаулауды ойластырған Наполеонның жорығын, Мысыр халқының француз отаршылдарына қарсы күресі, XVIII ғасырда Араб елдеріне еуропалық отаршылдардың келуін, Мағрибті француздар өз отарына айналдырғаны жайлы айту.

Сабақтың түрі

Аралас сабақ.

Сабақтың өдісі

Дәріс, сұрақ-жауап, өздік жұмыс.

Жетекші ұғымдар және негізгі түсініктер

Патриархаттық-феодалдық қатынас, бөдеуилер, феллахтар, уакф, “янычар” әскерлер, афшар тайпасы, шейх, пұтқа табыну, мәмлүктер, “жерін анықтау”, мұлтазим иелігі — ильтазим.

Маңызды оқиғалар:

- XVIII ғ.** — Түркі империясында саяси-экономикалық дағдарыс басталды.
- XVI ғ. мен XVII ғ. басы** — империяның әр аймақтарына халық қозғалыстары таралды, Араб феллахтары Сирия мен Иракта феодалдық қанауға қарсы қарулы көтеріліс жасап, Бағдатты алды.
- XVIII ғ. бірінші ширегі 1730—1735 жж.** — Иран Ресей қысымына түсті.
— Түрік империясы Иранға көпжылдық соғыс ашады.
- XVIII ғ. екінші жартысы** — Мысырдағы мәмлүктер патшасы Әли-бей сұлтанға қарсы шығады, 1780 ж. ағылшындардың Ост-Үнді компаниясы зорлығына арабтар қарсы шықты.

- 1671 ж.** — мәмлүктер ел билеушісін сайлады.
- 1795 ж.** — АҚШ-пен бейбітшілік, достық туралы шартқа қол қойылды.
- 1798—1801 жж.** — Франциямен соғысқан Түркия Парижбен байланысын үзді.
- 1830 ж.** — Франция Алжирге 37 мың әскермен басып кірді.
- 1834 ж.** — француздар бейбіт бітім жасады.
- 1835 ж.** — бітімді қайта бұзып соғыс ашқан.
- 1844 ж.** — Франция жаңа соғыс бастады.
- 1845 ж.** — Абд әл-Қадыр елге қайта оралып, күресті жалғастырды.
- 1849—1851,**
- 1854—1857 жж.** — Алжир көтерілістері.
- 1798 ж., 1 шілде** — Францияның Мысырға жорығы.
- 1801 ж.** — француздар толық жеңіске ұшырайды.
- 1802 ж.** — Англия мен Францияның Амьен келісімі бойынша ағылшын әскерлері елден шығарылды.
- 1804 ж.** — түріктер Мысырдан қуылды.
- 1807 ж.** — Мұхаммед Әли ағылшындарды Мысырдан қуды.
- 1808 ж.** — жер реформасын жүргізіп, феодалдар мен мәмлүк жерлерін тартып алды.

Сабақ жоспары

1. Осман империясының құрамындағы араб елдері және олардың түрік үстемдігіне қарсы күресі.
2. Мағрибтегі араб елдері.
3. Мұхаммед Әлидің ішкі және сыртқы саясаты.
4. Францияның Мысырға жорығы және нәтижесі.
5. XIX ғ. Мысырдың дамуы.

Көрнекі құралдар

Дүниежүзі картасы, кесте, сызба, безендірулер.


Сабақтың барысы

Бұл параграф 1 сағ-қа арналғандықтан мұғалім бірден жаңа сабақты түсіндіруден бастайды.

1-мәселе бойынша Араб елі және Османдарға қараған Араб жерлеріндегі пашалықтарды картадан көрсете отырып, Иерусалим және Санжақ, Ирак жеріндегі Бағдад пен Мосұл пашалығын, Арабия түбегіндегі Хиджаз және Йемен пашалықтарын да таныстырады.

20-сызба арқылы мемлекеттің әлеуметтік қоғамдық құрылысын қысқаша түсіндіруге болады.

Қанаудың күшеюі мен ауыл шаруашылығының құлдырауы, бара-бара түрік империясының әлсіреуіне әсерін тигізгені жайлы айтылады.



Оқушылар оқулықты пайдаланып XVII ғасыр ортасындағы Араб елдері жағдайының феодалдар билігі кезінде мәнін жоғалтып алу себептерін нақтылайды:

1. Жер мемлекеттікі болып есептелетін, бірақ билік феодалдар қолында болды.

2. Феодалдардың жерінен басқа мешіт-медреселер, иеленетін жерлер (уақф) жекеменшік жерлерге бөлінетін.

3. Өнім немесе ақшалай жиналатын салықтың бір бөлшегін феодалдар түрік пашаларына берген.

4. Паша сұлтан қазынасына табыстың 1/3 бөлігін ғана беріп отыратын.

5. 60% салық феодалдар қолында болды.

6. Еуропадағы капиталистік өндіріс тауарды молынан шығарды.

7. Мемлекеттің өзінің өндіріс орындары азайды.

8. Саудаға түріктер икемсіз болып шықты.

9. Басқа елдерге, Еуропаға көшіп кетушілер саны көбейді.

Осы мәселеден кейін араб халықтарының шексіз қанауға шыдай алмай, өз феодалдары мен түрік әкімшілігіне қарсы көтеріліске шыққандарын әңгімелейді. Көтерілістің барысын оқулықты пайдаланып, оқушылардың өздігінен, тестік жүйелік әдісі арқылы түсіндіруіне мүмкіндік жасайды. Сабақта бұл тақырыпқа тест сұрақтарын құрудың жолдарын түсіндіріп, үлгісін тақтаға жазып көрсету керек.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Түрік империясында саяси-экономикалық дағдарыс қашан болды?
 - а) XVII ғ. басы;
 - ә) XVII ғ. ортасы;
 - б) XVII ғ. соңы.
2. Пашалар мен билер қалай байыды?
 - а) жаулау арқылы;
 - ә) сауда арқылы;
 - б) қанау арқылы.
3. Түркияны әлсіретуге ұмтылғандар қай елдер еді?
 - а) АҚШ, Италия, Жапония;
 - ә) Ресей, Австрия, Франция, Англия;
 - б) Қытай, Еуропа елдері, Аустралия.
4. Халық қозғалыстары империяның әр аймақтарында қай ғасырда кең тарайды?
 - а) XVI ғ. соңы — XVII ғ. басы;
 - ә) XVII ғ. ортасы — XVIII ғ. басы;
 - б) XVI ғ. ортасы — XVII ғ. соңында.
5. Сирия мен Ирактағы көтерілістен кейін Бағдатты басып алған кімдер?
 - а) шейхтер;
 - ә) араб феллахтары;
 - б) Мөмлүктер.
6. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде көршілес Иран кімнің қысымына ұшырайды?
 - а) III Иван;
 - ә) Николай;
 - б) I Петр.
7. Түрік және Иран арасындағы соғыстар қай жылдары болды?
 - а) 1730—1735 жж.;
 - ә) 1780—1785 жж.;
 - б) 1740—1745 жж.

Мұғалім тест құрастырудың тәсілін үйреткеннен кейін оны үйден аяқтап келуге тапсырма береді.

2-мәселені де осы тәсілмен беру керек. Тест құрастырып, оны жаттап келу оқушылардың сабақты жақсы түсініп, есте сақтауына көмектеседі.

3-мәселе — Осман империясындағы араб елдерінің ішіндегі маңыздысы Мысыр болды. Оның тұрған жері, ежелден

белгілі Каир, Александрия сияқты қалаларын, саяси-рухани жағдайларын, Мысырға тигізген пайдаларын ауызша әңгімелеп айтып беруге болады.

Оқушыларға хрестоматиядан қосымша материалдар тауып, реферат дайындап келуге болатындығын ескертеді.

4, 5-мәселелер бойынша Францияның Мысырға жорығы мен нәтижесі және ХІХ ғасырда Мысырдың дамуы жөнінде оқушыларға мұғалім әңгімелеу әдісін пайдаланғаны жөн.

Жорықтың болған жерлерін міндетті түрде картадан көрсетулері керек және төмендегі кестені әңгіме барысында толтыруда оқушылар түсінігі арта түседі.

15-кесте

Мезгілдері	XVIII ғ. Мысырдың жағдайы	Нәтижесі

Үйге тапсырма ретінде төмендегі тарихи терминдердің анықтамасын жазып келу тапсырылады: шейх, харадж, уакф, янычар, джаззар, мүлтазим, ильтазим, ұсия, атар, үшрия, таухид.

§ 13. АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІН ОТАРЛАУ

Сабақтың мақсаты

XVII—XVIII ғасырлардағы Еуропа мемлекеттерінің Азия және Африка елдерін отарлау әрекеттеріне сипаттама беріп, алғашқы отарлаушы мемлекеттер мен олардың отар иеліктерімен оқушыларды таныстыру. Азия және Африка елдерінің түгелге жуық отарлана бастағанын ашып көрсету. XVIII ғасырда капиталистік мемлекеттердің Азия мен Африка елдерін отарлау мен ықпал аймақтарына ие болу үшін жүргізген күресі туралы нақты деректер келтіріп түсінік беру. Жаулап алынған елдердің саяси, экономикалық өміріне отарлаудың кері ықпалы, ұлт-азаттық күресті тудырғанына оқушылардың назарын аударып, отаршылдық саясат туралы ұғымды нақтылау.

Сабақтың әдісі

Шағын дәріс, сұрақ-жауап, құжатпен жұмыс, өздік жұмыс, топтық жұмыс.

Сабақ жоспары

1. Азия және Африка елдерін отарлау.
2. Англия мен Голландияның отарлауы.
3. Отарлық езгі зардаптары.
4. Отарлық жүйенің отар елдер экономикасына әсері.

Көрнекі құралдар

Карталар: “XVIII ғасыр ортасындағы дүниежүзі”, “1876—1914 жж. дүниежүзінің саяси аумақтық бөлінуі”.

Мұғалім тақырыптың мазмұнына сәйкес басқа да көрнекі құралдар пайдалануына болады. Оқушылардың көмегі мен кесте, сызба, диаграммаларды сызып, қолдану да тиімді.

Сабақта қолданылатын әдістер мұғалімнің қалауына байланысты өңгіме, сұрақ-жауап, дәріс ретінде таңдалынса болады.

Тақырыпты екі сағатта өтуге болады. Мұндай жағдайда алғашқы екі мәселе бірінші сабақта, қалғандары келесі сабақта өтіледі.

Жетекші ұғымдар мен негізгі түсініктер

Еуропалық отарлар, отарлық империя, теңіздегі қожалық, отарлы держава, жас отаршыл мемлекеттер, отарлы экспансия, отаршыл саясат, өнеркәсіптік төңкеріс (революция), әлемдік капиталистік нарықтық қатынас.

Оқушылар бұл тақырыпты оқығанға дейін жаңа замандағы Азия және Африка елдерінің тарихы туралы жеткілікті білім алған. Атап айтқанда, “Англияда капитализмнің орнығуы және дамуы”, XVII—XVIII ғасырлардағы Үндістан және Қытай тақырыптарынан отарлық басып алулар мен отаршылдық саясат туралы оқығандары ескертіледі. Оқушылар аталған тақырып бойынша Жер шары халқының ең көп тұрғыны бар дүниенің екі бөлігі — Азия және Африканың тарихын нақты оқып-үйренеді.

Бұл тақырыпты меңгерудің ерекшелігі — оқушыларға басты капиталистік мемлекеттердің XV—XIX ғасырлардағы Азия және Африка халықтарын отарлауы туралы жалпылама түсінік беріледі. Оқу материалының көлемі және сипаты бұл тақырыпты оқып-үйрену кезіндегі білімді

қалыптастыру мен бекіту, ұғым және дағдыны кең түрде қолдануға мүмкіндік жасайды. Бұл жерде оқушылардың оқулық мәтіні және басқа құжаттармен өздік жұмысын қолдану, хабарлама дайындау, конспект, сызба, кесте құру, тарихи карталарды талдау, салыстыру тапсырмаларын орындау, өзара байланыстардың себебін анықтау, қорытындыны қалыптастыруды ретімен ұйымдастыруға болады.

1. Бұл мәселе өңгімелесу әдісімен жүргізіледі. Ұлы географиялық ашулардан кейін еуропалықтардың отарлауы басталғанын оқушылар өздері-ақ айта алады. Мұғалім еуропалықтардың басқа елдерді жаулап алулары XV ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейін жалғасқанын айтып, “XVII ғасырдағы дүниежүзі” картасынан Азия және Африкадағы отарларды көрсетеді. Отаршылардың Африка жағалауына жақын ену өрекеті сәтсіз болғанын өңгімелейді. Мұғалім оқушыларға картадан Африкадағы осы кездегі мемлекеттерді тауып көрсету туралы тапсырма береді. Оқушылар мынадай мемлекеттерді атауы мүмкін: Марокко, Эфиопия, Дарфур, Вадан, Багирман, Бенин, Луанда, Конго, Мосси, Хаус.

Отарлық империяны бірінші болып Португалия мен Испанияның құрғанын айтып, оқушыларға орындауға тапсырма беріледі осы мемлекеттердің отарлық иеліктерін анықтау тапсырылады.

1-тапсырма. Португалияның отарлық иеліктері

Африкадағы

Азиядағы

Испанияның отарлық иеліктері

XV—XVII ғасырларда ие болған отарлық иеліктерінен Португалия мен Испанияның біртіндеп айырыла бастағанын картаны пайдалана отырып түсіндіріп, басты себебі экономикалық құлдырау екеніне оқушылардың назарын аударады.

2. Мұғалім картаны пайдалана отырып Голландияның Африка, Аустралия, Солтүстік Америка және Азиядағы отарлық иеліктері туралы қысқаша түсінік беріп, оқушыларға “XVII ғасырдағы дүниежүзі”, “1789—1876 жж. дейінгі отарлық иеліктер” картасын пайдаланып Африка мен Азиядағы Голландияның отарлық иеліктерін анықтауды тапсырады. Оқушыларға алдын ала даярланған Голланд, Ост-Үнді, Индонезия туралы хабарламаны оқытып, талдау жасау да тиімді. Хабарламаны дайындау үшін керекті құжаттарды көрсетіп, алдын ала тапсырма беріледі.

Сұрақтар

1. Британдық Ост-Үнді компаниясы қашан құрылды?
2. Англияның ең үлкен отарын атаңдар. Басқа мемлекеттерде (Франция, Испания, т.б.) Үндістан, Канада, Аустралия сияқты аумағы үлкен отар бар ма?
3. Англияның Қытайдағы соғысының сипаты (апиын соғыстары).

Мұғалім оқушылардың жауаптарын тыңдап, қорытынды жасайды және Англияның отарлық иеліктерін картадан анықтап, көрсетілген тапсырманы орындауды ұсынады.

2-тапсырма. Англияның отарлық иеліктері

Азияда

Африкада

Мұғалім Еуропа елдерінің отаршыл саясаты туралы оқулық кешені хрестоматиядан қосымша материал келтіріп, мәселені нақтылай түсуіне болады.

Ост-Үнді компаниясы туралы алдын ала даярланған оқушылардың хабарламасын талдауға болады.

3-, 4-мәселелерді оқушылар оқулықтан оқып, көрсетілген мәселелер бойынша конспект құрады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. Шығыс елдерін отарлау үшін Еуропаның қандай мемлекеттері арасында күрес болды?
2. “Жабық есік” саясатын ұстанған елдерді атап, оның тиімді және тиімсіз жақтарын көрсетіндер.
3. Капиталистік Батыс пен Шығыс елдері арасындағы теңсіздікті атаңдар.
4. XVI—XVII ғасырлар аралығында еуропалық отарлардың аумағы қандай болды?
5. Африканы алғаш отарлаушы еуропалық мемлекетті атаңдар.
6. Отар және жартылай отар елдерді атаңдар. Оқулықтағы картаны пайдаланып, мына жерлер қайсы мемлекеттің отарлық иелігі болғанын анықтаңдар: Мадагаскар, Индонезия, Цейлон, Алжир.
7. XVIII ғасырда Үндістан үшін күрес қандай мемлекеттер арасында болды?

Үйге тапсырма. Төменде берілген кестені толтыру.

16-кесте

Еуропа мемлекеттерінің Азия және Африка елдерін отарлауы

Отарлық иеліктері	Португалия	Испания	Голландия	Англия	Франция
Азияда Африкада					

§ 14. XVII—XVIII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ҒЫЛЫМ

Сабақтың мақсаты

Капитализмнің жаңа идеяларының мәдениеттің және ғылымның дамуына тигізген ықпалын айта келіп, ғылым мен ағарту салаларында жеке қайраткерлердің ашқан жаңалықтары қоғамды дамытудың жетекші күші болғанын ұғындыру.

Оқушыларды қоршаған ортаны игеруде ғылымның әртүрлі салаларын меңгеруге, жана прогрессивтік идеяларға ұмтылдыруға тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі

Пікірсайыс, пікірталас сабақ.

Көрнекі құралдар

Безендіру, карта, кесте, газет-журналдар.

Жетекші ұғымдар мен негізгі түсініктер

Материалдық, рухани болмыс, ағартушылық ғасыр, өнер саласы, инерция.

Сабақ жоспары

1. Мәдениеттің дамуына капитализмнің жаңа прогрессивтік идеялары.
2. XVIII ғасыр — Ағартушылық дәуірі.
3. Жеке қайраткерлердің қоғамды дамытудағы ғылым мен білім, мәдениет саласындағы құнды ой-пікірлері.
4. Шығыс әдебиеті мен өнері.
5. Қорытынды.

Сабақтың барысы

Бұл тақырыпты өтуден бір апта бұрын мұғалім келесі өтілетін сабақтың әдісі пікірталас, пікірсайыс түрінде болатынын ескертіп, тақырыппен таныстыруы керек. Оқушыларға XVIII ғасырдағы Еуропа және Солтүстік Американың рухани, әлеуметтік, саяси және мәдени өміріндегі ағартушылық-идеялық бағытындағы ой-пікірлерінен материалдар жинап келу тапсырылады. Басқа оқушыларға сол ғасырдың ағартушы ойшылдарының өмірбаяндары мен қанатты сөздерін жазып келуге тапсырма беру керек. Оқушылардың келесі бөлігі оқулық материалдарын оқып, өз пікірлерін қосып отырады.

1. Сабақты мұғалімнің өзі кіріспе сөзбен ашады. Өйткені тақырыпты таныстыра отырып, бұл ғасырдың ерекшелігін жаңа тарихтың бірінші кезеңіндегі материалдық және рухани мәдениеттегі терең өзгерістерінен көруге болатынын айтады. Қоғамды өзгерте алатын халық, халық — тек рухани құндылықтарды ғана емес, мәдениеттің материалдық алғышартын жасаушы. Ол — рухани мәдениеттің тууына тікелей қатынасушы. Халық сонымен мәдениеттің дамуында шешуші рөл атқарады. Ол күнделікті өмірде құнды пікірлер мен идеяларды тудырып отырады.

2. Тақтаға ілінген ойшылдар сөзіне талдау жасап, мәніне ой жүгірту.

Енді XVII—XVIII ғасырлардағы ғылым мен мәдениетке шолу жасайтын саясаткерлер тобы ортаға шақырылады.

Бұл топ бүгінгі сабақта өтілген тақырып бойынша ізденіп, хабарлама жасауда өздерінің мақсаттарын ашып, сұрақ қойылған жағдайда жауап беруге даяр екендіктерін айтады.

Сонымен әр ел саясаткерлері таныстырылып, оларға сөз беріледі.

1-саясаткер. И. К. Кучмаевтің мына сөздеріне анықтама береді.

— Капитализмнің пайда болуы кезеңінде буржуазия, феодалдық тәртіптерге қарсы шыға отырып, еркіндік, теңдік, туысқандық ұрандарын жариялады. Сол дәуірдің алдыңғы қатарлы ақыл иелері, гуманистері күні бүгінге дейін маңызын жоймаған мәдени құндылықтарды дүниеге әкелді.

Әлем тарихында XVIII ғасырды Ағартушылық дәуірі деп атайды. Себебі, Еуропа және Солтүстік Американың рухани, әлеуметтік, саяси және мәдени өміріндегі ағартушылық қозғалыс — білім арқылы қараңғылықтан шығудың жолын көздеді.

2-саясаткер. Иә, шындығында, XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басында қоғамдық санада өте көп күрделі өзгерістер болды.

Жаратылыстану ғылымдарының дамуы, қоршаған дүниені игерудегі жетістіктер көптеген оқымыстыларды адам танымы мүмкіндіктері туралы көзқарастарын қайта қарауға шақырды.

Нақты және гуманитарлық ғылымдардың көмегімен алынған білімдер қоғамды жақсартуға қабілетті күш деп жарияланды.

Қазақ ойшылдарының да пікірлері қоғамның қызметі және оның мәні не екендігін сол кездердің өзінде түсіне білген. Мысалы, Шоқан Уәлиханов: “Біздің тұжырымымыз ол — еуропалық, әсіресе жалпы адамның мақсатқа жету жолындағы бөгеттермен батыл күресу. Бұл — дамуға, мәдениетті өрістетуге қабілетті қандай да болсын халықтың түпкі мақсаты болу керек”.

3-саясаткер. Ағылшын философы Джон Локктың (1632—1704) пікірі бойынша, барлық білім тәжірибеден жиналады, соның негізінде ақыл-ой шығады. Адамда жоғары тұрған күштің, Құдайдың өмір сүруі туралы туа біткен түсінік болмайды. Локк баланың санасы таза парақ секілді, кейін оған өмірлік тәжірибелер өз таңбасын түсіреді деп тұжырымдады. Адамдар табиғатынан тең болғандықтан, философ барлық адам үшін бірдей еркіндік пен құқықты талап етті.

4-саясаткер. Француз ойшылдары *Монтескье* (1689—1755), *Д. Аламбер* (1717—1783), *Дидро* (1713—1784), *Вольтер* (1694—1778) туралы, олардың ағартушылық идеяларының өмірдің әр жақты салаларында және өнер саласындағы мөңдері туралы өңгімелейді.

5-саясаткер. Ағылшын ғалымы Исаак Ньютон мен неміс ғалымы Г.Лейбниц математиканың негізін қалады, олардың ашқан механика және оптика заңдары ғылымның және техниканың көптеген құпияларын шешу үшін негіз болды. Ньютон бүкіләлемдік тартылыс заңын ашты, оны Күн жүйесіндегі ғаламшарлардың қозғалысын түсіндіру үшін қолданды. Ньютон жаңалықтары, математиканың дамуы, телескоптың жетілдірілуі астрономия дамуына әсер етті. Мыңдаған белгісіз болып келген жұлдыздар, кометалар ашылды. Астрономия мәліметтері күнтізбелер, географиялық карталар құрастыру үшін қолданылып, ол теңізде жүзуді жеңілдетті.

6-саясаткер. Ұлы неміс астрономы Иоганн Кеплер туралы, оның өмірбаяны және ғылым тарихында қалдырған еңбегі жайлы хабарлайды.

Оның басты еңбегінің бірі — Коперниктің әлем жүйесі туралы ойларының астрономияға орнығуына мүмкіндік жасағандығы. Кеплер физикаға да үлес қосты. Ол тартылыс табиғатын түсінуге көзін жеткізді. Сонымен қатар физикаға *инерция* терминін енгізді.

Сабәк пікірсайыс болғандықтан оқушылар өзара сұрақ қойып, өздері оқулық мәтіні бойынша толықтырып отырады. Неғұрлым сұрақтардың көп қойылуы тақырып мазмұнын кеңірек аша түседі. Пікірсайыс аяқталған соң мұғалім тақырыпты өзі бекітіп шығады және қатысушыларға өз алғысын білдіреді.

Содан кейін оқушылар білімі бағаланады.

Үйге тапсырма. Кестені толтырып келу.

17-кесте

Кезеңі XVII—XVIII ғғ.	Қайраткерлер	Қандай жаңалықтар ашты?	Әдебиет пен өнер саласында

II бөлім. XIX ҒАСЫР МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДҮНИЕЖҮЗІ

§ 15. XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ АНГЛИЯ

Сабақтың мақсаты

XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың басындағы Англияның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына сипаттама беріп, өнеркәсіп төңкерісінің аяқталуының нәтижесінде экономиканың өркендеуін және қоспартиялық жүйенің қоғамның саяси дамуындағы рөлін ашып көрсету.

Оқушылардың назарын жұмысшы табының бірінші бас көтеруі болған чартистік қозғалысқа аударып, кәсіподақ қозғалысы туралы түсінік беру.

Сабақтың әдісі

Шағын дәріс, сұрақ-жауап, өздік жұмыс, әңгіме.

Көрнекі құралдар

Карталар: “1815—1849 жж. Еуропа”, “1870—1914 жж. Еуропа”, “Англияның XIX ғасыр соңы мен XX ғасырдың басындағы экономикалық дамуы”, “XIX ғасырдың 50—60-жылдарындағы Еуропа”.

Сабақ жоспары

1. Англияның әлеуметтік-экономикалық дамуы.
2. Жер иеленуші аксүйектердің үстемдігі.
3. Парламенттік реформа үшін күрес.
4. Өнеркәсіп төңкерісі.
5. Жұмысшы қозғалысы. Кәсіподақтарды ұйымдастыру.

Тақырыпты оқытудың барысында және қайталауда өртүрлі тәсілдерді қолдануға болады: қайталау мен қорытындылау кезінде — әңгіме, экономикалық дамуын қарастырғанда — карта және мұғалімнің әңгімесі, саяси дамуына түсінік бергенде — сызба.

Параграф тақырыпшаларын дәріс түрінде сұрақ-жауап, өздік жұмыс, әңгіме әдістері арқылы өткізуге болады.

Мұғалім дәрісті бастар алдында оқушылардың ойын дамытуға түрткі болатын сұрақтар қоюына болады.

1. Ағылшын буржуазиялық революциясының ерекшелігі неде, ол өз мақсатына жетті ме?
2. Англиядағы парламенттік монархия елді басқаруға қандай өзгеріс әкелді?
3. XVIII ғасырда Англияда өнеркәсіптің қай саласы жедел дамыған еді?

Осыдан кейін мұғалім ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы Англияның дамуын нақты деректер арқылы түсіндіруге кіріседі.

Сабақ жоспарының 1-, 2-, 3-мәселелері бойынша дәрісте көңіл аударатын қағидалар мыналар:

— ХІХ ғасырдың басындағы Англия экономикасының дамуы;

— Луддашылдар қозғалысы;

— Англиядағы заң шығару және атқару биліктері;

— Сайлау жүйесі;

— Парламенттік реформа үшін күрес.

1832 жылғы парламенттік реформа туралы әңгімелеп, маңызын ашып көрсету керек, мұғалім өз әңгімесінде қосымша материалдан деректер келтіруіне болады.

Мұғалім бұл мәселені нақты түсіндіру үшін Англияның қоспартиялы саяси жүйесінің жалпы көрінісіне талдау жасауына болады. Екі партия да ХVІІ ғасырда пайда болғанын және қазіргі күнге дейін сақталғанын атап көрсетеді. Қазіргі уақытта либералдар партиясының орнын лейбористер иемденді (1900 ж. негізі қаланды, алғаш үкімет билігіне 1924 ж. келді).


Мұғалім оқушыларға оқулық мәтінін оқып, екі партияның кімдердің мүддесін қорғайтынын анықтауды тапсырады.

4-мәселені сұраққа жауап беруден бастауға болады: Англияда өнеркәсіп төңкерісі қай уақытта басталды? Оның негізгі техникалық нәтижелері неден көрінеді? Англияның ХVІІІ ғасырдың орта кезіндегі жаңа өнеркәсіп аудандарын картадан табындар.

Мұғалім ХІХ ғасырдың ортасында Англияда өнеркәсіп төңкерісі аяқталғанын айтады. Бұл өндірістің жоғары деңгейінен көрінеді, өнімдерінің негізгі бөлігі, тіпті мәшинеге дейін ірі механикаландырылған кәсіпорындарда өндірілді. Англия өз фабрикаларын мәшиненің әр түрімен жабдықтап қана қоймай оны шетке де шығара бастады. 1826—1850 жылдары мәшинені экспорттау 6 есе өсті. 1826 жылғы дейін үкімет көптеген мәшинелерді экспорттауға тыйым салған болатын. Оқушылардан: қалай ойлайсындар, бұл тыйым салу неге алып тасталынды және мәшинені экспорттаудың тез өсуі нені көрсетеді? — деп сұрауға болады.

Англияда тұңғыш теміржол 1825 жылы салынғанын айтып, мұғалім әңгімелесу барысында оқушыларды оның


әлеуметтік-экономикалық дамудың жеке жақтарымен де өзара байланысты болды деген қорытындыға бағыттайды. Диаграмманы көрнекілік құрал ретінде пайдалану ұсынылады:



Теміржол құрылысының жедел қарқынмен дамуының алғышарты мен нәтижесін анықтауды оқушылардан сұрауға болады.

Пысықтау сызбасы төмендегідей:

21-сызба



Мұғалім оқушылармен әңгімелесу арқылы өнеркәсіп төңкерісінің Англияның әлеуметтік-экономикалық өміріне енгізген негізгі өзгерістерді атап өтуіне болады.

Өнеркәсіп төңкерісінің Англияның әлеуметтік-экономикалық өміріне енгізген өзгерістері:

1. Өндірісті механикаландыру.
2. Англия дамыған индустриялы елге айналды (сауда державасы, “дүниежүзілік шеберхана”).
3. Еңбек бөлінісі (кәсіптің жаңа түрінің пайда болуы).
4. Қалалардың, жаңа өнеркәсіп орындарының, көліктің дамуы.

Сұрақтар мен тапсырмалар


1. Англияда жұмысшы ұйымдары қашан құрылды және қалай аталды?
2. Халықтық хартия атты бағдарламада қандай талаптар көрсетілді?
3. Чартистік делегаттар арасындағы қайшылықты пікірлерді айтыңдар.
4. Чартистік қозғалыстың жеңілуінің себебі неде?
5. Тред-юниондар ықпалы қандай болды?

Мына мәселелерге назар аударылады:

1. Өнеркәсіп салаларында болған өзгерістер.
2. Революцияның жеңіп шығуына әсер еткен таптар мен топтар.
3. Қорытынды.

Өнеркәсіп өзгерістерін кесте арқылы өңгімелеуден бастауға болады. Оқушыларға дәптерге жазып отыру тапсырылады.

22-сызба



Ұсақ тауарлар өндірісі барған сайын мануфактура-лық өндіріске орын бергендігі кесте бойынша ашып түсіндірілуі керек. XIX ғасырда Англияда өнеркәсіп біршама табыстарға жеткендігін кестедегі жетістіктерден көрсетуге болады.

Үйге тапсырма. Англияның экономикалық жағдайының өзіне тән ерекшеліктерін жазып келу.

§ 16. XIX ҒАСЫРДЫҢ ОРТАСЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ АНГЛИЯНЫҢ САЯСИ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

Сабақтың мақсаты

Білімдік: XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басындағы Англияның саяси-экономикалық дамуына сипаттама беріп елдегі негізгі партиялар мен саяси топтардың және парламенттік реформалардың мәнін ашып көрсету. Оқушылардың назарын “Британ империясы” деген атау алған сыртқы саясатына аудару.

Дамытушылық: жаңа материалдың мәселелерімен таныстыру арқылы, алдын-ала проблемалық, логикалық тапсырмалар беріп оқушылардың ойлау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік: Англияның сыртқы саясатына баға беру, “Британ империясы” терминінің мәнін ашып көрсету арқылы оқушыларды тарихи фактілерге сын көзбен қарауға баулу.

Көрнекі құралдар

Карталар, сұлба, сызбалар.

Сабақтың әдісі

Аралас сабақ (өзара белсенділікті арттыру, әңгіме, сұрақ-жауап, тест сұрақтары).

Сабақ жоспары

1. Саяси партиялар.
2. XIX ғасырдың екінші жартысындағы парламенттік реформалар.
3. Англияның экономикалық дамуының ерекшелігі.
4. Англияның сыртқы саясаты.
5. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Англия.

Оқушылардың ынтасын сабаққа бейімдеу үшін өткен сабақ бойынша төмендегідей сұрақтар қоюға болады.

1. Англиядағы билік ететін қос партияны атаңдар, олар кімдердің мүддесін көздеді?
2. Англия парламентінің екі палатасының құрамын атаңдар.
3. 1819 жылы лорд Ливерпул кабинеті қандай әлеуметтік заң қабылдады?
4. XIX ғасырдың 50—60-жылдары не себепті Англия “дүниежүзілік шеберхана” аталды?


Сабақтың ендігі кезеңі оқушы ойын одан әрі дамытуға арналуы тиіс. Параграфтың бірінші тақырыпшасы бойынша оқушыларға тапсырмалар беріп, оны кесте түрінде орындау тапсырылады.

18-кесте

Англиядағы саяси партиялар мен топтар	Кімдердің мүддесін қорғады?
1.	
2.	
3.	
4.	

Сынып оқушыларының дамытушылық қабілетін ұштау сұлба арқылы әрі қарай жалғасады.

Англиядағы саяси партиялардың саясатындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар



Екінші тақырыпшаны түсіндіргенде оқушылардың назарын жарты ғасырға созылған үздіксіз реформалардың нәтижесінде Британияның саяси құрылысы демократиялық сипат алғанына аудару керек.

Қос партия ұсынған парламенттік реформаның жобаларын сұрақтар арқылы талдауға болады.

Сұрақтар

1. 1866 жылы либералдық партия қандай заң жобасын ұсынды. Қалай ойлайсыңдар бұл жобаға консерваторлар қалай қарады?
2. 1866 жылғы консерваторлар ұсынған заң жобасы либералдар жағынан да қолдау табуының себебі неде?
3. 1884 жылы үшінші парламент реформасы қандай заңдар қабылдады?

Үшінші тақырыпшаны меңгерудегі негізгі қағидалар:

— 70-жылдардағы Ұлыбританияның ең күшті еуропалық мемлекетке айналуы;

— капиталды шетке шығарудың артуы;

— экономикалық дамуы қарқынын төмендеуінің себептері.

Келесі қаралатын Англияның сыртқы саясаты туралы мәселеде “Британ империясы”, “империализм” сөздеріне түсінік беріледі.

Оқушылар оқулық мәтінінен Британияның 80—90-жылдары басып алған жаңа отарларын тауып картамен жұмыс жасайды.

Мұғалім тақырыптағы мәселелерді түсіндіргеннен кейін, осы материалды оқушылардың қалай меңгергенін байқау мақсатында сұрақтар қойып, пысықтағаны жөн.

Бекіту сұрақтары

1. XIX ғасырдың ортасында Англияда қандай саяси партиялар мен топтар болды?
2. У.Гладстон мен Б.Дизраэлидің парламенттік реформаларының ұқсастығы мен айырмашылығы неде?
3. 1884 жылғы үшінші реформада дауыс беру құқығы кімдерге берілді?
4. XIX ғасырдың 70-жылдары ағылшындар қай елдерге тауар шығарды?
5. Англия экономикасының даму қарқынының төмендеуінің бірнеше себептерін көрсетіндер.
6. XX ғасырдың басында монополиялық бірлестіктер қандай түрде пайда болды?

Үйге тапсырма. Термин сөздердің мағынасын дәптерге жазу. Конспект жазу.

§ 17. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ФРАНЦИЯ

Сабақтың мақсаты

XIX ғасырда Францияда Вена конгресінің шешімдерін қабылдаған мемлекеттер және оның мәнін әңгімелеу. I Наполеон соғысынан кейінгі Еуропада қалыптасқан саяси жағдайды реттейтін тұрақты конгрестер жүйесіне тоқтала отырып, мемлекеттердің шекара бөлісіндегі өзгерістерін айту. Қасиетті Одақ және Франциядағы революциялардың басталу себебінің мәні мен олардың тарихи маңызын ашу.

Оқушылардың өз елін, жерін қорғап, оның тыныштығы мен беріктігін бағалауға баулу.

Көрнекі құралдар

Карта, слайд, сызба, құжат материалдары, суреттер.

Сабақтың әдісі

Аралас сабақ (слайд, сұрақ-жауап, топпен жұмыс, диалог).

Сабақ жоспары

1. XIX ғасырлардағы Францияның ішкі-сыртқы жағдайы.
2. Вена конгресі.
3. I Александрдың ерекше келісімшарты — 1815 ж., 26 қыркүйек”.
4. Қасиетті одақтың құрылуы.
5. Бурбондарды қайта қалпына келтіру.
6. XVIII Людовик жариялаған 1814 жылғы Хартия. 1830 жылғы революция.
7. 1848 жылғы Ақпан революциясы және Екінші республиканың жариялануы.
8. Франция-Германия соғысы.
9. Париж Коммунасы.
10. Үшінші Республика.
11. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Франция.

Бұл тақырыпты мұғалім Оразақынованың сатылай кешенді талдау технологиясы әдісімен жүргізуіне болады.

Тақырып мазмұнын осы әдіспен жүйелеу бойынша толық талданады.

Бұл деңгейдегі талдау үлгісі соңғы деңгейлердің барлығына тірек, негіз болады. Жүйелеу бойынша тарихи материалдарды сатылай кешенді талдауда бірнеше іс-әрекет қатар жүзеге асады. Мұғалім де, оқушы да жазады, дауыстап айтады, естиді, көзімен көреді, естіген нәрсені есінде ұзақ сақтайды.

Мұғалім тарих білімінің салаларының әр түріне негіз етіп алынатын сызбаларды басшылыққа ала отырып, тарихи анықтамаларды оқушының ұғымына сай, түсінігіне жеңіл дәлелдемелер түрінде ұсынады.

Сабақтың барысы

1. Қарастырылатын хронологиялық кезеңі — XIX ғасыр. Мұғалім оқиғалар барысын әңгімелеп, тарихи шешімдерге тоқталып өтеді.

1) 1814 жылы қыркүйекте болып өткен Вена конгресі.

2) Қатысқан мемлекеттер саны — 216 мемлекет. Оның төртеуі (Австрия, Англия, Пруссия және Ресей) шешім қабылдады.

3) Мақсаты — Еуропадағы саяси жағдайларды шешіп, монархтар билігін қалпына келтіру.

4) Жетекшісі — Клеменс фон Меттерних.

5) Нәтижесі — Испанияда, Неаполь корольдығында, Францияда Бурбондар билігі орнады.

2. Францияда “тосқауыл” мемлекеттің пайда болуын түсіндіруде сызба пайдалану.

1) Бельгия мен Голландияның бірігуінен Нидерланды корольдығы құрылды.

2) Италияда Сардиния корольдығы құрылды, оған Генуя кірді.

3) 300-ден аса мемлекеттің орнына 38 мемлекеттен тұратын Герман одағы құрылды.

4) Францияны сақтау туралы шешім 1815 жылы қарашада қабылданды.

5) Австрия Венеция, Ломбардияны алды, ал Габсбургтер әулеті меншігіне Тоскана, Модена, Парма герцогтіктері кірді.

6) Пруссияға Рейн облысы, Вестфалия, Померания қосылды. Финляндия, Бессарабия, Польша Ресейге өтті.

3. “Қасиетті Одақ” пактісін түсіндіру.

1) Хронологиялық кезеңі — 1815 жыл 26 қыркүйек.

2) Негізін қалаған — I Александр және Еуропа мемлекеттерінің монархтары.

3) Мақсаты — Еуропадағы бейбітшілік пен тәртіпті сақтау, белгілі бір мақсаттар төңірегіне бірігу.

4. Бурбондарды екінші рет қайта қалпына келтіру.

1) Хронологиялық кезең — 1814 жыл.

2) Хартия құру мәні — ар-ұждан бостандығы мен революция кезінде шіркеуден, ақсүйектердің тәркіленген жер мен мүлікті сату заңдылығы.

3) Жетекшілері — Жозеф де Местр, виконт де Бональд.

4) Нәтижесінде 1815 жылы “Теңдесі жоқ” палата деген атқа ие болуы.

5) 1825 жылы өтемақы ретінде ақсүйектерге миллиард франк төлеуге шешім қабылдады.

6) 1830 жылы 27 шілдеде Францияда жана революция басталды.

5. Шілде монархиясы.

1) Хронологиялық кезең — 1830—1848 жылдар.

2) Алғышарты — жеке-дара билік іс-әрекеттері X Карл және әулетінің озбырлық әрекеті күшейді. Буржуазияның аса ірі бай өкілдері — қаржы ақсүйектері үстемдік етті.

3) Басталуы 1830 жылы 29 шілде Тюильри сарайын басып алып, үш түсті жалау тікті.

4) Мақсаты Палата депутаттарының, құқықтарын кеңейту сайлауға дауыс беру мүмкіндігіне ие болу. Баспасөз бостандығын беру.

5) Нәтижесінде буржуазияның дворяндықтары жеңді, француз банк иелерімен ірі капиталистер жақындасты, Луи Филипп күресті әрі жалғастыруға кірісті.

6. Франциядағы Екінші республика.

1) Хронологиялық кезеңі — 1848 жылы 22 ақпан.

2) Алғышарты:

а) 40-жылдардың ортасынан бастап дағдарыстар күшейді;

ә) Сайлау заңдарын өзгертуге тыйым салу мен қаржы ақсүйектерінің үстемдігіне наразылықтардың күшеюі.

3) Түрткі болған жағдай — сайлау жүйесі жақтаушылардың кезекті отырысының өтуіне тыйым салынуы.

4) Мақсаты — Шілде монархиясының сайлауының заңдарын өзгерту.

5) Қозғаушы күші — халық.

6) Барысы:

а) 22 ақпанда париждіктер алаңға шықты;

ә) 1,5 мыңдай баррикада құрылды;

б) 24 ақпанда Луи Филипп тақтан бас тартып қашып кетті.

7) Дворяндар лауазымын жойды.

8) 21 жасқа толған барлық ер адамдар үшін сайлау құқығы енгізілгені туралы декрет қабылданды.

9) Нәтижесінде:

а) 25 ақпанда жұмысшыларға еңбек ету құқығына кепілдік беретін декрет қабылданды;

ә) жұмыссыздықпен күресу үшін Ұлттық шеберханалар құрылды;

б) салықты 45%-ға көбейтті.

7. Париж жұмысшыларының маусым көтерілісі.

1) Хронологиялық кезеңі — 1848 жыл, 23 маусым.

2) Сипаты — демократиялық Париж.

3) Қозғаушы күші — жұмысшылар.

4) Жазалау әрекеті — 150 мың әскер ұйымдастырылды, зеңбіректер пайдаланылды, көтерілісшілер 4 күн бойы төтеп берді. 26 маусымда басып-жаншылды.

5) Нәтижесінде — 1848 жылы 4 қарашада Екінші республиканың Конституциясы қабылданды, ол президенттік лауазымды енгізді.

1848 жылғы 10 желтоқсан президент сайлауының жеңістері мен олар жүргізген саясатты мұғалім үйде оқып келуге оқушыларға береді.

III Наполеон Францияның дүниежүзіндегі ықпалын кеңейтуге белсене қатысқандығын айтады. Қырым соғысының (1853—1856 жж.) Францияға әкелген зардаптарын әңгімелейді. 60-жылдардың екінші жартысынан оқшаулану себебін аша отырып, барлық елдермен қарым-қатынасының бұзылуы тағы да соғыс қаупін тудырғанына көңіл аудартады.

Франция-герман соғысы және Үшінші республика тақырыпшасының мазмұнын талдап келуге үйге тапсырма ретінде беру керек. Себебі, соғысқа итермелеген себептерді тауып, оның XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Франция экономикасына тигізген зардаптарын білген жөн.

Қорытындыны төмендегі сұрақтарға жауап берумен сабақты бекіту керек.

Сұрақтар

1. Қандай мемлекеттер Вена конгресінің шешімдерін қабылдауға қатысты?
2. Вена конгресінің маңызды шешімдері қандай?
3. Қасиетті Одақ қандай мақсатпен құрылды?
4. Шілде, Ақпан революциясының себебі, сипаты, тарихи маңыздары неде?
5. Луи Наполеонның беделін түсірген қандай саяси жағдай?
6. Франция-Герман соғысына итермелеген себептер.
7. Үшінші республиканы неге Герцогтер республикасы деп атады?
8. Франциядағы ереуілдер қозғалысының бой көтеру себептері неде?

§ 18-19. ГЕРМАНИЯ ЖӘНЕ ИТАЛИЯ

Сабақтың мақсаты

Германия мен Италияның әлеуметтік-экономикалық дамуына салыстырмалы түрде сипаттама беріп, 1848—1849 жылдардағы революцияның мақсаттарымен қорытындыларын ашып көрсету. Германия және Италияның бірігу жолдарын және ерекшелігі мен ұқсастығын нақты деректермен түсіндіру.

Көрнекі құралдар

XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі Еуропаның картасы, суреттер, тірексызбалар, кестелер.

Сабақты мұғалімнің қалауына байланысты аралас сабақ, дәріс түрінде, сұрақ-жауап, топпен жұмыс, мәтінмен жұмыс, шағын пікірталас әдістерін қолдану арқылы өткізуге болады.

Сабақ жоспары

1. Германия және Италияның әлеуметтік-экономикалық дамуы.
2. Германия және Италиядағы 1848—1849 жылдардағы революциялар, олардың қорытындылары.
3. Италияның бірігуіне дайындық және бірігудің аяқталуы.
4. Германияның бірігуі және Герман империясының құрылуы.
5. Герман империясының және Италияның әлеуметтік-экономикалық дамуы.
6. Германияның мемлекеттік құрылымы. Италияның саяси құрылымы.
7. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Германия және Италияның экономикалық және саяси дамуы.

Жетекші ұғымдар мен негізгі түсініктер

Парламенттік жолмен бірігу. “Корольдық соғыс”, “Гарибальди мындығы”, Рейхстаг, канцлер, “арийлік мифология”.

Маңызды оқиғалар:

- | | |
|-----------------------------|-----------------------------------------------------------------|
| 1848 ж., наурыз | — Пруссияда революция басталды. |
| 1849 ж., наурыз | — Біріккен Германия конституциясы қабылданды. |
| 1848 ж., қаңтар | — Сицилиядағы көтерілістен Италиядағы революция басталды. |
| 1859 ж., сәуір | — Италияның Австриямен соғысы. |
| 1870 ж., 20 қыркүйек | — Рим Италияның астанасына айналды. Италияның бірігуі аяқталды. |

1870 ж.

— Франция-Пруссия соғысы.

1871 ж., 18 қаңтар

— Герман империясының құрылғандығы жарияланды.

Әдістемелік құралда біріктіре беріп отырған екі мемлекеттің тарихы материалының көлемділігін ескере отырып оқушыларға нақты түсініктер беру мұғалімнің сабақта қолданатын әдіс-тәсілдері мен шеберлігіне байланысты. Жұмыс түрлерін таңдағанда мұғалім олардың түрлі тұрпатта болғанына назар аударуы керек.

Сабақты екі түрлі нұсқамен өткізуге болады.

1-нұсқа. Жоспардың 1-, 2-мәселелері картаны пайдалана отырып өздік жұмыс, әңгіме, сұрақ-жауап арқылы ретімен түсіндіріледі.


Жоспардың 3-, 4-мәселесін оқушылардың өздік жұмысы арқылы талдауға болады. Оқушыларды топқа бөліп, екі мемлекеттің мәселелері қатар қаралады. 5-, 6-, 7-мәселелер кесте, сызбалар арқылы салыстыру, мұғалім әңгімесі түрінде түсіндіріледі.

2-нұсқа. Мұнда жоспардың 1-, 2-мәселелерін шағын дәріс арқылы түсіндіріп оқушылардың ойын дамыту үшін салыстыру сұрақтары беріліп отырады.

1. Капиталистік қатынастар қарқынды дамыған Германия мемлекетін атаңдар. Себепін түсіндіруге тырысыңдар.
2. Германиядағы жеке мемлекеттердің экономикалық бірігуіне қандай одақтың құрылуы маңызды болды?
3. Германия және Италия мемлекеттерінде өнеркәсіп төңкерісі қашан басталды және қандай өнеркәсіп түрлері дами бастады?
4. Германия және Италия мемлекеттерінде болған 1848—1849 жылдардағы революцияның ортақ себебі мен мақсатын атаңдар.
5. Германиядағы және Италиядағы ұлттық қозғалыстар өз мақсаттарына жетті ме?
6. 1831 жылы құрылған “Жас Италия” ұйымының мақсатын айтып беріңдер.

Оқушылардың логикалық-дамытушылық қабілеттерін ұштауға үнемі назар аударылуы керек.

Ол үшін мынадай жұмыстар беруге болады. Екі мемлекеттегі 1848—1849 жылдардағы революцияның ортақ себебі мен мақсатын және ерекшелігін анықтауды сызба түрінде орындау.



Тақырып жоспарының 3-, 4-мәселелері оқушылардың өздік жұмысы арқылы талдауға болады. Ол үшін мынадай топтық жұмыс ұсынылады. Оқушылар топтарға бөлінеді және екі мемлекеттің мәселелері қатар қаралады. Әр топқа берілетін тапсырма тақтаға мынадай түрде жазылады.

19-кесте

I топ Германияның бірігу жолы	II топ Италияның бірігу жолы
1. Ерекшелігі	1. Ерекшелігі
2. Ұқсастығы	2. Ұқсастығы

Тақырыптың қалған мәселелері мұғалімнің әңгімесі, кесте, тірек-сызбаларды пайдалану арқылы жүргізіледі.

20-кесте

Германияның және Италияның мемлекеттік құрылысы

Германия	Италия
<ol style="list-style-type: none"> 1. Империя — 22 монархия одағын құрады 2. Мемлекет басшысы — император (кайзер) 3. Үкімет басшысы — рейхсканцлер 4. Рейхстаг 5 жылға сайланады. Жоғарғы палата (бундесрат). Төменгі палата (бундестаг) 5. Рейхстагқа барлық ірі саяси партиялар кірді 	

Сұрақтар

1. Герман империясы экономикасының жедел дамуының себебін атаңдар.
2. Кавур және Гарибальди қызметіне салыстырмалы түрде баға беріңдер. Олар кімнің мүддесі үшін әрекет етті және қандай мақсаттарды көздеді?
3. Германиядағы және Италиядағы 1848—1849 жылдардағы революция өз мақсатын орындаған жоқ. Ол қандай мақсаттар еді?
4. Италияны және Германияны біріктіруде басты рөлді қайсы корольдықтар атқарды? Неліктен деп ойлайсыңдар?
5. Италия және Германияның бірігу тарихында мына адамдардың қызметіне баға беріңдер: Кавур, Бисмарк, II Виктор Эммануил, Д. Гарибальди.

§ 20. РЕСЕЙ

Сабақтың мақсаты

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы Ресейдің экономикалық дамуына сипаттама беріп, феодалдық-басыбайлылық жүйенің қоғамдық прогреске тосқауыл болғанын және капиталистік қатынастың дами бастағанын ашып көрсету. Өнеркәсіптің дамуы жөнінде деректер келтіріп, өнеркәсіп төңкерісінің ерекшелігі туралы түсінік беру. 1861 жылғы реформаның мазмұнын өңгімелеп, оның буржуазиялық сипатын ашу. Ресейдегі қалыптасқан революциялық ахуал мен оның белгілеріне оқушылардың назарын аударып, 1905—1907 жылдардағы революция империализм дәуіріндегі алғашқы халық революциясы болғандығын атап көрсету.

Көрнекі құралдар

XIX—XX ғғ. Ресейдің әлеуметтік экономикалық және саяси карталары, “Ресейдегі 1861 жылғы реформа”.

Сабақтың өдісі

Өңгіме, баяндау, дәріс, сұрақ-жауап, құжатпен жұмыс.

Сабақ жоспары

1. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуы.
2. 1861 жылғы реформаның сипаты және негізгі принциптері.
3. Халық еріктілері қозғалысы.
4. Марксизмнің таралуы.
5. Патша өкіметінің орыс-жапон соғысындағы жеңілісі.
6. 1905—1907 жылдардағы революциясы.

Тақырыптың материалы екі сағатқа жоспарланғандықтан алдыңғы үш мәселе бірінші сабақта, қалған мәселені келесі сабақта өткізген дұрыс. Мәселелердің мазмұнына байланысты бірінші сабақты аралас, ал екінші сабақты дәріс түрінде өткізу ұсынылады.

Жетекші ұғымдар және негізгі түсініктер

Феодалдық-басыбайлылық жүйе, капиталистік кәсіпкерлік, нарықтық қатынас, реформа, революция, халықшылдар, революциялық ұйым, марксизм.

Маңызды оқиғалар:

1861 ж., 19 ақпан — басыбайлылық құқықты жою.

XIX ғ., 60-ж. — Халықшылдар қозғалысы.

1874 ж. — “Халыққа” деген үндеудің тарапуы.

1875 ж. — “Жұмысшылардың Оңтүстік Ресей одағы” құрылды.

1878 ж. — “Жұмысшылардың Солтүстік одағы” құрылды.

1883 ж. — “Халықты азат ету” тобы құрылды.

Мұғалім тақырыпқа арналған кіріспе сөзінде XIX—XX ғасырлар аралығында Ресей Еуропаның ең ірі мемлекеттерінің бірі болғанын, құрлықтың біршама бөлігін иемденгенін айтып, халқының саны XVIII ғасырда 11 млн-нан 36 млн-ға дейін көбейсе, 1913 жылғы мәлімет бойынша 159 млн-нан астам болғанын атап өтеді. Ресей көпұлтты мемлекет. Оның құрамында қоғамдық дамудың түрлі сатысында тұрған 100-ден астам түрлі халықтар мекендеді. Халқының басым көпшілігі деревняда (80%) тұрды, қала халқы 1913 жылғы 28,5 млн-ға жетті. Басыбайлылық елдің дамуына кедергі болғанын айтып, карта бойынша XIX ғасырдың басында Ресей империясы аумағының кеңеюіне шолу жасайды.

Мұғалім Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуын былайша түсіндіруіне болады:

— Басыбайлылық жүйенің дағдарысы.

— Ресей экономикасында капиталистік жүйенің дами бастауы.

— Халықтың әлеуметтік құрамындағы өзгерістер.

Сұрақ-жауап арқылы басыбайлылық жүйенің дағдарысын талдап, оның қоғамдық дамуға тосқауыл болғаны анықталады.

Ресейдің XIX ғасырдың бірінші жартысындағы экономикалық дамуына сипаттама беріп, өнеркәсіп орындары санының өскендігіне мысалдар келтіреді.

Егер 1800 жылы 1200 ірі өнеркәсіп орны болса, оларда істейтін жұмысшы саны 700 мыңнан асты. Ол кездегі өнеркәсіп дамуының үстем түрі — ұсақ тауарлы өндіріс пен мануфактура болды, дегенмен фабрикалар да пайда бола бастады. Қолөнер кәсібі қалада да, әсіресе деревняда да одан әрі дами берді. Картадан Ресейде алғаш дамыған мақта мата өнеркәсібінің орталықтарын көрсетуге болады. Ауыл шаруашылығында да өзгерістер болып, капиталистік жолға түсе бастағанын оқушылар жеңіл түсінеді.

Бұл мәселені мұғалім сұрақ қоюдан бастайды: өнеркәсіп төңкерісі деген не? Англияда өнеркәсіп төңкерісі қашан басталды, қашан аяқталды? XVIII ғасыр орыс өнертапқыштарын атаңдар. Мұғалім оқушылардың жауабын қорытындылап, Ресейдің экономикалық дамуы алдыңғы қатарлы капиталистік елдердің экономикалық дамуынан едәуір артта қалғанына мысал келтіреді. Ресейде өнеркәсіп төңкерісі XIX ғасырдың 30-жылдарында басталып, басыбайлылық құқық жойылғаннан кейін ғана (80-жылдары) аяқталды. Халқының 90%-ын құраған Ресейдің ауыл шаруашылығында техника жағы төменгі дәрежеде болды. Алайда XIX ғасырдың ортасында жаңа агротехниканы, ауылшаруашылық мәшинелерін қолдану арқылы өндіріс өнімдерінің көлемі арта бастады.

Ресейде тұңғыш бу кемесі Невада 1815 жылы пайда болды. 1850 жылға қарай жүзге жуық бу кемесі болды.

Орыстың аса ірі оқымыстылары техникалық мәселелердің теориялық және практикалық шешімдерімен жұмыс істеді. Аса ірі математик *П.Л.Чебышевтің* (1821—1894) зерттеулері қойған мәселелерінің кеңдігімен және математика проблемаларын жаратылыстану ғылымдары мен техниканың дамуына байланыстыруға ұмтылуымен таңғалдырды. Чебышев аса ірі механик болған. Оның мәшинелер мен механизмдер теориясы жөнінде ашқан жаңалықтарының орасан зор практикалық маңызы болды. Чебышев Петербургтегі математикалық мектептің негізін қалаушы.

Мұғалім Ресей империясы аумағының кеңеюі мен қосылған жерлерді оқушылардың оқулықтан оқып, картадан көрсетулеріне тапсырма береді.

Оқулық мәтінін оқып келесі сызбаны орындау ұсынылады:

Ауыл шаруашылығындағы өндіргіш күштердің тежелуі

1. _____
2. _____
3. _____

Мұғалім П Александр патшаның 1861 жылы 19 ақпанда басыбайлылық құқықты жою туралы заң жобасына қол қойғанын, бірақ оны кейін, 5 наурызда жариялағаны жөнінде әңгімелеп береді.

2-мәселеге қатысты тарихи құжаттарды пайдалану тиімді. 1861 жылғы Ережелер және бекітілген заң помещиктердің жер иелігіне қатысы бар шаруалар мен малайларды азат ету, басыбайлылық құқықтың толық жойылғандығын баяндайды.

Құжаттан алынған кейбір үзінділер

3. Помещиктер меншіктік құқықты сақтай отырып, “Ережеде” белгіленген көлемде бұрынғы басыбайлы шаруалардан жер телімімен қамтамасыз етуге міндетті.

6. Шаруаларға жер және басқа пайдаланылатын бөлік беру және өзге де міндеткерліктер помещиктер мен шаруалардың өзара ерікті келісімі бойынша белгіленеді.

8. Жергілікті Ереже негізінде белгіленген міндеткерлігі үшін помещиктер шаруалардың тұрақты пайдалануына жер бөліп бергеннен кейін, алдағы уақытта, қандай жағдай болса да, жердің сол көлемінен артық жер беруге міндетті емес.

17. Басыбайлылық тәуелділіктен босаған шаруалар шаруашылық істері бойынша селолық қоғам құрайды, жергілікті шаруалардың басқарылу органы — болысқа бірігеді. Әрбір селолық қоғамда және әрбір болыста қоғамдық істерді басқару осы ереже негізінде қоғамға және сайлау органына беріледі.

148. Шаруа қожалығы селолық қоғамның шешімімен помещиктер қарамағына және вотчиналық полицияға беріледі.

149. Помещик өзіне жер иелігі аумағында қоғамдық тәртіптің және қоғамдық қауіпсіздіктің сақталуын бақылап отыруға құқықты.

158. Осы ереже бекітілгеннен кейін алғашқы 9 жыл ішінде егер помещик қандай да болсын шаруаның қоғамда болуы зиянды немесе қауіпті деп тапса, помещикке ол шаруаны шығаруды қоғамның өзіне бұйыру және оны үкіметтің қарауына беру құқығы беріледі. Помещиктің ұсынысымен қоғам келіспеген жағдайда, помещик ол туралы шаруалар ісі жөніндегі Губерниялық мекемеге беру үшін уездік қауымдық съезден өтіне алады.

160. Помещик қоғамдық бітім жарлығын қолданылып жүрген қаулыларға сәйкес емес немесе селолық қоғамның әл-ауқаты үшін зиянды не помещиктік құқықты бұзады деп тапса, мұндай кесімнің орындалуын тоқтатып, оны Қауымдық төрешіге хабарлайды, ол помещиктің заңды талабын дереу қанағаттандыруға міндетті.

Мұғалімнің назар аударатын мәселесінің бірі — Ресейдегі басыбайлылық құқықтың жойылуы. Оқушылардың ынта-сын арттыру үшін оқу құралындағы материалға қосымша хрестоматиядағы және осында көрсетілген басыбайлылық тәуелділіктен босанған шаруалар жөніндегі 1861 жылғы 19 ақпандағы Ережелердің (үзінді) мазмұнын пайдаланғаны дұрыс.

Оқушыларға мынадай мәліметтерден сызба құрастыру тапсырылады.

Шаруалардың азаматтық және мүліктік құқықтары:

- 1) Некелесу;
- 2) Шарт, сауда келісімін жасау;
- 3) Кәсіпшілікпен, саудамен айналысу;
- 4) Басқа сословиеге (мещандар, көпестер) ауысу;
- 5) Қызметке немесе оқу орнына түсу;
- 6) Мал-мүлік алу, оны мұраға қалдыру.

Мұғалім шаруалардың толық емес азаматтық құқық алғанына мысалдар келтіреді. Ұрыш-соғу жазасы сақталды. Ойластырылған салық төлеуге міндетті болды.

Реформаның басты мәселесі — жер туралы мәселе басыбайлылық тұрғыда шешілгенін әңгімелеп, жердің помещиктер меншігі болып жарияланғаны, ал шаруалар жерді тұрақты қолдануға міндеттілік үшін алғанын түсіндіру керек.

1861 жылғы реформа

Реформаның буржуазиялық сипаттары
Реформадан кейін де сақталып қалған басыбайлылық сарқыншақтар

3. Мұғалім келесі мәселені дәріс түрінде түсіндіреді. Төмендегідей мәселелерге назар аударылады:

- Халықшылдардың саяси көзқарасы.
- Халықшылдардың практикалық революциялық жұмыстары.
- Халықшылдар қозғалысының әлсіз жағы.
- “Жұмысшылардың Оңтүстік Ресей одағының” құрылуы және оның мақсаты.
- “Жұмысшылардың Солтүстік одағының” құрылуы және оның бағдарламасы.

Мұғалім дәрісінде қосымша материалдарды пайдаланып, революциялық ұйымдарға және олардың бағдарламаларының мазмұнына түсініктер береді. “Жұмысшылардың Солтүстік одағының” бағдарламасынан үзіндіні оқып таныстыру, оқушылардың түсінігін нақтылай түседі.

4. Ресейде марксизмнің таралуын оқулықтан оқушылар өздері оқып ұғынады. Оқушылардың өтілген тақырыпты қаншалықты түсінгенін тест сұрақтары арқылы тексеруге болады (ауызша сұралады).

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. 1880 жылдың басындағы марксизмнің ірі теоретигі және насихаттаушысы кім?
 - а) В. И. Ленин;
 - ә) Е. О. Заславский;
 - б) Г. В. Плеханов.
2. Алғашқы маркстік ұйым қалай аталады?
 - а) “Солтүстік одақ”;
 - ә) “Оңтүстік одақ”;
 - б) “Халықты азат ету” тобы.
3. П. Б. Аксельрод кім?
 - а) “Еңбекті азат ету” тобын ұйымдастырушы;
 - ә) Ресейде алғаш рет марксизмді таратушы;
 - б) “Халыққа бару” идеясын ұсынушы.
4. Жұмысшылардың таптық санасының көтерілгені қандай оқиғадан кейін көріне бастады?
 - а) 1885 ж. Морозовтық ереуіл;
 - ә) 1883 ж. “Халықты азат ету” тобының құрылуы;
 - б) 1874 ж. “Халыққа” деген үндеу.
5. Ресейлік азаттықты жеңіп алуды қандай ұйымның бағдарламасы алға қойды?
 - а) “Солтүстік қоғам”;
 - ә) “Оңтүстік қоғам”;
 - б) “Халықты азат ету” тобы.

5. Мәселені түсіндіру барысында мына қағидаларға назар аударылады:

- Патша өкіметінің орыс-жапон соғысындағы жеңілісі.
- 1905—1907 жылдардағы революциясының мақсаты.
- Революцияның ерекшелігі.
- Революцияның қозғаушы күші.
- Батыстағы ХІХ ғасырдағы буржуазиялық революциялардан айырмашылығы.

- Революцияны іске асырудың түрі — қарулы көтеріліс.
 - Революцияның жеңілу себептері.
 - Революцияның маңызды жақтары.
- Үйге тапсырма.** Сұрақтар мен тапсырмаларды орындау.

1. 70-жылдардағы революционерлерді неліктен халықшылдар деп атаған?
2. Ресейдегі революциялық қозғалыстар ұқастығын атандар.
3. “Жұмысшылардың Оңтүстік Ресей одағы” қандай идеяны үгіттеді?

§ 21. АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ

Сабақтың мақсаты

XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы онжылдығындағы АҚШ-тың әлеуметтік-экономикалық дамуына сипаттама бере отырып, Батыс Еуропадан, әсіресе Англиядан әлдеқайда артта қалса да, XIX ғасырдың бірінші ширегінен бастап ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптерде болған өзгерістерге тоқталу. Жер кеңейту мәселесі мен екі партиялы жүйенің қалыптасу мөнін ашып көрсету. АҚШ-тағы құлдықты жою жөніндегі жалпыұлттық қозғалыстар туралы әңгімелеу. Ел ішіндегі саяси жағдайлардың шиеленісуі Оңтүстік пен Солтүстік арасындағы наразылықтардың азамат соғысына әкеліп соқтырғандығын деректермен нақтылау. Күресуші жақтардың ерекшеліктерін, XX ғасырдың басында қол жеткізген маңызды табыстарын ашып көрсету.

XVII—XVIII ғасырлардағы дүниежүзі тарихы.

Көрнекі құралдар

“1876—1914 жылдардағы дүниежүзінің аумақтық-саяси бөлінуі”, “1861—1865 жылдардағы азамат соғысы” карталары.
Диаграмма, сызба, кестелер, 8-сыныпқа арналған атлас карта.

Сабақтың түрі

Аралас сабақ.

Сабақ жоспары

1. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жылдарындағы АҚШ-тың әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері.
2. АҚШ аумағының кеңеюі және қос партиялы жүйенің қалыптасуы.

3. Қара құлдар қозғалысы.
4. АҚШ Оңтүстік және Солтүстік болып екіге бөлінуінің себептері және олардың ерекшеліктері.
5. Азамат соғысының басты мақсаты.
6. Елді индустрияландырудың ерекшеліктері.
7. АҚШ-тың сыртқы саясаты, жаңа аумақтарды басып алуға талпынысы.

Маңызды оқиғалар:

XVIII ғасырдың

90-ж.

— АҚШ-та жеке фабрика түрінде кәсіпорындар пайда болды.

XIX ғасырдың

жартысы

1789—1797 жж.

— фабрикалық жүйе енгізілді.
— АҚШ-тың тұңғыш президенті Джордж Вашингтон Ұлттық банк құрып, бірыңғай ақша жүйесін енгізді.

1861 ж.

— АҚШ-та 40 штат болды.

1792 ж.

— Кентукки АҚШ құрамына енді.

1796 ж.

— Теннеси АҚШ құрамына енді.

1803 ж.

— Огайо АҚШ құрамына енді.

1803 ж.

— АҚШ Луизиананы Франциядан сатып алды.

1817—1818 жж.

— Шығыс Флориданы сатып алу жөнінде Испаниямен келіссөз жүргізді.

1821 ж.

— Мексика өзін-өзі билейтін дербес мемлекет болып жарияланды.

1836 ж.

— Техас тәуелсіздігін алды.

1845 ж.

— Техас өз еркімен құл иеленуші мемлекет ретінде АҚШ құрамына кірді.

1846—1848 жж.

— Мексика-Америка соғысы болды.

1846 ж.

— АҚШ пен Англия өзара келісімшартқа қол қойды.

1867 ж.

— америкалықтар Ресейден Алясканы сатып алды.

1893 ж.

— Тынық мұхитындағы Гавай аралдарын жаулап алды.

1787 ж.

— АҚШ Конституциясы қабылданды.

1829—1837 жж.

— Эндрю Джексон жаңа Демократиялық партияны басқарды.

1845 ж.

— Республикалық партия құрылды.

1800 ж., тамыз

— Габриельдің бастауымен негрлер көтерілісі болды.

1860 ж.,

20 желтоқсан

— Авраам Линкольн президент болып сайланды.

1861 ж., ақпан

— 11 оңтүстік штат жаңа мемлекеттің — Америка Штаттары Конфедерациясының құрылғанын жариялап, Президенттікке Джефферсон Дэвисті сайлады.

1861 ж., 12 сәуір

— Азамат соғысы басталды.

1863 ж., көктем

— Ли бастаған Оңтүстік армия соққы берді.

1864 ж., күз

— Генерал У. Шерман Оңтүстіктің ірі орталығы Атланта қаласын алды.

1867 ж.

— Оңтүстікте әскери жағдай енгізіліп штаттардың бұрынғы конституциясы жойылды.

Жетекші ұғымдар мен негізгі түсініктер

Батыстық бағыт, “Отбасылық еңбек”, америкалық плантатор, экстенсивті сипат, ерекше мүдделер, аумақтық өсу, қоспартиялық жүйе, “Америкалық отарлар қоғамы”, аболиционизм, гомстедтер туралы заң, террорлық ұйым, жаңғырту, “Монро доктринасы”, “ықпалдылық ауқым”.


Сабақтың барысы

Бұл тақырып 1 сағ-қа арналғандықтан бірден жаңа сабақ түсіндіріледі. Мұғалім кіріспеде XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы ширегіне тарихи сипаттама бере отырып АҚШ-тың Англиядан әлдеқайда артта қалғандығы жөнінде өңгімелейді.

Сұрақтар қою арқылы АҚШ-тың экономикалық-өлеуметтік даму ерекшеліктерін Батыс Еуропамен салыстыруға болады. Сөйтіп, батыстық бағыттағы елдердің даму жолына түсіп өнеркәсіптік төңкерісте көптеген өзгерістерге ие болғандығы жөнінде баяндалады.

Тақтаға төмендегідей сызбаны берген жөн.

24-сызба




Екінші мәселеде мұғалім АҚШ-тың аумақты кеңейту мәселесімен айналысқандығы жөнінде деректер береді. Үйге тапсырма ретінде кескін картаға қашан, қандай аумақтар берілгенін түсіріп келу тапсырылады. Қоспартиялық

жүйенің, екі партияда президенттер алмасып басқаруды қуатты орталықтандырылған күшті билік құрған құрылымдарын ашып берген дұрыс.

Оқушылар дәптеріне төмендегі кестені жазғызу.

25-сызба



26-сызба


АҚШ президенттері тұсындағы әлеуметтік-экономикалық реформалар

<ul style="list-style-type: none"> — Федералистер партиясы — Қаржы жүйесі, “Ұлттық банк” — Бірыңғай ақша 	Дж. Вашингтон
<ul style="list-style-type: none"> — Жеке өнеркәсіп — Сауда жүйесі — Қаржы жүйесі — “Ұлттық банк” 	А.Гамильтон
<ul style="list-style-type: none"> — Ауыл шаруашылығы құлдыққа қарсы — Демократияландыру — Экономикалық-әлеуметтік қорғау құндылығы 	Т.Джефферсон
<ul style="list-style-type: none"> — Демократиялық партияны қолдау — Әлеуметтік-экономикалық әрекеттестіктің күшеюіне қарсы болды 	Э.Джексон
<ul style="list-style-type: none"> — Вигилер партиясын жақтаған — Оңтүстіктегілермен ымыраға келді 	У.Гаррисон
<ul style="list-style-type: none"> — Аграрлы мәселелер қара құлдарды азат етті. — Жұмысшы партиясын құрды. 	А.Линкольн
<ul style="list-style-type: none"> — Плантаторларға азаматтық саяси және жеке-меншікке ие болу құқығы қайтарылды. — Рақымшылық 	Э.Джексон

Бұл кесте тақырыптың 3-, 4-мәселелеріне үйден қосымша ізденіс тапсырмалар беру арқылы толықтырылады. Негр халықтарының құқықтары мен Конституцияға енгізілген өзгерістерді ашуды оқушыларға хабарлама түрінде әзірлеп келу тапсырылады.

5-мәселе бойынша азамат соғысының жеңісі баяндалады, бірақ қорытындылауды келесі кесте түрінде үйге тапсырма ретінде беріледі.

27-сызба



Елді индустрияландыру ерекшеліктерінің белгілерін үйден дәптерлеріне жазып келу тапсырылады. Қорытындыда ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы АҚШ-тың қарқынды дамуындағы ерекшеліктерді айтқаны жөн.

— Америка экономикасы маңызды табыстарға жетті. Капитализм сатысына өте отырып Еуропалық индустриалды державалардың қауіпті бәсекелесі болды дей келе мұғалім тақырыпты сұрақтар мен тапсырмалар беру арқылы бекітеді.

Үйге тапсырма. ХVІІІ ғасырлар мен ХІХ ғасырдың бас кезіндегі АҚШ туралы қосымша мәліметтер мен жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды беру.

§ 22. ЛАТЫН АМЕРИКАСЫ ЕЛДЕРІ

Сабақтың мақсаты

ХVІІІ—ХІХ ғасырлардағы латынамерикалық отарлардың әлеуметтік-экономикалық дамуын, тәуелсіздік алуға ұмтылған мемлекеттердің иеліктері мен олардың басқару жүйелерін оқушыларға түсіндіру. Латынамерикалық тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы қазіргі латынамерикалық өркениеттілік бастауы болғандығына оқушының назарын аудару. Оқушылардың тақырыпты терең меңгеріп, жеткілікті ақпарат алуын қадағалау.

Сабақтың түрі

Ойын сабағы.

Көрнекі құралдар

Плакат, карталар, интерактивті немесе жай тақта.

Сабақтың әдісі

Сұраққа жауап.

Сабақтың барысы

1. Оқушылардың сабақтың түрімен, мақсатымен, әдісімен таныстыру.
2. Латын Америкасы тақырыбы бойынша қысқаша мәліметтер беру.
3. Сабақты “Ең ақылды” ойыны арқылы қорытындылау.

“Ең ақылды” ойынының барысы

1. Ортаға 3 оқушы шығуы керек.
2. Олардың әрқайсысына 1 тақырыптан беріледі. Әр тақырыптардың өзіне сәйкес түстері және нөмірленетін ұяшықтары болады.
3. 3 с ішінде әр оқушы өзі таңдаған түстердің қайда орналасқандығын есіне сақтауы керек.
4. Оқушылар кезектесіп, есінде қалған ұяшықтарын атайды.
5. Мұғалім әр оқушы өзі таңдаған ұяшықтарға сұрақ қояды. Өзінің түсін тауып, сұрақтарға дұрыс жауап берген оқушы 2 балл алады. Ал егер де қарсыласының ұяшығын ашып, сұрағына дұрыс жауап берсе, 3 балл алады. Жалпы білім сұрақтары 1 балл болып есептеледі.

Сұрақтары

I бөлім (сары)

1. Латын Америкасының тұрғындары негізінен қай тілді болды және қай дінді ұстанды?
2. XVI ғасырда Американы отарлаған испандық және португалдық басқыншылық нәтижесінде еуропалықтар қай халықтарға өз үстемдіктерін орнатты?
3. Негрлер мен еуропалықтардың некелерінен туған ұрпақ қалай аталады?
4. Оңтүстік Американың португалдық бөлігі қандай атауға ие болды?
5. Негрлер мен үндістердің некелерінен туған ұрпақ қалай аталады?

II бөлім (көк)

1. 1791 жылғы көтерілісті басқарған кім?
2. 1815 жылы қандай корольдық құрылды?
3. VII Фердинандтан кейінгі король кім?
4. 1811 жылы қай мемлекет өз тәуелсіздігін жариялады?
5. 1813 жылы тәуелсіздігін жариялаған қай мемлекет?

III бөлім (қызыл)

1. Біріккен Ла-Плата провинциялары 1826 жылдан бастап қандай ел деп аталды?
2. Венесуэлла тәуелсіздігі үшін күресті кім жалғастырды?
3. Аргентинадағы Анд әскерін басқарған генерал.
4. 1818 жылы қандай мемлекет өз тәуелсіздігін жариялады?
5. Колумбияның президенті кім?

IV бөлім (сұр)

1. 1823 жылғы АҚШ президенті кім?
2. Ірі жер бөліктері қалай аталады?
3. 1820 жылы қай жерде төңкеріс болды?
4. 1822 жылы тәуелсіздік алған Бразилияның басшысы кім?
5. 1814 жылы 1812 жылғы конституцияны жойған кім?

Сұрақтар Латын Америкасы тақырыбы бойынша 4 балл болып есептеледі.

I бөлім. Латынамерикалық отарлардың әлеуметтік-экономикалық дамуы.

II бөлім. Латын Америка елдеріндегі буржуазиялық-демократиялық төңкерістер.

III бөлім. Тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы.

IV бөлім. Жалпы білім.

Сабақта қолданылатын ойынның плакаттағы үлгісі

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10
11	12	13	14	15
16	17	18	19	20

Алдыңғы көрінісі

1	2	3	4	5
6	7	8	9	10
11	12	13	14	15
16	17	18	19	20

Артқы көрінісі

- Жалпы білім (сұр);
- буржуазиялық-демократиялық төңкерістер (көк);
- тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы (қызыл);
- әлеуметтік-экономикалық даму (сары).

§ 23. ҚЫТАЙ

Сабақтың мақсаты

Білімдік: XIX—XX ғасырлардағы маньчжур билігінде болған Қытайдың саяси-әлеуметтік және экономикалық дамуына сипаттама беру арқылы Қытайдың артта қалған феодалдық мемлекет болғанын түсіндіру. Цин империясының дағдарысы мен сыртқы жағдайларын әңгімелеп,

“апиын соғыстарының” себептері мен салдарын және Қытай халқының маньчжур билеп-төстеушілері мен капиталистеріне қарсы бағытталған азаттық қозғалыстарын нақты деректермен ашып көрсету.

Тәрбиелік: 1911—1913 жылдардағы революцияның қозғаушы күштері мен мақсатын баяндап, оқушыларды революционер-демократ Сунь Ятсеннің өмірі және қызметімен таныстырып, оның туған елінің азаттығы үшін күреске адалдығын үлгі ету.

Көрнекі құралдар

“1886—1914 жылдардағы дүниежүзінің аумақтық-саяси бөлінуі” картасы.

Сабақтың әдісі

Сұрақ-жауап, баяндау, әңгімелеу, белсенділікті арттыру, сызба, карта (мұғалімнің таңдауына байланысты) сұлбамен жұмыс.

Сабақ жоспары

1. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Цин империясының саяси-әлеуметтік және экономикалық дамуы.
2. Қытайды күшпен ашу.
3. Тайпиндер көтерілісі, оның шығу себептері. Көтерілістің мақсаты мен маңызы.
4. Қытайдағы XIX ғасырдың екінші жартысындағы жағдайлар. Сунь Ятсен және оның қызметі.
5. Ихэтуандар көтерілісі.
6. 1911—1913 жылдардағы Синьхай революциясы. Қытай Республикасының құрылуы.

Алғашқы үш мәселені бірінші сабақта, қалғандарын келесі сабақта түсіндірген дұрыс.

Жетекші ұғымдар және негізгі түсініктер

Цин империясы, өзін-өзі оқшаулау, апиын соғыстары, жартылай отар ел, “ашық есік” саясаты, тайпиндер, революциялық-демократиялық қозғалыс, ихэтуандар, Синьхай революциясы.

Маңызды оқиғалар:

- | | |
|-------------------------------------|------------------------------|
| 1840—1842 жж., 1856—1860 жж. | — Апиын соғыстары. |
| 1850—1864 жж. | — Тайпиндер көтерілісі. |
| 1884—1885 жж. | — Францияның Қытайға соғысы. |
| 1894—1895 жж. | — Жапонияның Қытайға соғысы. |
| 1899—1900 жж. | — Ихэтуандар көтерілісі. |
| 1911—1913 жж. | — Синьхай революциясы. |

1. Мұғалім Цин империясының саяси-әлеуметтік және экономикалық дамуын еске түсіру үшін (I бөлім, § 8) оқушыларға сұрақтар қойып, әңгіме жүргізуіне болады.

1. XVII—XIX ғасырлардағы Қытайдың қоғамдық құрылымы қандай болды?
2. Тежеусіз өкімет билігі кімнің қолында болды?
3. Конфуцийлік дәстүр деген не?
4. XVIII ғасырда Қытай неліктен оқшаулану саясатын жүргізді?

Мұғалім XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың бірінші жартысында Цин империясына тәуелді елдерді атап, картадан көрсетеді және осындай сыйлық әкелуші, тәуелді елдер қатарына Қазақ хандығы да жатқанын естеріне салады. Оқушылардан Қытайдың өзін-өзі оқшаулау саясатының тиімсіздігін айту сұралады.

Цин империясының ішкі дағдарысына сыртқы әсерлердің қосылуы туралы түсіндіріледі.

2. Қытайдың саяси-экономикалық әлсіздігін пайдаланған ағылшын және басқа капиталистік елдер Қытайды тонауға, өз үлестерін алуға ұмтылды. Алдымен Англия, одан кейін Франция, АҚШ, т.б. капиталистік мемлекеттер отарлауға кірісті.

Сабәқта карта бойынша талдау жасалады. Одан кейін сұрақтар қойылады: шетелдіктер үшін Қытай порттары қашан жабылды? 1842 жылға дейін қайсы порт ашық болды? Тең емес шарт бойынша қандай порттар ашылды? Аталған порттарды картадан көрсетіп, оқушылардың назарын шетелдіктердің Қытайдағы басқыншылық әрекеттеріне аударып, қорытынды жасалынады.

Англия өз тауарларын, әсіресе апиынды өткізетін Қытай рыногын дипломатиялық жолмен ашу ісінің сәтсіздігінен кейін басқыншылық әрекет жолына түсті. Ағылшын саудагерлерінің Қытайға контрабандалық жолмен апиын әкеліп сата бастағанына тоқталып, оның зардаптарын естеріне салады.

Мұғалім оқушыларға оқулық мәтінін оқып, апиын соғысының сылтауы және нәтижесін анықтауды тапсырады.

Оқушылардың жауабын тыңдап, құжат материалы бойынша тең құқықсыз келісімшарттардың біреуіне сипаттама береді: 1842 жылы Нанкин келісімі және оған 1843 жылы қосымша хаттама бойынша ағылшын саудасы

үшін сауда орны және бес портты қала беріліп, Қытай 21 млн доллар контрибуция төледі; Англияға Гонконг (ағылшындар бұнда кейінірек әскери теңіз базасын құрды) берілді: төмен кеден салығына келісті. Келісім бойынша Қытайдағы ағылшын азаматы Қытай заңына бағынбады, оны Қытай соты соттай алмады. Ағылшындарға, т.б. артықшылықтар берілді. Басқа тең емес келісімдер ретімен түсіндіріледі. Мұғалім түсіндірген материалға байланысты жартылай отар ұғымына түсінік береді.

Қытай дамыған капиталистік елдер үшін арзан шикізат таситын және арзан жұмысшы күшін әкелетін аймаққа айналды деп қорытуға болады.

3. Мұғалім тайпиндер көтерілісін оқыту үшін оқушылардың оқулықпен, карта-сызбамен жұмысын ұйымдастыруына болады. Ол үшін төмендегідей жоспар ұсынылады:

1. Көтерілістің алғышарты, себебі?
2. Көтерілісшілердің мақсаты, көтерілістің сипаты.
3. Қозғаушы күші.
4. Көтерілістің барысы және тайпиндердің іс-қимылдары (карта-сызбаны пайдалану).
5. Жеңілу себебі және тарихи маңызы.

Жоспардың бұл мәселесі оқу құралындағы материалдардың ретімен баяндалады.

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Қытайдағы қайшылықтар шиеленісе түсті. “Апиын соғыстары” мен тайпиндер көтерілісінен кейінгі Цин империясында пайда болған дағдарыс ұзаққа созылды. Цин империясы да Батыс мемлекеттеріне тәуелді жартылай отар елге айналды.

Мұғалім маньчжур билеушілерінің өз билігін сақтап қалу үшін аздаған реформаларды жүргізуді көздегенін түсіндіріп, “өзін-өзі күшейту” саясаты күйреуінің себебіне тоқталады.

Картаны пайдалана отырып Англияның (1875—1876), Францияның (1884—1885) және Жапонияның (1894—1895) Қытайға жүргізген соғыстары мен Германия, Ресей және АҚШ-тың Қытайдағы әрекеттерін баяндап, Қытайда аумақтық бөлшектеу кезеңінің басталғанын нақты деректермен ашып көрсетеді.

Мұғалім оқушылардың назарын Қытайды сақтап қалу, құтқару жолын іздеу қозғалысына аударады.

1. Цин империясында шэньшилер деп кімдерді атады?
2. Шэньшилер онда қандай қызмет атқарады?

Мұғалім сызбаны пайдаланып, Қытайды құтқару қозғалыстарына жеке-жеке тоқталады.

XIX ғасырдың соңғы ширегіндегі Қытайды сақтап қалу және құтқару қозғалыстары:

28-сызба



Мұғалім Сунь Ятсен бастаған революциялық-демократиялық қозғалыс туралы түсіндіргенде қосымша материал пайдаланып, мәселені нақтылай түскені жөн.

“Біріккен Одақ” туралы мәселені аша отырып, оқушылардың назарына көрнекілік құралды (Сунь Ятсеннің портреті) ұсынуға болады.

Сунь Ятсен 1864 жылы 12 қарашада Гуанчжоуға жақын деревняда дүниеге келді. 1879—1883 жылға дейін Гавай аралдарындағы Гонолулуда тұрады және осында орта білім алады. Отанына оралғаннан кейін оқуды әрі қарай жалғастырып, 1892 жылы Гонконгта ағылшынның дәрігерлер институтын бітіреді, осы уақытта революциялық көзқарасы қалыптаса бастайды. 1894 жылы революциялық ұйым “Қытайды қайта өркендету қоғамын” құрады, Гуанчжоуда көтеріліс жасауға дайындық жүргізеді. Көтеріліске дайындық ісі белгілі болып қалады. Сунь Ятсен ұзақ уақытқа елден кетуге мәжбүр болып, алдымен Гонконгта, одан кейін АҚШ-та, Англияда болып, Жапонияға оралады. 1905 жылы Қытайда әрекет еткен маньчжур үстемдігіне қарсы ұйымдар Сунь Ятсеннің төңірегіне топтасып, “Біріккен Одақ” партиясын құрады, күрестің нақты бағдарламасын жасайды. Сунь Ятсенге Ресейдегі жағдайлар, әсіресе 1905—1907 жылдарындағы революцияның әсер еткенін оқушылардың есіне сала кетуге болады.

4. Мұғалім ихэтуандар көтерілісінің мақсатын, барысын түсіндіріп, олардың Қытайдың тәуелсіздігіне жету жолын көздегенін айтуы керек. Ихэтуандардың бүкіл Қытайды қамтыған күшінен қорыққан Цин өкіметі оларға амалсыз қолдау көрсетті. Көтерілісті басып-жаншудағы капиталистік мемлекеттердің әрекетін аша отырып, оқушылардың назарын Қытайға жасаған интервенция (неліктен капиталистік державалардың әрекеті интервенция деп бағаланады деген сұраққа оқушылар өздері-ақ жауап бере алады), олардың басқыншылық саясатының жалғасы екеніне аударуы керек.

5. 1911—1913 жылдардағы революцияның себептерін ашып, алғышарттарын нақты деректермен көрсетеді. Мұғалім революцияны әзірлеудегі “Біріккен Одақтың” бағдарламасымен таныстырып, оқушылардың оқулық мәтінімен, құжатпен өздік жұмысын ұйымдастырады.

Оқушыларға төмендегі сұрақтарға жауап қайтару ұсынылады: “Үш халықтық принциптің” мәнін ашып көрсетіңдер. Оларға сипаттама беріңдер. Олар халық бұқарасына түсінікті болды ма?

1911—1913 жылдардағы революцияның басталуы туралы әңгімелеудің алдында оқушыларға сұрақтар қойылады: қандай себептер елді революцияға әкелді? Олардың алдында қандай мақсаттар тұрды?

Мұғалім революцияның басталуы туралы мынадай қосымша материалды келтіруіне болады:

1911 жылы 6 қыркүйекте Сычуань провинциясының басты қаласы Чэндуде маньчжур әскерлері теміржол құрылысын шетел капиталының бақылауына беру туралы өкімет шешіміне қарсы болғандарды қамаудан босатуды орынбасардан талап етуге жиналған қарусыз топқа қару қолданады. Шыдамның шегі таусылды. Көптеген уездерде халық қолына қару алды. Бірнеше уездік қалаларды көтерілісшілер қоршады. Сычуандағы жағдайдан хабардар болған Учанда толқу басталды. Қарулы күреске дайындық өрістей түсті. Бірақ төтенше жағдайдан (жасырын топтың пәтерінің біріндегі жарылыс) полиция маньчжурларға қарсы қоғам мүшелерінің тізімін және жоспарын қолға түсіреді. Осы оқиғадан кейін жаппай тұтқындау, қыру басталады. Жаппай тінту жүргізіледі және ол солдат казармаларын да қамтиды. Сондай бір жүргізілген тінтуге әскерлердің біреуі қарсылық көрсетеді. Қарулы күрес басталады. Көтерілісшілер казармадан шығып, үлкен қару қоймасын басып алып, басқа казармалардағы әскерлерді өздерін қолдауға шақырады. Осылай 1911—1913 жылдардағы революция басталады.

Оқушылар назарына “1911 жылғы революционерлердің Шанхай арсеналын алуы” картинасын қарау ұсынылады. Одан оқушылар қарулы көтеріліс туралы жалпы ұғым алады.

Учан көтерілісшілерінің үлгісін Қытайдың 14 провинциясы қолдап, жергілікті үкімет билігін құлатып, елде Қытай Республикасының құрылғанын жариялайды. Сунь Ятсен Қытай Республикасының тұңғыш президенті болады.

Тақырыптың келесі мәселесін оқулық көлемінде баяндауға болады немесе оқулық мәтінін оқушылардың оқып, сұраққа жауап қайтаруын ұйымдастыруға да болады.

1. Сунь Ятсен неліктен президенттік қызметтен бас тартты?
2. Шетел мемлекеттері Қытайдағы қос өкіметтің қайсысын ресми түрде танудан бас тартты?
3. Юань Шикайдың мақсаты қандай? Юань Шикай кімдердің қолдауына сүйенді?

Мұғалім оқушыларға мына сызбаны құруды тапсырады:

Синьхай революциясының тарихи маңызы

1. _____
2. _____
3. _____

1. _____
2. _____
3. _____

Мұғалім қорытынды әңгімесінде 1911—1913 жылдардағы революция Қытай халқының алғашқы саналы түрдегі жалпыұлттық, демократиялық қозғалысы болғанын атап өтеді.

Тақырыпты пысықтау параграфтың соңындағы 1-, 4-, 6-, 7-сұрақтар бойынша жүргізіледі. Кестелерді толтыру.

Үйге тапсырма. Сунь Ятсеннің өмірі мен қызметі туралы реферат жазу. Сызбаларды толықтыру.

§ 24. ЖАПОНИЯ

Сабақтың мақсаты

XIX ғасырдағы Жапонияның экономикалық жағдайы мен Токугава сегундарының билігі кезінде дағдарыстар болғанын, Жапония қоғамында капитализмнің баяу дами бастағандығын өңгімелеу.

Жапониядағы Мэйдзи төңкерісі және реформалар біртұтас ұлттық мемлекет құруға жағдайлар жасағандығын айта келіп, жұмысшылар қозғалысының нәтижесінде мемлекет құрылымы өзгерісінің мәнін түсіндіру.

Жетекші ұғымдар және негізгі түсініктер

“Жабық есік” саясаты, Жапонияның “ашылуы”, “Жабайы, дөрекі варварлар”, “самурайлар”, “Мэйдзи қайта қалпына келтіруі”, префектура енгізу, білімпаз билеуші.

Сабақтың әдісі

Аралас сабақ.

Сабақ жоспары

1. XIX ғасырда Жапонияның экономикалық жағдайы және Токугава сегунатының саяси дағдарысы.
2. Еуропалықтардың Жапонияны ашуы.
3. Жапониядағы Мэйдзи төңкерісі және жүргізілген реформалар.
4. Жапониядағы капитализмнің дамуы.
5. Жапония Азиядағы бірден-бір XX ғасырдың басындағы отарлаушы ел.
6. Қорытынды.

1-мәселе бойынша Жапонияның экономикалық жағдайы өңгімеленеді.

XIX ғасырдың басында Жапониядағы терең дағдарыс салдарын, ауыл шаруашылығындағы күйзелісті мұғалім қосымша материалдарды пайдалану арқылы түсіндірсе болады. Сондай-ақ экономикадағы осындай ауыртпалықтарға қарамастан, жапон қоғамында капитализмнің бой көрсете бастауы да назардан тыс қалмауы керек.

Токугава сегунатты билігі кезіндегі Жапония қоғамындағы ахуалды сипаттап беру үшін оқулықты пайдалана отырып, Жапонияның экономикалық жағдайындағы өзгерістерді ашып көрсету мақсатында оқушылар кестені толтырады.

XIX ғасырдағы Жапония экономикасы

Кемшіліктер	Жетістіктер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Ауыл шаруашылығы күйзеліске ұшырады. 2. Өңделетін жер көлемі азайды. 3. Халық саны күрт төмендеді. 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Капитализм баяу болса да дами бастады. 2. Мануфактуралар көбейді (180 мыңнан астам). 3. Ішкі сауда дамыды. 4. Қолөнер, сауда орталықтары өсті. 5. Қалалар көбейді (Эдо, Киота, Осака, Нагасаки, Сакаи, Хаката). 6. Ауыл шаруашылығында жаңа салалар қалыптасты (жібек, қағаз, қант, қыш, фарфор, тоқыма). 7. Ішкі рынок қалыптасты.

↓

Құлдырау себебі

Капиталистік қатынастардың алғашқы даму қадамдарына ескі қоғамдық құрылыстар кедергі жасады.

↓

Нәтижесінде

Шаруалар мен қала кедейлерінің бас көтерулерін тудырды.
Осака — 1837.

↓

Көтерілістің себебі

Күріш бағасының шектен тыс өсуі.

↓

Көтерілісшілердің мақсаты

Сегунат билігін құлату, дағдарыстың одан әрі тереңдеуін болдырмау мақсатында реформалар жүргізуге тырысу.

Соғыстың барысын әңгімелей отырып, сегунатты “Жабық есік” саясатының әлсіреткенін нақтылау. 2-мәселе бойынша тақтада ілінген картаны, кестені пайдалану.


Еуропалықтардың Жапонияны ашуы

Қай жылы?	Еуропалықтар	Қайда? Қандай саясат ұсынды?	Нәтижесінде
1542 ж.	Португалдықтар	Жапонияға кіреді	Кюсю аралының оңтүстігінде католик дінін таратуға кірісті
XVII ғ. ортасында	Токугава Иэясу		Жапондықтардың сыртқа шығуына тыйым салды
XVIII ғ. соңы — XIX ғ. басы	АҚШ, Англия, Франция, Ресей	“Жабық есік” саясатын бұзуға ұмтылды	
1791—1849 жж.	АҚШ	Жапонияға 7 экспедиция аттандырды	Жапония үкіметі байланысқа рұқсат бермеді
1792—1793 жж.	А. Лаксман	Елшілік кемесі	Нәтижесіз
1804 ж.	Н. Резанов		Нәтижесіз
1852 ж.	АҚШ командор М.Перри	Жапония жағалауына келеді	Сәтсіз аяқталды
1853 ж.	М.Перри	Жапонияға	Күш қолданылатынын ескертеді
1854 ж., 13 ақпан 1854 ж., 13 наурыз	М.Перри Канагавада	Жапонияға оралды. Келісімшартқа қол қойды	Симода және Хакодате порттарын ашуға мәжбүр болды
1854 ж.	Жапон-ағылшын соғысы	Келісімшартқа қол қойды	Құқықтарға ие болды. Сауда жасауға жеңілдіктер алды. Сегун билігі әлсіз болып шықты. Жатжерліктер алдында тізе бүкті
1855 ж.	Орыс-жапон		
1856 ж.	Голланд-жапон		
1858 ж.	Француз-жапон		

Жапония ашылуының зардаптарын оқулықты пайдаланып, өздік жұмыс ретінде орындалады, тақтаға салдарын жазып, оқушыларға толтыруға болады.

4-мәселедегі Жапониядағы Мэйдзи төңкерісі және жүргізілген реформаларды мынадай сызбамен түсіндіруге болады.


30-сызба



Мемлекет құрылымын ашуда тақтаны пайдалана отырып баяндалады.

31-сызба






Бұл өзгерістердің мәнін мұғалім өнеркәсіпті жылдам дамытуға саудагерлер мен самурайлар күшінің жетпегендігін, ол жерде шешімді істі мемлекет атқарғандығын ашып көрсетуі керек.


Мемлекет өз қаржыларына жаңа кәсіпорындар ашып, қаржылық-өнеркәсіптердің қалыптасуына негіз жасағанын ұғындыра келіп, өнеркәсіп пен сауданың дамуы үшін Жапонияның әлемдік білімге бар күшін жұмылдырғанын айту. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында мынадай шараларды қарастырғанын анықтап, дәптерлеріне жазғызуға болады:

32-сызба



5-мәселе бойынша мұғалім Жапониядағы капитализмнің дамуың жұмысшылар қозғалысынан бастауы керек. Реформаның нәтижесінде жаңа помещиктер мен ауқатты шаруалардың толық құқылы жер иелері мен салық төлеушілерге айналғандығын айта келіп, енді олар егіншілікпен ғана кәсіпкершіліктерін құруға, сауда жасап пайда табу көздерін іздестіргені қаралады. Осындай жағдайлардың барлығы жұмысшы қозғалысын тудырады. Бұл қозғалыстың мазмұнын сызба түрінде тақтаға жазып түсіндіреді.

33-сызба



Нәтижесінде Ресейді тізе бүктіріп, Жапония Маньчжурия мен Кореяға бақылау жасауға мүмкіндік алады.

Қорыта келгенде, Жапония Қиыр Шығыстағы бірден-бір күшті әскери державаға және Азиядағы ірі отарлаушы елге айналды.

§ 25. ҮНДІСТАН

Сабақтың мақсаты

Ағылшындардың Үндістандағы отарлық қанау әдістері мен оның зардаптарын ашып көрсету. Отаршылдық қанау мен ұлттық езгіге қарсы бағытталған халық көтерілістері туралы және өртүрлі қоғамдық топтардың көзқарасы ұлт-азаттық қозғалыстың қалыптасуына негіз болғанын нақты деректермен түсіндіру. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалысқа тоқталғанда Үнді Ұлттық Конгресіне сипаттама беріп, “свадеші” және “свараджа” ұрандарының мәнін ашу.

Көрнекі құралдар

“1876—1914 жылдардағы дүниежүзінің аумақтық саяси картасы”; “1857—1859 жж. Үндістандағы халық көтерілісі” сызба-картасы.

Сабақ жоспары

1. Үндістанды отарлаудың аяқталуы. Үнді халқын ағылшын отаршылдарының қанау әдістері.
2. 1857—1859 жылдары Үндістандағы ұлт-азаттық көтеріліс.
3. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Үндістан қоғамындағы өзгерістер.
4. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыс.
5. XX ғасырдың басындағы Үндістан.

Жетекші ұғымдар және негізгі түсініктер

Ұлт-азаттық қозғалыс, отар, сипай, “үнділік”, Үнді Ұлттық Конгресі, бойкот, “свадеші”, “свараджа”.

Маңызды оқиғалар:

1857—1859 жж. — Үндістандағы ұлт-азаттық көтеріліс.

1885 ж. — Үнді Ұлттық Конгресі құрылды.

XIX ғ. 80-ж. — Үнді мұсылмандарының ағартушылық ұйымдары құрылды.

1. Мұғалім сабақты өткен тақырыппен байланыстыру үшін сұрақ қоюдан бастайды: Үндістанды алғаш отарлаушы

еуропалықтар кімдер? Ағылшындардың Үндістан жерін жаппай жаулап алуына қандай жағдайлар себеп болды? Үндістанды отарлаушы сауда компанияларын атаңдар.

Осыдан кейін мұғалім ХХ ғасыр басында ағылшындық Ост-Үнді компаниясының Үндістанды толық отарлауды аяқтауға көшкенін түсіндіріп, үнді халқын ағылшын отарлаушыларының қанау әдістеріне тоқталады. Бұл мәселені оқушылар оқулықтан оқып, конспект жасауына болады. Конспект жоспарын оқулық және хрестоматияны пайдаланып құрады:

а) Үнді князьдарының байлығын тонау және халықтан салық алу;

ә) Ағылшын тауарларын Үндістанға тасу;

б) Англияға фабрикаларға қажетті шикізат жеткізу (мақта).

Үндістанның әлеуметтік өміріндегі өзгерістерді төмендегі кестеден байқауға болады.

22-кесте

Үнді қоғамындағы негізгі әлеуметтік топтардың жағдайы

Әлеуметтік топтар	Жағдайы	
	Басып алғанға дейін	Отарлық езгі кезінде
Князьдар, байлар	Халықты шексіз биледі	Бір бөлігі өзінің байлығы мен билігінен айырылды, қалғандарына ағылшын үкіметінің толық бақылауы орнатылды
Шаруалар	Жерге мұрагерлік құқығын иеленді. Деревняда қауым сақталды	Жерінен айырылды, қауым таратылды, аса үлкен салықтар салынды, жаппай аштық, қырылу
Қолөнершілер	Қолөнері табысқа жетті. Мануфактура пайда болды	Арзан фабрикалық тауарлардың ағылуына байланысты үнді қолөнері тоқырауға ұшырады, миллиондаған тоқымашылар қайыршылыққа ұшырады

Оқушылардан өздеріне белгілі отарлық қанау түрлерін айтып берулері сұралады.

Қорытынды

Отарлық қанау адамзатқа жат саясат, ұлттық төуелсіздігінен айыру, қанаушылық, басып алған елдің экономикасына, мәдениетіне, қоғамдық дамуына кедергі келтіру, шаруашылығын бүлдіру, тұрғылықты халқына үнемі қысым жасау болып табылады.

2. 1857—1859 жылдары халық көтерілісінің себептері ашып көрсетіледі. Оқушыларға көтерілістің сипатын анықтауды тапсыруға болады (көтеріліс барысы айтылғаннан кейін). Көтерілістің басталуына сылтау болған жағдайды айтып, сипайлар (әскер) туралы түсінік беріледі. Ағылшын офицерлерінің басқаруымен үнділерден құрған армияның солдаттары *сипайлар* деп аталды.

Көтерілісті бастаушы және негізгі әскери күш Бенгал әскері болды (одан басқа бомбейлік және мадриттік сипай әскері де болды). Көтерілістің негізгі қозғаушы күші Ганг жазығы мен Орталық Үндістанның провинциялары және қалаларының шаруалары мен қолөнершілері болған еді. Өңгіме барысында әлем картасы мен оқулықты пайдалануға болады.

Оқушыларға көтерілістің барысы туралы материалдар өздіктерінен оның отарлық езгіге қарсы, ұлт-азаттық сипатта болғанын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Мұғалім көтерілістің жеңілу себептерін ашып көрсетеді. 1858 жылдан бастап көтеріліс партизандық сипат алады.

Мұғалім көтерілістің нәтижесін айтқанда, Англияның Үндістандағы саясатына өзгерістер енгенін, оқушылардың дәптерге сызба түрінде белгілеп отыруы тапсырылады.

34-сызба

Сипайлар көтерілісінен кейінгі өзгерістер:	1. _____
	2. _____
	3. _____
	4. _____
	5. _____

3. Тақырыптың бұл мәселесін әңгімелесу түрінде өткізуге болады. Оқушылар оқулық мәтінін оқып, мұғалім ұсынған сұрақтарға өздерінің пікірлерін айтады.

1. Ағылшындардың Үндістан экономикасына капиталын салуы Үндістан үшін тиімді болды деп ойлайсындар ма?
2. Үндістан өз күшімен теміржол, зауыттар мен фабрикаларды тез арада салуы мүмкін бе еді?
3. Үндістандағы өнеркәсіп төңкерісі үнді халқын күйзелістен шығара алар ма еді? (Англияда қалай болған еді?)
4. Үнді қоғамындағы өзгерістер туралы қалыптасқан көзқарастардың Үндістан үшін тиімдісі қайсы, пікірлеріңді дәлелдендер.


Оқушылардың пікірлерін тындап мұғалім қорытынды жасайды.

4. XIX ғасырдың екінші жартысындағы Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың ерекшеліктерін ашып көрсетіп, оқушылардың назарын бүкіл үнділіктердің Үндістанды азат ету жолындағы ұлт-азаттық қозғалысының қалыптасқанына аудару керек.

Үнді қоғамының сауатты тобы — ұлттық қозғалыстың жетекші күші болғанын түсіндіріп, мақсаттарын талдау.

Самарқау либералдар халықтың бұқаралық саяси қозғалысының өрлеуінен қорықты.

35-сызба



1885 жылы самарқау либералдар алғашқы жалпыүнділік саяси ұйым, Үнді Ұлттық Конгресін құрды. Оның орталығы Калькутта қаласы болды. ҰҰК өз қызметінің бастапқы кезінде мынадай талаптар қойды; өзін-өзі басқару, білімді дамыту, жоғары үкімет орындарына үнділіктерді қатыстыру, т.б. ҰҰК үнді халқының ұлттық сана-сезімінің өсуіне ықпал еткені атап өтіледі.

Оқушыларға ҰҰК-нің радикалдық қанатының көсемі *Балгангадхар Тилак* (1856—1920) туралы айтуға болады. Тилак Үндістанның ұлт-азаттығы жолындағы күрескер, Үндістан тарихы жөнінде бірнеше ғылыми жұмыстар жариялаған. Ол филология, тарих және заң білімдерін алды. Бала кезінен өз өмірін Отанына қызмет етуге арнауға ант берді. 1880 жылы баспа органын құрды. Тилак үнділіктердің өзінің тарихына және мәдениетіне деген ұлттық мақтанш сезімін көтеруге тырысты. Ағылшын өкіметі Тилак пен оның жақтастарына қарсы жазалау әрекеттерін қолданып, қамауға да алып отырды. Тилак та осы әрекеті үшін түрмеге қамалды.

Мұғалім радикалдардың ағылшын үстемдігіне қарсы күрестегі құралдың бірі бойкот туралы түсіндіріп, оның ел тарихында алғаш рет болған шын мәніндегі бүкілхалықтық қозғалыс екендігін ашып көрсетеді.

5. XX ғасыр басындағы Үндістанда ұлт-азаттық қозғалыс жаңа кезеңге аяқ басқанын көрсетіп, мұғалім оқушыларға осы кезеңнің ерекшеліктерін тақырыптың соңғы мәселесімен өздік жұмыс барысында анықтауды тапсырады.

Мынадай мәселелерге назар аудару ұсынылады:

— ұлт-азаттық қозғалыстың аса белсенді ошағы Бенгалия болды;

— ағылшын үкіметі Бенгалияны екіге бөлу жөнінде шешім қабылдады;

— ұлт-азаттық қозғалыс “свадешти” және “свараджа” ұрандары бойынша жүрді;

— Ұлттық Конгресс пен Мұсылмандық ағартушылық ұйым ұлт-азаттық қозғалысты басқарды.

Тақырыпты бекіту өткен тақырыппен байланыстырып жүргізіледі. Төмендегі мәселелерге назар аударылады:

Қытай және Үндістанның экономикалық және саяси жағдайы, бұл екі ел де капиталистік елдердің отарлық езгісінде болды. Ұлт-азаттық қозғалыстың ұқсастықтары.

Үндістан мен Қытайдағы елдің дамуы туралы екі ағымның көзқарасы. Екі елдегі ұлт-азаттық қозғалыстардың ерекшеліктері де болды.

Үндістанда таза отарлық езгіге қарсы болса, Қытайда (жартылай отар) шетел капиталистерінің езгісі мен маньчжурлардың үстемдігіне қарсы бағытталды.

Мұғалім салыстырып қайталау әңгімесін қорытып, Үндістан мен Қытайдағы ұлт-азаттық қозғалыстар бір уақытта болғанын атап өтеді.

Үйге тапсырма. 24-, 25-параграф материалдары бойынша дайындалу, тақырып соңындағы сұрақтарға әзірлену. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы Үндістан мен Қытайдың дамуын салыстыру. XX ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың ерекшелігін білу.

§ 26. ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ

Сабақтың мақсаты

Осман империясының XIX—XX ғасырлардағы ішкі және сыртқы жағдайына сипаттама беріп, оның құлдырау себептерін ашып көрсету. Реформалық қозғалыстарға түсінік бергенде, оның Түркия тарихындағы маңызды кезең болғанын атап өту. “Жас түріктер” қозғалысын оқып-үйрену барысында оқушылар, ол түріктердің ұлттық қозғалысы болды деген қорытындыға келуі қажет.

Көрнекі құралдар

Осман империясының картасы, 1908 жылы шілдеде Стамбұлда болған манифестацияның суреті, “Бағдат теміржолы” деген карта сызбаны пайдалануға болады. Оқушыларды қатыстыра отырып Түркия тарихын баяндайтын суреттер, сызба, кесте сыздыру немесе жинаттыруға болады.

Сабақты түгел жаңа материалды оқып-үйретуге арнау.

Сабақ жоспары

1. XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі Осман империясының жағдайы.
2. Танзимат реформалары. Оның бірінші және екінші кезеңдері.
3. XIX ғасыр соңындағы Осман империясының құлдырауы мен отар елге айналуы.
4. “Жас түріктер” қозғалысы. Тақырыпты екі сабақта өтуге болады. Мұндай жағдайда алғашқы екі мәселе бірінші сабақта, қалғандары келесі сабақта баяндалады.

Жетекші ұғымдар және негізгі түсініктер

Реформа, “шығыс мәселесі”, “бейтараптандыру”, “қаржылай каналу”, “жаңа османдар”, “османизм” идеясы, ұлттық қозғалыс.

Маңызды оқиғалар:

- 1839—1853; 1856—1870 жж.** — Танзимат реформалары.
1853—1856 жж. — Орыс-түрік соғысы.
1856 ж. — Осман империясында алғаш рет барлық азаматтардың теңдігі жарияланды.
1889 ж. — “Бірлік және прогресс” (Иттихад ве теракки) партиясы құрылды.
1908 ж. — Осман империясында биліктің конституциялық түрі енгізілді.

Мұғалім дәрістің кіріспе бөлімінде оқушыларға тақырыпты хабарлап, оның жоспарымен таныстырады (жоспарды алдын ала тақтаға жазып қоюға да болады). Егер сынып оқушылары дәріс тыңдауға дағдыланған болса, нұсқау беруге де болады.

Дәрістің алдында өткен материалдарды еске түсіру үшін оқушыларға XVIII ғасырдағы Осман империясының жағдайы туралы сұрақтар қойып, мұғалім оқушылардың берген жауабын толықтырып, басты назарды XIX—XX ғасырлардағы Осман империясының жағдайына аударады. Қысқаша әңгімеден кейін мұғалім дәрістің мәселелерін қарастыруға көшеді.

1. XIX ғасырдың бірінші ширегіндегі Осман империясының жағдайын түсіндіргенде төмендегі мәселелерге оқушылардың көңілін аудару керек:

— Осман империясының ішкі дағдарысы шиеленісе түсті. Өртүрлі провинциялардағы бас көтерулер, наразылық шерулері өсті. Әскерде де толқу басталды.

— II Махмұд сұлтан янычарлар корпусын таратып, жаңаша әскери реформа және мемлекетті басқару ісіне өзгерістер енгізді.

2. Реформа бойынша: а) еуропалық үлгідегі министрліктер құрылды және қызметкерлер киімі еуропалық киімдермен ауыстырылды; ә) Осман империясында жерге жекеменшік құқығы енгізілді.

2.1 Осман империясының ішкі дағдарысына сыртқы әсерлер де қосылды. 1828—1829 жылдардағы орыс-түрік

соғысының нәтижесін айтып, II Махмұдтың сәтсіз соғыстарының бірі Мысыр пашасы Мұхаммед Әлимен болған соғысына тоқталу. Ресейдің әскери көмегі және орыс-түрік келісімі туралы түсіндіріп, Осман империясының сыртқы жағдайының да әлсірегенін атап өту.

2.2. XIX ғасырдағы 20—30-жылдарында жүргізілген реформалар сұлтан өкіметін нығайта алмады. Алдыңғы қатарлы адамдар терең өзгерістердің қажеттілігін түсінді. Мұғалім реформаның қажеттілігі, реформаның жасалынуы және халыққа жариялануын ретімен түсіндіріп, Түркия тарихындағы жаңа реформалық кезең — танзимат реформаларына тоқталады. Мұғалім көрсетілген сызба арқылы реформаның мазмұнын ашып көрсетеді.

23-кесте

Танзимат реформалары			
I кезең, 1839—1853		II кезең, 1856—1870	
Мақсаты			
Сұлтан өкіметін нығайту	Балқандағы ұлт-азаттық қозғалыстың дамуын тежеу	Түрік өкіметінің еуропалық держауларға тәуелді болуын тежеу	Мемлекеттік құрылысын батыстың мемлекеттік құрылысына жақындату
Жарияланған үш жаңарту мақсаты (1839)			
Діни сенімдеріне қарамастан империяның барлық бағынышты халықтарының өмірін, әр-ұжданын және дүние-мүлкінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету	Салықтарды дұрыс жинау және әділетті бөлу	Әскери қызмет мерзімін қысқарту	
Іске асырылған шаралар			
Қабылданған кодекстер: жер туралы, қылмыстық іс, азаматтық іс		Ақша реформасы жүрді. Қызметкерлер жалақысына шек қойылды. Орта мектептер ашылды. Теміржол, байланыс тораптары салынды, өнеркәсіп орындары пайда болды	

2.3. Мұғалім дәрісінің бұл мәселесін оқушыларға сұрақ қоюдан бастағаны дұрыс. 1768—1774 жылдары орыс-түрік соғысы Осман империясының сыртқы саясатына қалай әсер етті? “Осман мұрасын” бөлісу мәселесін қайсы елдер қойды? “Шығыс мәселесі” деген саясат қашан дүниеге келді? Мұғалім оқушылардың жауабын тыңдап, ХІХ ғасыр ортасында “Шығыс мәселесі” деп аталатын Осман империясы отарлап отырған халықтардың тағдырына байланысты саясат қайта шиеленісе бастағанын айтады. Таяу Шығыс рыногына үстемдік ету үшін Ресей, Англия, Франция сияқты елдер бәсеке күресін жандандырды. Қырым соғысының себебін, нәтижесін ашып көрсетіп, бұл соғыста Англия мен Францияның көмегіне сүйенген Түркияның жеңіске жеткенін, бірақ Түркия бұл елдерден несие алып қаржылай қанау зардабына түсе бастағанын оқушылардың естеріне салады.

— Танзимат реформаларының екінші кезеңін түсіндіруде (1856—1870) оқулық мәтіні қолданылады. Дәрісте басты мәселелерге назар аударылады:

— ХІХ ғасырдың екінші жартысында сұлтан үкіметінің империяны нығайту мақсатында ұлттық қозғалыстарға жасаған жеңілдіктері.

— Танзимат реформасы елді жаңартуға, оны артта қалудан сақтауға бағытталды.

2.5. Танзимат реформаларының мұсылман емес халықтарға қатысты жүргізген шаралары мұсылман халықтары арасында наразылық тудырды.

Ал қоғамда реформалық әрекеттерді қолдаған либералдық топ — саудагерлер, еуропалық білім алып, тәрбиеленген қызметкерлер мен әскерилер болды. Олар 1865 жылы “Жаңа османдар” дейтін жасырын ұйым құрды. “Жаңа османдар” Осман империясын жаңаша қайта құруды мақсат етті. Бұл ұйымның күшімен либералдар сұлтан Абдул Азизді тақтан түсірді. Сұлтандық билікке ІІ Абдул Хамид келді. Ол 1876 жылы конституцияны қабылдауға, екі палаталы парламентті бекітіп, азаматтардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын жариялайды. Олар сұлтанның билігіне заңды шек қоюға әрекеттенді. Мұғалім оқушылардың назарын “Жаңа османдар” әрекеттерінің сәтсіз аяқталғанына аударып, оның себептерін ашып көрсетеді және маңызына тоқталады.

3. Мұғалім картаны пайдалана отырып, негізгі мәселелерді ашып көрсетеді:

— Осман империясының қаржы дағдарысы және одан шығуға әрекеттенуі.

— Батыс державаларының Осман империясының ішкі істеріне араласуы.

— XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы “Шығыс мәселесінің” мәні.

— Осман империясының Германиямен жақындаса бастауы.

4. XIX ғасыр соңында реформаторлық қозғалыстың жаңа толқыны басталып, ол түріктердің ұлттық қозғалысы түрінде көрініс берді. Түріктердің ұлттық қозғалысы XIX ғасырдың 50—60-жылдары пайда болып, бастапқы кезде ағартушылық сипатта болды және империяның тұтастығын сақтау жолдарын көздеген шараларды іздестірді. 1889 жылы Стамбұлда “Бірлік және прогресс” (Иттихад ве теракки) партиясы құрылды. Ұйым конституциялық мемлекет құруды мақсат етті. Реформалық шаралар жүргізіп, елдің экономикасын көтеру, қоғамды жан-жақты жаңарту көзделді. Бұл қозғалыстың өкілдерін *жас түріктер* деп атады.

Мұғалім жас түріктер революциясының басталу оқиғасын баяндап, нәтижесінде жас түріктер II Абдул Хамид сұлтанды тақтан тайдырып, орнына басқа сұлтанды сайлап, елді өздері басқара бастағанын ашып көрсетеді. 1908 жылы жас түріктер Осман империясында биліктің конституциялық түрін енгізеді. Өкімет билігіне келген жас түріктер қиындықтарға тап болып оны шешудің жолын таба алмады. Конституциялық билік түріне көшу империяның шет аймақтарында ұлттық қозғалыстың жаңа толқынын тудырады. Жас түріктер үкімет билігінен кетеді. Оқушылардың назарын империяның сыртқы жағдайына аударып, үкімет билігіне қайта келген жас түріктер империяның күйреуін бәрібір тоқтата алмағанын атап өтеді. Мұғалім негізгі мәселелерді ретімен түсіндіріп, Германияны арқа тұтқан Осман империясы Бірінші дүниежүзілік соғысқа Үштік одақ жағында соғысқа кірді деп қорытынды жасайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар

1. II Махмұд сұлтан қандай өзгерістер енгізді?

1. _____

2. _____

2. 1828—1829 жж. орыс-түрік соғыстарынан кейін империя шеңберінде өзін-өзі басқару құқығына ие болған иеліктерді атап, картадан көрсетіндер.
3. Жаңа реформалық жоспар кімнің жетекшілігімен жасалды?
4. “Қасиетті жарлық” халыққа қашан жарияланды? Үш жаңарту мақсатын атаңдар
1. _____
2. _____
3. _____
5. “Шығыс мәселесі” деген не?
6. Танзимат реформаларының маңызы неде?
1. _____
2. _____
3. _____
7. Жас түріктер конституциялық мемлекет құру мақсаттарына жетті ме?

Үй тапсырмасы. Параграф соңындағы сұрақтарға дайындалу. Хабарлама әзірлеп келу (қосымша құжаттарды пайдалану).

§ 27. ИРАН

Сабақтың мақсаты

Білімдік: XIX ғасыр басында Иранда халықаралық жағдайлардың шиелінісе түскендігін, еуропалықтардың отаршылдық саясаттары орыс-иран соғысына әкеліп соқтырғанын әңгімелеу. Екі держава арасындағы шиеленіс нәтижесінде Иран шетелдіктердің арзан шикізат көзіне айналғанын айтып беру. Бабшылдар көтерілісінің мақсатын айта отырып, Иранның жартылай отар елге айналу себептерін, XX ғасыр басында өртүрлі өлеуметтік топтардың шах билігіне қарсы революциялық бас көтерулер болғанын, оның күшпен басып тасталғаны жайлы түсіндіру.

Дамытушылық: оқушыларды Иран революциясы жайлы материалдар іздеп өздігінен дайындалуға, пікірлерін ортаға салып дәлелдеуге, қорытындылауға баулу.

Көрнекі құралдар

Карта, сызба, кесте, оқулық, безендірулер.

Жетекші ұғымдар мен негізгі түсініктер

Аумақтық плацдарм, қитұрқы саясат, Гүлстан келісімі, бабшылдар көтерілісі, концессия, панисламизм идеясы, “Энджумене махфи”, бестке отыру, жартылай отар.

Сабақтың әдісі

Ізденіс-конференция.

Сабақ жоспары

1. XIX ғасыр басындағы Иранның халықаралық жағдайы.
2. Еуропалықтардың отарлау саясатының мақсаты.
3. Орыс-иран соғыстарының себептері.
4. Бабшылдар көтерілісі.
5. Иранның жартылай отар елге айналуы.
6. Ирандағы революциялық бас көтерулер.
7. Қорытынды.

Сабақтың барысы

1. Ұйымдастыру.
2. Сабақ барысы мынадай тәсілде өтеді. Оқушылар Иран, Англия, Франция, Ресей елшілері ретінде алдыңғы қатарға шақырылады.

Тақырыптың мақсаты, жоспары, өтілген сабақта түсіндіріліп, оқушыларға жеке тапсырмалар берілгендіктен бүгінгі сабақты ізденіс-конференциялық сабақ әдісімен өткізсе де қиындық тудырмайды.

Жүргізуші XIX—XX ғасырларда Иранның халықаралық жағдайларын талқылап, XX ғасыр басында жартылай отар елге айналғанын ашып дәлелдеу үшін әр ел өкілдеріне сұрақтар қояды. Тақырыптың 1-, 2-, 3-мәселелері бойынша мұғалімдерге сабақ мазмұны толығырақ беріледі.

Жүргізуші кіріспе сөзінде XIV ғасыр басындағы Иран еліне шолу жасайды.

XVIII ғасыр соңында Иран өзінің қоғамдық дамуы жағынан нашар дамыған феодалдық ел болғанымен, әлі де еуропалық отаршылардың езгісіне түспеген тәуелсіз ел еді. XIX ғасыр басына қарай Иранға Англия мен Франция отаршыл саясат жүргізгені белгілі. Сондықтан да бүгінгі өкілдерден Иранға қатысты қандай мақсат ұстанып, әрекеттер жүргізгені жайлы білу мақсатында төмендегідей сұрақтар қоюға болады:

1. *Иранды отарлаудағы алға қойған мақсат не?*

Жауап. Иран еуропалықтар үшін Орта және Таяу Шығыс елдерін отарлауда қолайлы аумақтық плацдарм еді.

2. 1796 жылы Тегаранға неге француздар елшілері келіп Иран шахын Ресейге қарсы айдап салды?

Жауап: Иранды Англияға қарсы айдап салу үшін.

3. Англия қандай мақсатты көздеді?

Жауап. Иран шахымен тез арада келісімге келіп, саяси және сауда шарттарына қол қою.

Иран елшісіне сұрақ:

4. Иран шахы бұл шартты қалай қабылдады?

Жауап. Шах француздарды Иранға жібермеуге, егер француздар Үндістанға шабуыл жасайтын болса, әскерлерді Ауғанстанға аттандыруға уәде берді және ағылшындар көптеген сауда жеңілдіктеріне ие болды.

5. Ағылшындар бұл келісімге қалай қарады?

Ағылшын өкілі: Иранда соғыс бола қалса, қару-жарақпен көмектесуге уәде берді.

6. Ағылшын-иран келісімшарты, әрине, Ресейге қарсы бағытталды. Иран шахының Ресейге қарсы шығу себебі не?

Жауап. Себебі, Ресейді Закавказье мен Кавказ халықтарын бағындырудағы басты кедергі санады және шах өзіне одақтас іздеді. 1801 жылы Грузия Ресейге қосылғанда, Армения мен Өзірбайжан да Ресейге бет бұра бастайды, бұл бәсекелестік орыс-иран соғысының басталып кетуіне себеп болады.

7. Соғыс ирандықтар үшін қандай нәтиже берді?

Жауап. Иранға Ресейден жеңілуге тура келді. Себебі, Ресей Иранның өлдеқайда жақсы дамыған еді.

8. Гүлстан келісімі бойынша Ресейдің Иранда беделінің өсуіне не ықпал етті?

Жауап. Ресей Каспий теңізінде әскери флот ұстауға кепілдік алып, Иранда еркін сауда жасауға қол жеткізді.

I	II	III	IV
1879 ж.	Орыс офицерлері	Парсылардың әскери бригадасын ұйымдастырады	Әскери күшті даярлаған, соғысқа қабілетті қарулы күш болды
1879 ж.	Орыстар	Концессия алды	Телеграф жүйесін салуға
1888 ж.	Балықшы-кәсіпкер Лианозов	Қаспий теңізіндегі	Балық кәсіпшілігін қолға алды
1890 ж.	Орыс капиталисі Поляков	Тегеранда	Есеп-несие банкіні салды
1900 ж.	Иран	Ресейден	22,5 млн руб несие алды
Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде	Иранда	Орыс капиталының мөлшері	164 млн руб жетеді

Оқушылар XIX ғасырдың бірінші жартысында орыс-иран, ағылшын-иран қатынастарының шиеленісе түскендігін ашып көрсетеді.

Елдің кейбір облыстары мен қалаларында халық көтерілістерінің жиілегендігін айту қажет. Сондай көтеріліс исламның шиит тармағынан өздерін *бабшылдар* деп атаған топтардың көтерілісіне тоқтала кеткен жөн.

Бұл көтерілісті оқушылар кестені толтыру арқылы да түсіне алады.

1848—1852 жылдардағы Ирандағы бабшылдар көтерілісі

Көтерілістің қозғаушы күші	Көтеріліс жүргізілген аймақ	Көтерілісшілердің мақсаты	Көтерілістің жеңілу себептері

Бұл тапсырманы орындап келу үйге беріледі.
Иранға капитал енгізуде Англияның шұғыл жасаған қадамдарымен де таныстырып, дәптерлеріне жаздырады.

36-сызба



6-мәселе бойынша оқушылар 1905—1911 жылдардағы Иран революциясының шах билігіне наразылық танытқан қозғалыстарда діни топтар мұсылмандарын халиф билейтін күшті империяға біріктіруге ұран тастап, революцияға халықты шақырғандығын ашып әңгімелейді. Тақырыпты кеңейтіп әңгімелеу — оқушылар дайындығы бойынша шешіледі.

Сабақ мазмұнына талдау жасап, тақырыпты бекітеді. Мұғалім оқушылар білімін бағалайды және қорытынды жасайды.

Келесі тақырыпқа тапсырмалар беріледі.

§ 28. АРАБ ЕЛДЕРІ

Сабақтың мақсаты

XIX ғасыр соңы — XX ғасыр басындағы араб елдерінің жағдайына сипаттама бере отырып, Түрік империясының отарлық езгісі мен түрік-араб феодалдарының қанауынан зардап шеккен араб халқы Еуропаның империалистік қаржылық қанауына ұшырап, жартылай отарға айналғанын ашып көрсету.

Араб елдеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстың сипатын және қозғаушы күштерін түсіндіріп, оның ұлттық сана-сезімінің қалыптасуындағы орнын нақты деректермен көрсету.

Араб елдерінің әрқайсысының феодалдық езгі және түріктердің билігінен құтылу жолындағы күресі мен XIX ғасыр ішіндегі Батыс елдерінің озбырлығына тойтарыс берудегі күресінің ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне сипаттама беру.

Көрнекі құралдар

“1876—1914 жылдардағы дүниежүзінің аумақтық саяси бөлінуі”, “XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басындағы Араб елдері” карталары, “Суэц каналы”, “Мысырды қаржылық қанау” сызбалары, т.б. қолдан сызылған сызбалар, кестелер.

Сабақтың өдісі

Сұрақ-жауап, мәтінмен өздік жұмыс, шағын дәріс.

Сабақ жоспары

1. XIX ғасырдың соңғы кезіндегі араб елдерінің жағдайы.
2. Мысыр елі.
3. Араби паша көтерілісі және ағылшындардың Мысырды басып алуы.
4. Басқа араб елдерінің жағдайы.
5. Араб елдеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстар. Араб ұлттық сана-сезімінің қалыптасуы.

Маңызды оқиғалар:

- 1880—1881 жж.** — Араби паша көтерілісі
1907 ж., желтоқсан — Мысырда “Отан” партиясы (Хизб әл-уатан) құрылды.
XIX ғ. 70—90-жж. — Араб елдері Батыстың жартылай отарына айналды.
1912 ж. — Марокко Францияның және Испанияның отарына айналды.
1868—1870 жж. — Алжирдегі жаппай ашаршылық.
1871—1881 жж. — Алжир халқының ұлт-азаттық күресі.

Жетекші ұғымдар және негізгі түсініктер

Араб елдері XIX ғасырда отарлы жағдайда өмір сүрді, Батыс елдерінің экономикалық үстемдігі, Ұлттық партияның құрылуы, төңкеріс, жартылай отар, ұлттық сана-сезімі, ағартушылық идеялар, реформа, автономды мемлекет, ұлттық тәуелсіздік.

1. Мұғалім араб елдерінің XIX ғасырдың соңында отарлы жағдайда өмір сүргендігін айтып, картадан Осман империясының билігіндегі араб елдерін атап көрсетеді.

Осман империясының әлсіреуі бұл елдердегі билік тізгінін Англияға, Францияға және Италияға ұстатқызуға мәжбүр болғанын әңгімелеп, үш жақты езгіге түскен араб халқының ауыр жағдайда болғаны нақты деректермен түсіндіріледі. Оқушылардың назары халық наразылығының өсе түскеніне аударылады. Бұл жағдай әр елде жалпы жақтарымен бірге өзіндік ерекшеліктерімен де сипатталатындығы ескертіледі.

2. Бұл мәселе араб елдерінің бірі Мысырға жан-жақты сипаттама беруден басталады. Оқушыларға төмендегідей сұрақ қоюға болады:

1. Мысырдың географиялық орналасуының стратегиялық маңыздылығы неде?
2. Суэц каналының XIX ғасырда аса ірі гидротехникалық құрылыс екендігін атап беру.
3. Каналды салуға қандай елдер қатысты?

Мұғалім оқушылардың жауабын тыңдап, Батыс елдерінің экономикалық үстемдік орнатуға тырысқанын нақты мысал келтіре отырып түсіндіреді.

Өсімі 15—25%-ға жететін қаржылар Мысырды белше-сінен қарызға батырды.

Бір ғана ағылшын банктері 11 жыл ішінде Мысырға 68 млн фунт стерлинг қаржы беруге келісіп, оның 22 млн-нан өздері ұстап қалған. Ал осындай әрекеттерді француздар, бельгиялықтар да жасауға ұмтылған. Бұл жағдайлар 70-жылдары ел табысының 60—80%-ы несие қаржыларды өтеуге жұмсалып, Мысыр экономикасы құлдырай түсті. Үкімет Суэц каналының 4 млн фунт стерлинг акцияларын сатуға мәжбүр болды. Мұғалім деректерді келтіре отырып, 1876 жылы Мысыр қарызын өтеуге мұршасы келмегендіктен, Батыс елдері қаржы мен алым-салық жүйесін бақылауға алғанын, салықты төлеген шаруалар мен қала тұрғындары ашаршылыққа ұшырап, қырыла бастағанын айтып, оқушылардың назарын құрылған комиссияның шешіміне аударып, бұл Мысырдың саяси тәуелсіздіктен айырылғанының белгісі екенін ескертеді.

3. Мысырда зиялы топтар мен әскери офицерлердің басшылығымен “Мысыр — мысырлықтарға” деген ұранмен шетелдіктерге қарсы күрес басталды. Көтерілісті басқарушы әскерлер арасында феллахтан көтерілген офицер Араби паша болды. Көтеріліс бүкіл Мысырды қамтыды. Мұғалім оқушыларға оқулықтан Ұлттық партия мен “Отан” партиясының жоспарын салыстырып, келесі

сұрақтарға жауап беруін тапсырады. Монархияны жоюды, шетел үстемдігінен құтылуды қайсы партия жоспарлады? Ұлттық партия кімдердің мүддесін көздеді? Мысыр үшін қайсы партияның жоспары тиімді болды?

Мұғалім 1880—1881 жылдары көтерілістің барысында жаңа үкімет құрғызып, конституция қабылдауға, парламент шақыруға, хедивті көндіруге қол жеткізгенін түсіндіріп, бұл төңкерісті Мысыр халқының қуанышпен қарсы алғанын айтып өтеді.

Жаңа құрылған үкімет ұлттық мүдделерге сай заңдар қабылдап, қаржы жүйесіне шетелдіктерді жақындатпайтын шаралар қолданды. Мысырдағы жағдайды Батыс елдері халықаралық мәселеге айналдырып, Стамбұл конференциясын өткізді. Оқушылардың назарын конференцияның шешіміне аударып, Мысыр халқының тәуелсіздікке ұмтылған күресі шетелдіктердің, әсіресе Англияның әскери іс-қимылдарынан көтерілістің жеңіліске ұшырағанын айтып, өз Отанының мүддесін сатқан хедив Тәуфик ағылшындардың қолшоқпарына айналып, биліктің Англияға өткенін ашып көрсетеді. Көтеріліс басшысы Араби паша (1841—1911 жж.) ағылшын сотының үкімімен өлім жазасына кесілді, бұл жаза кейін Цейлон (Шри-Ланка) аралына өмір бойы жер аударумен ауыстырылады. Бұдан кейін Мысыр іс жүзінде Англияның отарына айналады. Елді ағылшын елшісі басқарды. Қорытынды: ұлттық тәуелсіздікке ұмтылған Мысыр қоғамы ел бірлігін ұйымдастыра алмай, жеңіліске ұшырады.

4. Тақырыптың бұл мәселесін дәріс түрінде жүргізуге болады. Алдымен оқушылардың өздері білетін араб елдерін атап, картадан көрсетулері тапсырылады. Осыдан кейін мұғалім ХІХ ғасырдың 70—90-жылдары Мысырдан басқа араб елдері де батыстың жартылай отарына айналғанын айтып, олардың шаруашылығы шетел капиталына, әсіресе Франция, Англияға, сонымен қатар Испания, Германия және Италия компанияларына қарай бастағанына мысалдар келтіреді. Дәрісте қамтылатын мәселелер:

— Араб елдерінің өнімдері мен шикізаттары батысқа тасылып Франция, Англия, т.б. елдердің зауыттары мен фабрикаларын қамтамасыз ететін болды.

— Шетел банктері қаржы жүйесін толық бақылап отырды.

— Араб елдерін өздеріне қаратуда батыс елдері екіжүзді саясат ұстады. (Қосымша құжат пайдалануға болады.)

— XIX ғасырдың соңында Тунис әлі де болса Түрік империясына қараған ел болды. Бірақ Францияға экономикалық тәуелділікке түсе бастаған еді. Атап айтқанда, 1868 жылы Тунис қарызын өтеуге шамасы келмей, қаржысы Батыс елдерінің бақылауына түсті. Франция Тунистің жерін, тау-кен байлығын, теміржолдарын концессияға алды. Мұғалім оқушыларға концессия сөзінің мағынасын түсіндіреді. Концессия (лат. *concessio*) — рұқсат ету, ризашылық, мемлекеттің шет мемлекетпен, оның фирмасымен құрылыс салу, өндіріс орындарын, көлік, жерін, кенін пайдалану жөнінде арнайы жасалған шарт. Бұл ел үшін болған таласқа Италия, Германия және Англия қатысты. 1878 жылы Берлин конгресінің шешімі бойынша Тунис Францияға тиесілі болды.

Мұғалім Францияның 1881 жылы Тунисті қарулы күшпен жаулап алғанын айтып, Тунисті протекторат шартына қол қойғызғанын түсіндіреді.

Протекторат кезінде мемлекет өзінің дербестігін жоғалтады.

1881—1899 жылдар арасында отаршылдар қолындағы жер көлемі 100 мың га-дан 443 мың га-ға өсіп, одан кейін 800 мың га-ға жетті. Тунистің байлығы басқа елдерге кетіп жатты.

5. Мұғалім XX ғасырдың басында Марокко әлі де болса өз тәуелсіздігін сақтағанын айтып, бірақ бұл ел үшін Франция мен Германияның арасында күрес жүріп, оның 1907 жылы Францияның жеңісімен аяқталғанын нақты деректермен түсіндіреді. Марокко туралы қабылданған 1901—1902 жылдардағы Париж шарттарының шешімі және 1906 жылғы Марокко тәуелсіздігін құрметтеу шешімінің мазмұнымен таныстырып, Францияның жаулап ала бастағанына оқушылардың назарын аудару керек. Халықтың қарсылығына қарамастан, 1912 жылы екі елдің, Франция мен Испанияның протектораты орнатылып, Марокко отарға айналды.


Мұғалім 1911 жылы Италия Түркияға соғыс жариялап Ливияны жаулап алғаны туралы түсіндіріп, Ливияның XVI ғасырда Осман империясының құрамында болғанын естеріне түсіреді. XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың бас кезінде араб әлемі талан-таражға түсіп, Еуропа отаршылдары оны бөлісіп жатты.

6. Тақырыптың бұл мәселесін оқушылар жеңіл меңгереді. Мұғалім оқушылардың оқулықтан оқып, төмендегі сұрақтарға жауап дайындауларын тапсырады.

1. XIX ғасырдың соңында араб елдерінің азаттық күрестері кімдерге қарсы бағытталды?
2. Алжирдегі отаршылдарға қарсы күресті бастаушылар кімдер болды?
3. Алжирдегі 1871 жылы көтеріліске қандай жағдай әсер етті?
4. 1871—1872 жылдары көтерілістің бүкіл Алжирді қамтығанын атап көрсетіндер.
5. Араб елдерінің ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына қандай жағдайлар ықпал етті?
6. М.Кемал құрған “Отан” партиясы туралы айтып беріндер.

Мұғалім оқушылардың сұрақтарға қайтарған жауабын тыңдап, ұлттық сана-сезімнің туып, қалыптасуында Мысыр ерекше орын алатынын атап, мына сызбаны талдауды ұсынады:

37-сызба



- 1) Түрік империясының құрамындағы автономиялы мемлекет құру;
- 2) монархияны сақтау;
- 3) парламент алдындағы жауапты үкіметті тағайындау;
- 4) ағылшындарды кетіру;
- 5) экономиканы дамыту.

Тақырыптың соңғы мәселесін түсіндіру нәтижесінде оқушылар ұлт-азаттық күрестің бұқаралық сипат алып күннен-күнге ұлғайып тәуелсіздікке ұмтылғаны және саяси, экономикалық, мәдени дамуында толық дербестікке ұмтылды деген қорытындыға келуі тиіс.

Егер оқушыларға алдын ала тапсырмалар берілген болса, сабақтың соңында қазіргі кездегі араб елдеріндегі оқиғалар туралы баспасөз хабарларын айтқызуға болады.

Тақырыпты бекіту үшін параграф соңындағы сұрақтар мен тапсырмаларды пайдалану керек.

Үйге тапсырма. “XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басындағы араб елдерінің ұлт-азаттық күресі” деген тақырыпта кесте құруды тапсыруға болады.

§ 29. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Сабақтың мақсаты

XIX ғасырдың соңында капитализмнің империализм сатысына өтуіне байланысты аса ірі капиталистік мемлекеттердің сыртқы саясатының негізгі бағыттары мен мақсаттарын баяндап, оның басқыншылық сипатын ашып көрсету. Империалистік державалардың дүниежүзін қайта бөлу жолындағы соғыстарын нақты деректермен түсіндіру. Үштік одақ пен Антантаны құруға жеткізген келісімдердің сипатын ашып, екі одақтың арасындағы қайшылықтардың шиеленісуі. 1914 жылы Бірінші дүниежүзілік соғысқа әкеп тірегеніне оқушылардың назарын аудару.

Оқушылар тақырып материалын оқу арқылы басты капиталистік елдердің басқыншылық сыртқы саясаты, ол саясаттың мақсаттары мен мәні туралы және бұрынғы басып алған жерлерді сақтай отырып, дүниежүзін аумақтық бөлуге мүмкіндігінше кең түрде қатысуы және оны бөлу үшін күресі туралы нақты ұғым алады.

Көрнекі құралдар

“1870—1914 жж. Еуропа”, “1914—1918 жылдардағы Бірінші дүниежүзілік соғыс” карталары, сызбалар және кестелер.

Тәжірибе көрсеткендей тақырыпты оқушылармен әңгімелесу арқылы дәріс түрінде өтуге болады және оқушылардың оқулық мәтінімен, картамен, кестемен жұмысын ұйымдастыру да тиімді.

Сабақ жоспары

1. Дүниежүзін аймақтық тұрғыдан бөлуді аяқтау.
 - 1.1. Англияның және Францияның дүниежүзін бөлісуді аяқтауы.
 - 1.2. Германияның отарлар басып алуы, итальяндық отарлау.
 - 1.3. Жапонияның басып алу соғысы.
2. Өскери-саяси блоктардың құрылуы.
 - 2.1. Үштік одақтың құрылуы және оның міндеті.
 - 2.2. Антанта одағының құрылуы және оның міндеті.

Мұғалім 1-мәселені бірінші сабақта, қалғандарын келесі сабақта түсіндіргені дұрыс.

Жетекші ұғымдар және негізгі түсініктер

Империализм сатысындағы капиталистік мемлекеттердің басқыншылық сыртқы саясаты.

XIX ғасырдың соңындағы халықаралық қайшылықтардың шиеленісуі. Капитализмнің экономикалық өркенділігі, империалистік соғыс — әлемді аумақтық тұрғыдан бөлісу соғысы, одақтық шарт, “таза оқшаулану”, “шын жүректі келісім”.

Маңызды оқиғалар:

- 1877—1878 жж.** — орыс-түрік соғысы.
- 1894—1895 жж.** — жапон-қытай соғысы.
- 1904—1905 жж.** — орыс-жапон соғысы.
- 1895—1896 жж.** — Италия-Абиссиния соғысы.
- 1882 ж.** — Үштік одақтың құрылуы.
- 1907 ж.** — Антантаның құрылуы.
- 1911 ж.** — Италия-түрік соғысының басталуы.

Мұғалім кіріспе сөзінде басты капиталистік мемлекеттердің сыртқы саясатының және XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басындағы халықаралық жағдайдың тарихын ұғынудың қазіргі уақыттағы халықаралық жағдайды түсінудегі саяси-идеялық маңызын ашып көрсетеді.

Оқушыларға тақырыпты оқып-үйрену барысында төмендегі мәселелерді анықтау тапсырылады: капиталистік мемлекеттердің сыртқы саясатының сипаты, ең бастысы, оның басқыншылығы. Көрсетілген кезеңдегі халықаралық қатынастың айқын көрінісі, дүниежүзілік соғысқа киліктірген шиеленістердің сипаты, әскери блоктардың мәні.

1.1. Мұғалім тақырыптың бірінші мәселесін түсіндіргенде төмендегі кестені пайдалануына болады (Қосымша құжат материалдарынан).

26-кесте

Аса ірі капиталистік елдердің иелігіндегі отарлардың көлемі және халқының саны

Елдер	1875 ж.		1900 ж.		1914 ж.	
	Отарлар ауданы км ²	Халқы (млн адам)	Отарлардың ауданы км ²	Халқы (млн адам)	Отарлардың ауданы км ²	Халқы (млн адам)
Ұлыбритания	22,5	250	32,7	370	32,7	350
Франция	1,0	6	11,0	50	11,0	54
Германия	—	—	2,6	12	2,9	13
АҚШ	1,5	0,05	1,9	9	1,9	10
Жапония	—	—	0,003	2,8	0,3	19,2

Оқушылар дәрісті тыңдап, оны оқулықпен салыстырып қысқаша конспект құрады, оны сабақтың соңынан тексеруге болады.

Ұлыбританияның дүниежүзін бөлісуді аяқтауы және оны қайта бөлісуге ұмтылуын түсіндіргенде оқушылардың назарын отарлық иеліктерінің өскенін көрсететін 1-кестеге және картаға аударған дұрыс.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін төмендегідей қосымша деректерді келтіруге болады.

Консерватор Дизраэли және либерал Гладстон үкіметтері отарлық саясатқа екеуі бірдей үлкен көңіл бөлді. Шығыс дағдарысы жылдарында Англия Гибралтар бұғазы, Жерорта теңізі, Суэц каналы және Қызыл теңіз арқылы Үндістанға баратын қысқа теңіз жолын игере бастады.

Суэц каналы — XIX ғасырдың аса ірі гидротехникалық құрылысы. 1859—1869 жылдары салынған, барлық жұмыс қолмен атқарылды. Құрылыс кезінде 120 мыңдай адам қаза тапты. Бастапқы кезде канал компаниясы акциясының 53%-ын Францияға, ал Египетке 44% тиесілі еді. 1875 жылы Франция өз үлесін Англияға сатқан. Суретте: алдыңғы жағында Суэц — Қызыл теңіздегі порт, арғы жағында — Жерорта теңізіне шығар жол.

Кипр аралын жаулап алудың Англия үшін стратегиялық маңызы болғаны оқушыларға карта арқылы түсіндіріледі. Бұл теңіз жолында тек Суэц каналы ғана Англия бақылауынан тыс қалды. Оны 1875 жылы Мысыр монархынан (хедив) Дизраэли 50% акцияға сатып алды.

Каналды иеленуші француз капиталы қарамағына алған акционерлік қоғам болды, акцияның бір бөлігі Мысыр хедивіне қарады. Бұл каналдың теңіз жолдарындағы орнының стратегиялық маңызы карта-сызба арқылы түсіндіріледі (карта-сызбаны алдын ала тақтаға бормен сызуға да болады). Англия 1882 жылы Мысырды басып алды, бұл 70 жылға созылды. Мұғалім Англияның Африкадағы отар басып алуын картаны пайдалана отырып түсіндіреді. Африканы бөлісу үшін Англия мен Францияның бақталастығы XIX ғасырдың 80—90-жылдары басты мәселе болды. Жоғары Нілде ағылшын және француз әскерлерінің қарулы қақтығысы болып, ол соғысқа айнала жаздады. Африкадағы герман басқыншылығына байланысты екі жақ та өз қатынастарын реттеуді ұйғарды. 1899 жылы Англия мен Франция Африканы бөлісу туралы келісімге келді.



Суэц каналы

Францияның Африкадағы және Азиядағы жаулап алған жерлерін картадан көрсетіп, отарлау жөнінен Германияны анағұрлым басып озғанын айта келіп, енді Франция-Германия арасындағы бұрыннан бар қайшылықтардың үстіне (1870—1871 жж. жеңіліс) отар мәселесі жөнінен жаңа қайшылықтардың қосылуына оқушылардың назарын аудару қажет.

1.2. Германияның дүниежүзін бөліске салу бағытын ашып көрсетуде оқушылардың назарын мыналарға аудару ұсынылады:

— Германияның отарлар басып алуға кірісуі. Оңтүстік Батыс Африкадағы бірінші герман отарының пайда болуы.

— Германияның Еуропадағы үстемдік құру талабының күшеюі.

— Германия Африканы бөліске салу күресіне кірісті, бұл оны Франция және Англиямен қақтығысуға мәжбүр етті.

— Германияның Балқандағы, Таяу, Орта және Қиыр Шығыстағы өктем саясатының жандануы, Англиямен және Франциямен бірге Ресеймен арада да жанжал туғызды. Оқушылар Германияның басып алған жерлерін картадан көрсетіп, 1-кестені пайдаланып Еуропа мемлекеттерінің (Англия, Франция, Германия) отарларының көлемін салыстырады.

90-жылға қарай Германияның отарлары оның өз аумағынан 5 есе дерлік артты, бірақ ағылшын отарларынан 12 есе кем болды.

Мұғалім Италияның отарлар басып алуын оқушылардың оқулықтан өздіктерінен оқып, басып алған жерлерін картадан анықтаулары тапсырылады.

1.3. Мұғалім бұл мәселені оқулық көлемінде түсіндіреді. Оқушылардың назарын төмендегі мәселелерге аударады:

1894 ж., маусым — 1895 ж. 17 сәуірде жапон-қытай соғысы және оның нәтижесі.

1896 ж. — Ресей мен Қытай одағының мәні.

— Жапонияның билік етуші топтары басты назарын еуропалық үлгідегі жақсы қаруланған әскер және әскері-теңіз флотын қайта құруға аударды. Жапон басқыншылары үшін “Азия — азиялықтар үшін” ұраны “Азия — жапондықтар үшін” деген мағынаны білдіріп, идеологиялық басты қару болды.

Жапонияның басып алған жерлерін (Қытай, Кореядағы) картадан көрсетіп орыс-жапон соғысы Корея мен Маньчжурияны бөлісіп алу жолындағы империалистік соғыс болғанын ұғындыру.

2. Капитализмнің империализм сатысына енуі және экономикалық дамуының әркелкілігінің күшейе түсуі ХХ ғасырдың бас кезінде аса ірі капиталистік державалардың арасындағы қайшылықтарды шиеленістіре түсті. Бүкіл дүниежүзі екі әскери-саяси блоктардың аренасына айналды. Дүниежүзілік соғысқа империалистер дайындала бастады. Оқушыларға бұл мәселені өздіктерінен сыныпта оқу ұсынылады. Төмендегі сұрақтар бойынша әңгіме жүргізуге болады.

1. Екі әскери-саяси блок құрылуының уақытын, құрамын және атын анықтаңдар.
2. Үштік одаққа қатысушылардың міндеті.
3. Антантаны құруға әкелген қандай келісім? Оның мақсаты.
4. Империалистердің соғысқа дайындығының күшейе түскеніне деректер келтіріндер.
5. Әрбір жаңа қақтығыстың сипатын анықтаңдар.

Мұғалім әңгімелесу барысында сол жылдардағы халықаралық өмірдің бірқатар көріністерін қосымша ашып көрсетеді және нақтылайды. ХІХ ғасырдың соңында Еуропада соғысқа дайындалған “қарулы дүние” орнағанын атап көрсетеді. Әскери блоктарды құруды бастаушыға Германия жатты.

Мұғалім оқушыларды 1882 жылы 20 мамырда Венада Германия, Австро-Венгрия және Италия арасындағы жасалған құпия одақтың шарттары туралы құжат материалмен таныстырып мәнін ашып көрсетеді.

Франция мен Ресей арасындағы 1893 жылы күшіне енген әскери конвенциядан үзінді оқып, талдайды.

Мұғалім XIX ғасырдың соңы және XX ғасырдың басындағы империалистік соғыстардың себептері мен сипатын әңгімелеп, төмендегі мәселелерге түсінік береді:

- 1877—1878 жж.** — орыс-түрік соғысы және Сан-Стефано бітімшартының Балқан халықтары үшін тиімділігі.
- 1894—1895 жж.** — жапон-қытай соғысы және 1895 жылы 17 сәуірдегі Симоносеки қаласында бітімге қол қойылды.
- 1904—1905 жж.** — орыс-жапон соғысы империалистік соғыс болды.
- 1911—1912 жж.** — италия-түрік соғысы және Лозанна, Лондон бітім шарттары.
- 1913 ж.** — екінші Балқан соғысы, Болгарияның жеңілісі.

Үштік одаққа қатысушылар мен Антанта арасындағы жанжал барған сайын шиеленісе түскенін айтып, оқушылардың назарын ұлы державалардың жаңа соғыс техникасымен жедел қарулана бастағанына аударуға болады. Армия мен флоттың санын көбейтіп, оларды үйретті, соғыс авиациясын құрды.

1900—1913 жылдар ішінде еуропалық ұлы державалар соғыс мақсаттарына 90 млрд-қа жуық марка жұмсады. Осының нәтижесінде 1880—1903 жылдар аралығында олардың қарулы күштерінің құрамы 25%-ға ұлғайды, ал 1914 жылы тағы да 30%-ға дерлік өсіп 4,6 млн адамға жетті. Екі жақтың да империалистері дүниежүзін бөлісу үшін соғыс ашуды көздеп, тек қолайлы кезеңді күтіп отырды.

Бекіту үшін қойылатын сұрақтар

1. Англияның басып алған жаңа отарларын атап, картадан көрсетіндер.
2. Францияның басып алған жаңа отарларын атап, картадан көрсетіндер.
3. Жапония басқыншыларының бағыттары мен әдістері туралы айтып беріндер.
4. Германияның дүниежүзін бөліске салу бағытын ашып көрсетіндер.
5. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы соғыстардың сипатын анықтаңдар.

Үйге тапсырма. Хронологиялық кесте құру, конспект жазу.

§ 30. МӘДЕНИЕТТІҢ ДАМУЫ

Сабақтың мақсаты

Білімдік: Оқушыларға мәдениет дамуының экономикадағы, саясаттағы және әлеуметтік өмірдегі болып жатқан процестермен өзара байланыстылығын ашып көрсету.

XIX—XX ғасырларда ғылым жаңалықтары және өнер мен әдебиеттің дамуындағы жетістіктерді меңгерту.

Дамытушылық: оқушылардың ұғымын тереңдетуде хабарлама және баяндама дайындату, әдебиет пен өнер шығармаларынан, түрлі құжаттардан алған білімдерін пайдаландыру.

Тәрбиелік: аса маңызды дүниежүзілік мәдениет жетістіктеріне деген оқушылардың қызығушылығын ояту және арттыру.

Көрнекі құралдар

Жаңа замандағы шетелдер мәдениеті тарихының альбомы; суреттер, портреттер: XIX — XX ғасырларда ғалымдар, жазушылар, сазгерлер.

Сабақ жоспары

1. Ғылым мен техника.
2. Әдебиет пен өнер.
3. Музыка.

Сабақты дәріс түрінде немесе оқушылардың ізденісі түрінде өткізуге болады. Тақырыпты оқуды бастардың алдында оқушылар арасында бөлінетін баяндамалардың тақырыбын белгілеп, дайындалу тәртібі түсіндіріледі.

Жетекші ұғымдар және негізгі түсініктер

Ғылыми-техникалық прогресс, классицизм, романтизм, реализм, авангардизм, жаратылыстанудағы революция, импрессионизм.

Мұғалім тақырыпты түсіндірудің алдында XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басындағы елдер мен дүние бөліктерінің экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуын оқушылардың оқығандарын естеріне салады. Бұдан кейін тақырыпты атап, мазмұнымен, құрылысымен, оқу әдісімен оқушыларды таныстырады. Оқушыларға мына сұрақтарға қысқаша жауап беру тапсырылады:

1. XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысында дүниежүзі елдерінде қандай аса маңызды ғылыми жаңалықтар ашылды?
2. XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың өнертапқыштарды атаңдар.
3. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы өндіргіш күштердің тезірек дамуына не себеп болды?

Мұғалім оқушылардың жауабын тыңдап мәдениет дамуының, экономиканың, саясаттың және әлеуметтік дамуымен байланысын атап көрсетеді.

Мұғалім бұл мәселені дәріс әдісі арқылы жүргізеді және оқушылармен әңгімелесу арқылы пәнаралық (физика, химия, биология, т.б.) байланысқа назар аударады.

Оқып отырған кезең ғылымның дамуы үшін барлық салада терең зерттеулердің таралуымен сипатталады.

Жаратылыстанудағы революция физиктердің ашқан жаңалықтарымен тығыз байланысты болды. Ал ол басқа ғылымдарға үлкен әсер етті. Сол кезде жүргізілген физикалық зерттеулердің негізгі үш бағытын атауға болады:

- а) заттың құрылысын зерттеу;
- ә) энергия мәселесін үйрену;
- б) дүниенің жаңа физикалық бейнесін құру.

Мұғалім жаратылыстану ғылымындағы жаңалықтарды ретімен айтып түсіндіреді. Атап айтқанда, олар: материяның құрылысы, кеңістік, уақыт, қозғалыс, өсімдіктер мен жануарлар эволюциясы туралы түсініктерді түбірімен өзгертті. Ғасырлар тоғысында жасалған бұл жаңалықтар XX ғасырдың екінші жартысындағы ғылыми-техникалық революцияға (ҒТР) жол салды. Оқушыларға сұрақтар қоюға болады: жаратылыстанудағы революция қазіргі ғылыми-техникалық революцияға жол салғанына деректер келтіре аласыңдар ма? Оқушылар көптеген мысалдар келтіріп қазіргі техника сол кездегі ашылған жаңалықтардың нәтижесі екенін немесе одан кейінгі ғылыми жаңалықтар XIX ғасырдың соңы — XX ғасырдың басындағы ғылымдардың жетістігінсіз мүмкін емес екендігін айтады.

Бұл мәселе оқушылардың ізденісі ретінде жүргізіледі. Дайындалған баяндамалар оқылады. Оқушыларға тыңдап, қажетті мәселелерді дәптерге жазып, түсінбегендерін белгілеп және баяндаманың мазмұны туралы өз пікірлерін айтуға даяр отырулары ескертіледі.

Баяндама көлемі шағын (ұзақтығы 3—5 мин шамасында) төрт немесе бес баяндама түрінде болады. Баяндаманың тақырыптары мәдениеттің өркендеуіне үлес қосқан көрнекті тұлғаларға арналғаны дұрыс (мұғалімнің нұсқауы бойынша).

Теориялық мәселелерге түсініктер беріледі. XX ғасыр басында өнер мен әдебиет қайраткерлерін тек шығармашылық мәселелер ғана толғандырып қоймай, әлеуметтік әділетсіздік, империализм, соғыс — өмірдің барлық қайшылықтары толғандырды.

Оқушылар жасаған баяндамаларында көркем әдебиет қайраткерлері шығармаларының мазмұнына тоқталып, тұжырым жасап отырады.

Сабакқа қорытынды бөлімде оқушылардан жолдастары жасаған баяндамаларға баға беру сұралады. Дұрыс жасалған баяндамалардың мынадай белгілері болуы мүмкін: материалды тиімді іріктеп алу; қысқа уақытта мәдениет қайраткерлерінің шығармашылығын көрсете білу; әдебиетшілердің шығармашылығын айтқанда, сол кездегі тарихи кезеңнің ерекшелігімен байланыстыра білу; мүмкіндігінше көркемдік құралдарды тиімді пайдалана білу; айтқанда тілдің анық және нақты болуы.

Мұғалім өзінің қорытынды сөзінде оқушылардың жасаған баяндамасына қысқаша баға береді және аталған жазушылардың кітаптарын оқып, танысуды ұсынады (мүмкіндігінше).

3. Тақырыптың соңғы мәселесін оқушылар оқулық мәтінінен өздері оқып, көрсетілген кестені толтырады.

27-кесте

Композиторлар	Шығармалар	Мазмұны

Оқушылардың ойын дамыту үшін төмендегідей сұрақтар қоюға болады:

1. Дүниежүзілік музыка мәдениетінің қорын байытқан сазгер Иоганн Себастьян Бах шығармаларының ерекшелігі неде?
2. Музыкант Франц Шуберт өзінің әндерін, әсіресе қай ақын-жазушылардың сөздеріне жазған?
3. Неліктен Фридерик Шопенді “Мазурка королі” деп атаған?
4. Қайсы композитордың шығармасы ғұндардың Италияға басып кіруі туралы?
5. Музыканың зайырлы өнерге айналуы қандай данышпан композитордың есімімен байланысты?

Үйге тапсырма. Параграфтың соңындағы сұрақтарға жауап өзірлеу.

Көрсетілген кестені орындау:

28-кесте

XIX—XX ғғ. ғылымның негізгі жетістіктері

Медицина	Химия	Физика	Микробиология

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

I бөлім. XVII—XVIII ғасырлардағы дүниежүзі

§ 1. Англиядағы капитализмнің жеңісі және орнығуы	4
§ 2. XVIII ғасырдағы Ресей	14
§ 3. XVIII ғасырдағы Солтүстік Америка	21
§ 4. Ұлы француз буржуазиялық революциясы	26
§ 5. XVIII ғасырдағы дүниежүзі. Ағартушылық дәуірі	33
§ 6. Үндістан	36
§ 7. Осман империясы	41
§ 8. Қытай	45
§ 9. Жоңғар хандығы	49
§ 10. Жапония	55
§ 11. Иран	58
§ 12. Араб елдері	62
§ 13. Азия және Африка елдерін отарлау	66
§ 14. XVII—XVIII ғасырлардағы мәдениет пен ғылым	70

II бөлім. XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы дүниежүзі

§ 15. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Англия	74
§ 16. XIX ғасырдың ортасы мен XX ғасырдың басындағы Англияның саяси-экономикалық дамуы	78
§ 17. XIX ғасырдағы Франция	81
§ 18—19. Германия және Италия	85
§ 20. Ресей	88
§ 21. Америка Құрама Штаттары	94
§ 22. Латын Америкасы елдері	99
§ 23. Қытай	101
§ 24. Жапония	108
§ 25. Үндістан	114
§ 26. Осман империясы	119
§ 27. Иран	124
§ 28. Араб елдері	128
§ 29. Халықаралық қатынастар	134
§ 30. Мәдениеттің дамуы	140

Учебно-методическое издание

**Нугманова Нагима Сахановна
Кулипбаева Канимхан Токеновна
Бекиш Раухан Мухамедьяровна**

ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ

Методическое руководство

Пособие для учителей 8 классов
общеобразовательных школ

(на казахском языке)

Третье издание, переработанное, дополненное

Редакторы *А.Тажидзева*
Көркемдеуші редакторы *Д.Булатов*
Техникалық редакторлары *А.Садуақасова, И.Тарапунец*
Корректоры *Ж.Баймағамбетова*
Компьютерде беттеген *И.Алмабаева*

Баспаға Қазақстан Республикасының Білім және ғылым
министрлігінің № 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы
7 шілдеде берілген

ИБ № 3199

Басуға 25.05.12 қол қойылды. Пішімі 84x108^{1/32}. Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі “Школьная”. Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 7,56. Шартты бояулы беттанбасы 7,66.

Есептік баспа табағы 7,42. Таралымы 3000 дана.

Тапсырыс №

“Мектеп” баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй

Факс.: 8(727) 394-37-58, 394-42-30.

Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34.

E-mail: mektep@mail.ru

Web-site: www.mektep.kz